



**РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ**

*Жангелдин ауданының әкімдігі,
Жангелдин ауданының ішкі саясат бөлімі,
«Жастар» ресурстық орталығы қолдауымен
Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының
«Торғайдың Жангелдин мұражайлар кешені»
КММ-нің ұйымдастыруымен.*



**«Өшпес рухты тұлғалар»
аймақтық ғылыми-тәжірибелік
конференциясының
материалдарының жинағы**

Торғай, 2017

Жангелдин ауданының әкімдігі, Жангелдин ауданының ішкі саясат бөлімі, «Жастар» ресурстық орталығы қолдауымен Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Торғайдың Жангелдин мұражайлар кешені» КММ-нің ұйымдастыруымен.



**Өшпес рухты тұлғалар»
аймақтық ғылыми-тәжірибелік
конференциясының
материалдарының жинағы**

Торғай, 2017

Жауапты редактор-Сәрсекей Гулбану Кулетқыны

«Өшпес рухты тұлғалар» аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдарының жинағы

Осы басылымда «Алаш» орда 100 жылдығына және А.Байтұрсынұлының 145 жылдығына арналған авторлық ғылыми мақалалардың материалдары жарияланды.

Алаш қозғалысының қазақ мемлекеттілігіне әсері қарастырылып, жастарды патриоттық тәрбиелеудегі «Алаш» партиясының рухани мұрасының рөліне, қазіргі Қазақстан саясатының зерттелуі сондай-ақ А.Байтұрсынұлының тұлғасы болып табылады.

Жангелдин ауданының әкімдігі, Жангелдин ауданының ішкі саясат бөлімі, «Жастар» ресурстық орталығы қолдауымен Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Торғайдың Жангелдин мұражайлар кешені» КММ-нің шешімімен басылған.

Мақалалардың авторлары пайдаланылған ғылыми терминологияны жинау және пайдалану кезінде ұсынылған ақпараттың сенімділігіне жауап береді

Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Торғайдың Жангелдин мұражайлар кешені» КММ-сі.



Алғы сөз

Құрметті оқырман қауым!

Биылғы жыл Қазақстан халқы үшін тарихи жыл. Олай дейтінім арада 94 жыл өткеннен кейін қазақтың маңдайына біткен ер Кеңінің бас сүйегі туган жеріне жерленді. Сондай – ақ, Қазақстан жеріндегі тарихи орындар қайта жаңарып, Тәуелсіз мемлекетіміздің төрінен ерекше орын алуға. Енді міне Алаш партиясының құрылғанына бір ғасыр. Бұл айтулы тарихи оқиға Қазақстанның барлық аймағында кеңінен аталып өтуде. Сол кездегі алаш арыстарының ерен еңбектерін жас ұрпаққа насихаттау барысында әртүрлі деңгейдегі іс – шаралар біздің ауданда да өз кезегімен ұйымдастырылып келеді. Азаттықтың ақ таңын арман еткен бабаларымыздың мақсаты орындалып, бейбітшілік заманды кейінгі ұрпағы көріп отыр. Өз елінің азаттығын, тәуелсіздігін қорғаған, сол жолда өздерін құрбандыққа шалған, Қазақ халқының тарихында Алаш қайраткерлерінің алар орны ерекше. Олар өз ұлтының бостандығы жолында басын бәйгеге тіккен, туган елін отаршылдықтың бұғауынан босатып, тәуелсіз мемлекет құру үшін ақтық демі қалғанша күресті. Қазақстан тәуелсіздігі – ең алдымен ұлтымыздың ежелден бостандыққа деген асқақ рухының жеңісі. Азаттық рухы кең көсілген Арқадан кербез Алағауға дейінгі, алтын тамыр Алтайдан көрі Каспийге дейінгі аралықта ұланғайыр даланың ұлы оркениетін қалыптастырған бабтарымыздың қайсар мінезінің арқасы. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың “Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру” атты мақаласының негізгі бөлігі ұлт жаңдылыққа, Отан сүйгіштікке, патриоттық сезімді оятуға бағытталғандығын аңғаруға болады.

Алаштың ақтаңдақтары А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Ө.Бөкейханов, М.Жұмабаев сынды біртуар тұлғалар мәңгілік ел сөйде сақталады. Өскелең ұрпақ сол дана көсемдердің ерлік істерін үлгі тұтып, тәуелсіз мемлекетіміздің мызғымас мәңгі тірегіне айналады деген сенімдемін.

Біз азаттықты бір кездегі жоғалтқан дәуренімізге қайта оралу үшін алған жолық. Ол дәурен бүгінгі аламазат түгілі, біздің өзімізге де ілесе алмай, тарихтың қиян түкпірлерінде қалып қойды. Біз ол кезден мирасқа жеткен мұраларымызды мұқият менгеріп, жоғалтпаған даралық сипаттарымызды қалпына келтіріп, бірақ тек соған қанағаттанып қалмай, озып кеткен заман көшін қуып жетіп, сол кездегі еттегенайларымызды түгендеп, орнына келтіріп, ертең де, бүгінгі де, алыс болашақта да ұлт ретінде, ел ретінде жер бетінде қала алуымыз үшін жаңа аямай тер төгуіміз керек. Өзімізді өзіміз тыңдап, өзгеді есеміз кетпейтіндей болып, ар-намысқа тырысуымыз қажет.

Сөзімді қорыта келгенде айтарым, талай жерде құрсаққа жағып құрбан болып кете жаздаған тәуелсіздігімізді бәде-жаладан аман сақтағай, тұмырлы қылғай деп тілейік. Іргелі тілеулі ел бола білейік. «Қазақстан» деген атты биік мәртебеге көтерсің.

Ш.С.ОСПАНОВ
Жангелдин ауданының әкімі

**Құрметті конференцияға қатысушылар,
қадірлі қоңақтар!**

Алаш партиясының 100 жылдығына арналған ғылыми конференцияға қатысушыларды осы іс-шараның басталуымен шын жүректен құттықтаймын! Алаш арыстарын еске алып, ұлықтайтын тарихи маңызы бар осы конференцияның сәтті өтуіне тілектеспін.

Осы конференцияның Ахмет Байтұрсынұв, Міржақып Дулатов, Ахметсафа Жүсіпов, Мырзағазы Еболов, Сейдазим Қадірбаев сынды Алаш қайраткерлері атамекенінде — қасиетті Торғай өңірінде ұйымдас-тырылып отырғанына қуаныштымын. «Мектеп» баспасы осы конференцияға өз тарапынан үлес қосады. Конференцияға қағасты материалдарды жеке басылым түрінде шығаруға атсалысамыз. Себебі Алаш қайраткерлерінің атқарған еңбегін жас ұрпаққа жеткізу біздердің негізгі парызымыз.

Баршаңызға зор денсаулық, қажымас қайрат, шығармашылық табыс тілеймін.

Құрметпен, «Мектеп» баспасының Бас директоры Е.Ә.Сатыбалдиев

Пленарлық баяндамалар

**1937- ЖЫЛ: ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ТАҒДЫРЫ МЕН
ҚАСІРЕТІ**

Даркенов Қ.Ғ – т.ғ.к., профессор м.а.
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті. Халықаралық қатынастар
факультеті, Ресей Жаратылыстану
Академиясының профессоры.

Шығармашылық қызметтегі қазақ зиялыларының рухани-моральдық дағдарысы 1937 жылғы қуғын-сүргін жылдарында айқын көрінді. 1937 жылы әдеби көркем шығармаларымен елге танылған қазақ зиялыларын айыптау мен қуғындау бұрынғыдан бетер күшейіп, өзінің шартына жетті. Олардың шығармаларының әр жолынан, айтылған ой пікірлерінен ұлтшылдық пен байыршылықты, кеңес үкіметіне қарсылықты, теріс ниеттілікті көруге тырысушылар шықты. Тарих сахнасынан кеткен алашордашыларды айыптау, олармен бұрындары азды көпті қарым-қатынаста болғандарды немесе оларға жылы қабақ танытқандарды алашордамен байланысын үзбеген, алашорданың агенттері, иеттері бір деп кінәлау қалыпты іске айналды. Жазушылар шығармаларының күмәнді деген ой-пікір тауып, партия бағытынан, тап жолынан ауытқыды деп айыптады. Осылай жасау арқылы, бір жағынан, тап жауларын, халық жауларын әшкерлеуге үлес қосты. Екіншіден, партия саясатын, бағытын қолдау үстінде деген өзі жөнінде жағымды пікір тұтызу мақсатын көздеді. Тап жауларын әшкерлеу ісінен, жалпы елді қамтыған науқандан бір өкініштісі, қарапайым халықтан бастап, өкімет билігіндегі тұлғалар да тыс қалмады.

Бұрынғы көзден таса бола бастаған «алашордашылар ісі» 1937 жылдың басында тағы көтерілді. Қазақ КСР Халық ағарту Комиссары, Қазақстан Өлкелік партия комитетінің бюро мүшесі Т.Жүргеновтің «Мәдениет майданын талқандалған ұлтшылдықтың қалдықтары мен сарқыншақтарының тазартылуы» [1] деген мақала жариялауы, мәдениет саласында әлі де ұлтшылдардың қалдықтары мен оларға ниеттестер бар деген пікірдің жандануына себепші болып, ұлтшылдарды, олардың сарқыншақтарын іздеуді онан сайын күшейтті. Араға бір апта салып Р.Жаманқұловтың «Қырағалықты күшейтейік» [2] атты мақаласының жария көруі әдебиеттегі ахуалды ғана емес, ел ішіндегі саяси-идеялық ахуалды да одан сайын ушықтырды. Р.Жаманқұлов алашордашыларды «тап жауы» деп атады. Сонымен қатар, олардың агенттері әлі де бар деп жазды. Бұл «тап жауы» алашордашыларға ниеттес, пікірлес, үндес ақын-жазушыларды іздеу мен әшкерлеудің жаңа қарқында кезеңі бастап берді. Қазақ Өлкелік партия ұйымының да ұстаған бағыты мен іс шаралары бұл іске екпін қосты.

«Көркем әдебиеттегі ұлтшыл-фашистердің зиянкестігін түп-тамырымен құртайық» [3] деген тақырыппен шыққан мақала әдебиетшілер інінен ұлтшыл жауларды іздеуге жаңа қарқын қосты. Ақиқатында, мақала алашордашыларды қалыптасқан тәртіпнен алуымыз сынағанымен, негізінен олармен ниеттес, пікірлес, көзқарастары бір, буржуазияшыл-ұлтшылдармен ауыз жаласқан «ұлтшыл-фашистер» деп Сәкен, Ілияс, Бейімбетті айыптады.

Сәкен, Ілияс және Бейімбеттің күні өтсе бастағанын сөзді ме әлде әдебиет сахнасынан біржола шығарып тастау мақсатын ұстағанды ма, үшеуіне қарсы жазылған мақалалар баспадан түспеді. Осы кезде редакция тарапынан жазылған «Көркем әдебиеттегі қателер мен сапасыздықтар туралы» [4], «Қазақ жазушылары арасындағы дерттерге қарсы» [5] деп аталған мақалаларда, «... жазушылар шығармаларында қателіктер бар, жұмысшылардың, колхозшылардың өмірін білмейді, ескі тақырыптан шыға алмай жүр, халықтың құлапаны Троцкийді мақтайды» деген кемшіліктерді үшеуінің бетіне басты [6, 210 б]. Сәкеннің 1923 жылы жазылған «Қара бүркіт» (Арыстан Дәуітұлы – Лев Давидович Троцкийге) деп аталған өлеңі [7, 113 б] үшін ұзақ жылдар бойы оны ұздық сөздық кінәлау, айыптау тұрғысында бір басылып, бір көтеріліп жалғаса берді. Елден аластатылып, шегелге кеткен Троцкийге

арналған олең Сәкен үшін ескі жараның орнындай болды. Қайта қайта сыздап, жаңына батты. Сәкен шығармашылығына сын айтқан сыншылар ұмытыра беріп Троцкийге қайта соқты, қайта еске түсірді. Бұл жай Сәкенде де мазасыздандырды.

Осы уақыттағы ел ішіндегі саяси-идеялық ахуал шығармашылық интеллигенцияны рухани дағдарысқа дулар етті. Бір біріне сенбестік орын алып, олар бір біріне ғана емес, өз шығармаларына да күдіктене қарады. «Қашан, қалай айыптауға түсуіміз мүмкін» деген қорқыныш пен үрейдің жетегінде жүрді. Үрей мен қорқыныш, жалтақтық олардың белсенділігін төмендетті. Саясат жөнінде сөз айтудан қашқақтады. Шығармашылық жұмысқа сәлсіздік туды. Партия мен үкімет тарапынан берілген арнайы тапсырмаларды орындаумен шектелді. Бірақ, бұл да қырағы сыншылар назарынан тыс қалмады.

С.Сейфуллин өз өмірінің осы тұсын былай сипаттады: «Мен дәл осы кезде саясат туралы сөйлесуден бездім, тіпті кейбір жолдастармен жолығысудан қашқақтайтын болдым. Жалғыз ақ әдебиет мәселесімен араласқым келді. Мұнан да бірқалар шықпады. Бұл жолым да бірте-бірте мені сыртқа шығарып, ешнәрсеге араласпай қалуға айналдырды. Бұл сарыуайымшылық пен упадничестваға икемделді. Менің бұл халіме Кеңес өкіметінің жаулары «шоқ, шоқ» деп табылап масаттанып тұрғандай көрінді. Осы оқлар мені төмен тартты, дұшпандардың қыңқыл сөздері мені сарыуайымшылыққа салды. Менің кейбір шығармаларымда партия жолына қинаш кеткен жерлер тап осы кездің, осы секілді жағдайды жемісі еді» – деп жазды [8,138–139 бб].

Ақын-жазушыларды шығармаларынан, жеке бастарынан ілік табу арқылы қиналау, саяси-идеялық айыптауға ұласты, науқанға айынып кетті.

1937 жылдың мамырында «Социалистік Қазақстан» газеті бірнеше рет баспасөзде жариялағандай С.Сейфуллинді 5-7 сәуірдегі қаламгерлер шығармаларындағы кемшіліктерді жою жөнінде өткен жазушылар жиналысына қатыспады, осылай істеу арқылы жазушылар арасындағы қателіктерді жою ісіне араласпай отыр деп қиналады.

Жазушылар Одағы бастауыш партия ұйымының есеп беру сайлау жиналысына қатысып сөйлеген сөзі де өз басына қиындық туғызды. Жиналысқа қатысқан Сәкен, Ілияс және Бейімбет өз шығармашылықтары мен сыншылар сығына іліккен жіберілді делінген қателіктер жөнінде сөйледі. Әбден сынга ұшыраған Сәкен ахталып: «Бандитке (бұл арада Л.Д.Троцкий айтылып отыр) Сәкен өлең арнады дейді. Ол уақытта ол бандит емес еді, политбюро мүшесі еді. Оның бандит екенін білсем жазам ба? Сыншыларымыз осы жағын ескермейді. Сонымен қатар «Домбыра» туралы сөз болды. «Банды» деген кісіні жуу үшін 1924 жылы «Домбыраны» Троцкийге арнап бастым. 1928 жылы қате ескінін айтып өзім мақала жаздым. Журналға да жаздым. 1932 жылы КазПИ-де айтылды. 1932 жылы Жаманқұловтың баяндамасында да айтылды. Партия сайлауында да биыл арыз бердім. Қысты күні Крайкомға да арыз бердім. Сондықтан сыншылар датаны ескеруі керек еді. Енді сол үшін ұра беруі керек пе» еді деп ашына айтты [6,211 б]. С.Сейфуллин жан даусы шығып, әділетсіз сыннан ақталып сөйледі. Бірақ, байқағанымыздай ілік іздеген сыншылар осы жиналыста сөйлеген сөздерінде «Сәкен жолдас күні бүгінге дейін өз қателіктерін көрмей отыр» деп алған беттерін қайтпады.

Ілияс пен Бейімбет істің бет алысы ушығып кеткенді түргандығын байқадықтан да болар. Өз қателіктерін мойындады. Бейімбет «Менде үлкен қателер болғаны рас. ...Түзетуге шаралар іздебейін» деуге мәжбүр болды. Жиналыста қабылданған қаулы баптарына үшеуіне жеке жеке баптар арналып, егер алдағы уақытта осындай қателіктер жіберілетін болса, қатаң шара қолданылатындығы ескертілді. Қаулыға олардың (Ілияс, Бейімбет, Сәкеннің) зиянды кітаптарын таратудан алып тастау жөнінде бап енді [9].

Маусым-шілде айларында да Сәкенді айыптаған бірнеше мақала жарияланды. «Хлестакотың көркем әдебиеттегі тәсілің» қолданып өз бейнесін «революция ісі жолындағы күрескер» ретінде көрсетіп, «халық жаулары» өз достары Рысқұлов, Нұрмақов, Садуақасов, Асылбековты жағымды жағын көрсетіп жазды. Өзін-өзі және жауларды көкке көтеріп мақтау мақсатында «Тар жол, тайғақ кешу», «Домбыра» т.б. – «контрреволюциялық

шығармалары» жариялады, – деп айыптады [10]. Сәкенге ашық түрде «революцияға қарсы» шығарма жазды деп айып таға бастады. «Ұлтшыл-фашист» деген атауға да ілікті.

Сонымен қатар, сыннан көз ашпаған Сәкенді «шығарма жұмысы шабаңдап кетті, сонғы жылдары көрнекті ештеңе жазбады, жұртшылықпен қатынасы азайды» деп айыптады. Қазақ зиялылары, оның ішінде жазушылар арасында бірін-бірі саяси-идеялық жағынан айыптау, қиналау күшейіп көркін алған кезде, өзі сыналып жатқанына қарамастан Сәкен, «халық жауы» деп айыпталғандарға қарсы ештеңе жаза қоймады. Бірақ, бұл да назардан тыс қалмады.

«Сәкен жолдас халық жауларымен күнделікті күресудің орынына, олардың қылқытарына шектен асқан шымдамдылық істеп үндемей отыр. Қазірде, қазақ ұлтшылдығы ең басты жауы болып отырғанда, бұрынғы уқлондар, партияға қарым жіктер бір арнаға құйылып, ұлтшыл-фашистке айналып отырғанда, Сәкеннің тым-тырыс үндемей отырғаны, партия ұйымына жәрдем бермей отырғаны – партиялық міндетін толық атқармай отырғаны», – деп айыптады [11].

Осы кезде оң соғым әлі толық танымаған, есіндік ой-пікірі, дүниетанымы мен көзқарасы қалыптаспаған, жас ақын-жазушылар ғана емес, қазақ әдебиетінің танымал тұлғалары да әлсіздік көрсетті, пессимшілік жасады. Сонау, 1928 жылы басталған С.Мұқанов пен І.Жансүгіров арасында өзара сын, пікір айтудан туған жай, 1937 жылы шиеленісіп, ушығып кетті. Сәл шегініс жасасак, 1928 жылы Қазақ баспасының бас редакторы С.Мұқанов бастап шығарған І.Жансүгіровтың өлеңдер жинағына «Беташар» жазып, «таптық беті айқын емес» деп сын айтты. Оған наразы болған Ілияс «Бетім анадай емес, мынадай» [12] деп көлемді мақала жазды. Бұдан кейін де бірнеше жыл бойы үздік сөздік бірін-бірі сынаған, қиналаған бірнеше мақалалар жазылып, екі жақ та бірін-бірі жікпен, ұлтшыл деп айыптады.

Бірақ, замана бетінің қайда бұрылып бара жатқандығын байқады ма, Сәбиттің түсінісу ниеті бар екендігін білдіріп І.Жансүгіров «Кателесуге қарсы большевиктік сынды күшейтпейміз» [13] деген мақала жазды. Мақалада «өз өлеңдерінде байырлықтыққа, кейде үмітсіздікке салынғанын, кейде жаңа өмірдің жақсы жағын көре алмаған қателіктерін мойындады. Сәбиттің өзінің қателіктерін көрсеткенде артық кеткенімен бірге, дұрыс айтқандары да болды деп онымен түсінісуге қадам жасады. Өзара салқымдық лебі сейілген секілді болғанда, 1937 жылы зұлмат басталғанда С.Мұқанов И.Жансүгіровке қайта тиісті, аяусыз шұйлықты, Шығармашылығы ғана емес, жеке басым да талқыға түсті «Тарихи жауыңдан кейін» [14] деп аталатын мақаласында «Жансүгіровтың редакциясымен 1935 жылы Сүйінбайдың ұлтшылдық кітабы шықты. Ол кітаптың ішінде қазақты қырғызға өшіктіріп айдап салды» деп оның шығармашылығына айып тақса, жазушылардың жиналысында «...Жансүгіров екі баласымен әйелін қоя берді. Жіберіп қана қоймай, балаларына тиісті заңды ақшасын төлеп тұруды міндетім деп те билемді» [15] деп оның жеке басына, отбасылық ісіне араласып кіріп тақты. Бұл аздай-ақ С.Мұқанов «Кироттың өліміне арнап жазған өлеңінде саяси қате жіберді. Ол қатенің өзі де анау мынау қате емес, үлкен қате» деп саяси айып тағып, Ілиясты бұл қатенің жөндемеді деп синады [16].

І.Жансүгіровті айыптау саяси сипат алып, оның шығармаларынан жаулық көзқарас іздеудің күшейгені соншалық көркем шығармалары да бұрмаланып талқыға түсті. Кәріжан Дәуленов деген І.Жансүгіров жинағына ерекше шұйлықты. Ол: «Жинақтың ішіне ерте кезде ұлтшылдық идеологиясында жазған «Мерген мен бөкен» деген әңгімесін кіргізіп Жансүгіров қазақ еңбекшілеріне совет үкіметін жамандап, құбыжық етіп көрсетеді... Қазақ ұлтшылдарының ықпалына Жансүгіров те мықтап түскен. Сойтіп қазақ еңбекшілерін «бөкен», совет өкіметін «мерген» етіп суреттеген. Сөз жоқ, бұл – барып тұрған контрреволюциялық, совет өкіметі мен қазақ еңбекшілерінің арасына дұшпандық отаны жақлаушы болған алашордашылардың әрекетінен туған нәрсе.

Бұл кітап оқушыларымызға ешбір пайда бермейді, пайда беруі былай тұрсын, оқушыны теріс пікірге, алашордашыл контрреволюциялық идеяға қарай тартады. Мұндай қатар партиямызға жау элементтерге құрал болатын жинақ», деп жазды [17]. Мақала

1. Жансүгіровты совет өкіметіне қарсы, контрреволюциялық шығарма жазып алашордашыл идеяны халық ішінде насихаттап отырған сенімсіз күдікті адам ретінде ғана емес, беті ашық «халық жауы» ретінде көрсетті. Бұл сол құлмат жылдары өте ауыр саяси айыптау еді. Ияис жар шетінде тұрды. Арада екі апта өткенде тамызын 13-інен 14-не қараған түні Ияис тұтқындалды.

Қазақ әдебиетінің дамуына азды көпті үлесін қосып белгілі болып қалған көрнекті ақын жазушыларды, енді қалам басқан жас әдебиетшілерді де тап жауларына іш тартады, тап жауларымен байланысын үзбеген, шығармалары зиянды, кенестік қоғамға жат деген сипатта баспасөзде әшкерелейтін мақалалар жаңбырына жауды. Оған жазушылардың өздері де белсене араласты.

Жас жазушы Қаймақан Әбдіқалимов М.Әуезовты: «Мұхтар совет жазушылары қатарына кіргелі 5 жыл болды. Совет жазушысына істелінетін жәрдем оған түгел берілді. Мұхтар үш төрттеген тәуір еңбек те берді. Сонымен қатар, ескі уақытта, ұлтшыл, алашордашыл пікірде жүріп жазған зиянды шығармаларын жинақ қылып басқызып отыр. Ол туралы өзі жұмған ауызын ашқан жоқ. Сонымен қатар, бұрынғы алашордашыл ұлтшылдар фашизмнің агенті болып беті ашылғанда, солардың сырын ашарлық іс істемей, үндемей отыруының өзі – күдік. Меніңше, олардың көп сырын Мұхтар білуге тиіс еді. Беті ашылған жаулық тамырын қопара ашуға Мұхтар ат салысуы керек еді. Бірақ, оны Мұхтар істемей отыры деп бұрын алашордашылдармен бір болған, олардың сырын білетін Мұхтар, айыптап ештеме жазбай, үнсіз отыруына күдік келтіріп ойнады [18].

Осы мәңдес мақала арада шамалы уақыт өткен соң, «Қазақ әдебиеті» газетінде редакция атынан тағы басылды. «Әуезовтың сөзі мен ісі неге бір жерден шықпайды» деп алды да, «Әуезовтың советке келгеніне, совет жазушысы болғанына бес жылдан аса уақыт өтті. Бірақ, Әуезовтың бүгінге дейін ішкі советтік бағытта жазылған іліп аларлық бір шығармасын көре алмай отырмыз. Ол әлі 1932 жылғы үдесін қайталақтап, өмісі істе сынаптар, мен ұлтшылдық, байшылық пікірден мүлден қол үзген адаммын» деумен жүр. «...Әуезовтың 1932 жылдан бері жазған шығармаларынан іліп аларлық, советтік дерлігі ...Түңгі сарыны» да сол бұрынғы «сарыны» совет сахнасына шығаруға тырысқандығы.

Ал... «Алма бағында», «Тас түлек» пьесалары барып тұрған совет жастары өміріне жала жапқандық. Совет шындығына, жастар жұртшылығына суық қол сұққандық... Әуезов бұл пьесаларында астарлап отырып, совет жастарына күйе жағып, жаудың соймылын соғуға тырысатындығы айқын көрінеді. Бұл бұрынғы ашық байшылықтың, ұлтшылдығының бетін бүркемелеп, советтік шығарманың атын пайдаланғандық... Әуезов бірлі-жарым шығармасында ғана «кәтелесін» отырған жоқ, совет жұртшылығына, совет жастарына жала жауып, ескілікті дәріптегенін оның барлық шығармаларынан көрсізі» [19]. Бұл – М.Әуезовты бұрынғы алашордашыл бетінен қайтпаған, бұрынғы ұлтшылдық сарыны, бір сарын, өзгермеген деп, А.Байтұрсынұв, М.Дулатов, Ж.Аймауытов басқа да ұлтшыл, алашордашыл деп таңба таңылаған қазақ зиялылары артынан жіберуді көздеген мақала еді.

С.Мұқанов С.Сейфуллиннің «кәтеліктер жіберіп, сүрінгенін», Майлин мен Дөңгентаевтың революцияның алдыңғы жылдарында халық жауы алашорданы мақтап кәтелесуін, «Майлиннің қатесі Сейфуллиннен тереңірек» болғанын, ал «Сәбит Дөңгентаев алашорда мәселесінде Майлиннен де ауыр адасып, совет әдебиетіне келгенінің айтып келеді де, ... былай тұжырымдайды:

«Мұхтар Әуезовтың советтік тарих алдындағы кінәсі бұлардан әлдеқайда ауыр. Егер оның 1932 жылғы баспасөз бетінде жарияланған хатына сенсек аталған жылға дейін ол марксизм-ленинизм жолына саналы түрде қарсы бол, сол жолдың өркендеуіне бөгет болуға «тырысқан кісі» деген пікірді ұстанды [20, 119 б; 192-194 б].

Айыптаған, сынаған мақалалар газет-журналдарда күн құрғатпай басылды. Дихан Әбішев те «...Зиянкес элементтерден баспасөз орындары әлі де түгел арылып біткен жоқ» деп зиянкестердің атын атап, түсін түстеді [21]. Сонымен қатар ол «Мұхтар өзінің «Ескілік кәленесінде» деген қате әңгімесер жинағын бастырып, ірі қате жасады. Бұл қатесін Мұхтар ісімен түрәтуі керек» деп М.Әуезовты да сынап өтті [8,83 б].

Х.Жүсіпбеков те қырағылық танытты «...Соңғы кезге дейін Жазушылар ұйымының көркем әдебиет баспасының саяси бейжайдығын, ашыққауыздығын пайдаланып, халық дұшпандары Сұлтанбеков, Жұмабақтар көркем әдебиет аудармасын алып келген, Уалиханбетов, Қоңыратбаев, Айсариндер бір кезде Жазушылар ұйымының басқарушы ісіне дейін араласып жүрген. Беков, Гатаулиндер әдебиет маңында болып келген. Осы жауыздардың көркем әдебиетке істеген қаскүнемдіктері аз емес. Сондықтан біздің ең басты міндетіміз – контрреволюцияны қазақ ұлтшылдығымен, оған ымырашылық жасаумен еңібір ауусыз күресіп отыруымыз керек» деп ұлтшылдарды әшкерлеу ісіне араласты [22].

Заманның өзгерісі желінен көркем белсенділік танытқысы келді ме, әлде басқа ішкі есебі болды ма Жұмағали Саин одан да қатты кетті. «Халық жаулары, фашизмнің қарғылы төбеттері шаруашылық, мәдениет құрылысымыздың бір ғана бөлігіне зиян жасап қойған жоқ, олар өздерінің екіжүзділік сұрқиялылығын пайдаланып, әр жерге-ақ қиыңат жайғысы келді. Олардың сұр күштері Тоғжанов, Жансүгіровтер осы күнге дейін көркем әдебиет майданында орын алып келді» деп Тоғжанов пен Жансүгіровты ашық түрде «халық жауы» қылып шығарды [23].

30 жылдардың екінші жартысында қазақ әдебиетіне өзіндік қол таңбаларын қалдырған көрнекті тұлғалардың өзі рухани моральдық дағдарысқа түсті. Бұрын бірін-бірі шығармаларындағы талтық, саяси-идеялық көзқарастары бойынша сынса, енді бір-біріне ашық түрде жала жапты, кінәсіз екендігін біле тұра айыптады. Ақиқатында, арқайсысы өз қара бастарын қорғауға жаналасты. Бұл адамдар арасындағы жамап қасиеттерді принципсіздікті, жалтақтықты, жағымпаздықты, жаңы ашымастықтықты өршітті. 1937 жылғы репрессия бұрыннан бықсыған шаланы үрледі. Бұрынғы жікшілдік, жершілдік, рушылдық, бақталастық жаңа сатыға көтерілді. Енді өз қызметтестеріне саяси айып тағуға, қуғындауға тікелей араласты. Репрессияны қолдады, жазалау шараларына баспасөзде үн қосты. Бүгін біреуді айыптағандар, ертең өздері айыпталды. Оларды ұсталамын ау деген, үрей мен қорқыныш биледі. Адамды басқарар не болса о болсын, қалай болса да тірі қалсам ау деген құлдық психология жеңді. Әсіресе, «жалақорлар ... басөсуғалау қамында болды. «Қырағылығың кем» деген айыптауға ұшырап, креслодан сыпырылып қалармын деп қорықты. Атақ үшін неден болса да тартынбады, адал адамдарды жәбірлеуге, жылатуға, айдаптып, аттыруға барды. Басқаларды әшкерлеп, еңбек сіңіріп жүрген адам ретінде көрініп, қолды болмауға, лауазымынан айрылмауға тырысты. Сөйтіп, өз бастарының амандығын қарастырды» [24,92 б]. Айыптау мен жазалау шаралары қазақ интеллигенциясын әбден үрейдің жегігіне жеткі. Олар қинатты көре тұрса да үндемеді, бірін-бірі кінәсіз еді деп ақтауға, қарсылық білдіріп дауыс көтеруге қорықты. Академик, тарихшы Р.Б.Сүлейменовтың «30-шы, 50-ші жылдардағы репрессияның табы бүгінгі күнімізден де сезінетіні – шындық. Кінәсіз, жосықсыз қудалау біздің интеллигенцияны зәреп қылғандығы сонша, үрейдің өзі мұра сияқтыны, бір ұрпақтан екіншісіне жалғасып келеді [25]» деп жазғаны тарихты таразылау ғана емес, ақиқат екендігі де талас тудырмайды. Е.Мүсіреповтың өзіне «Жиырмамыншы-отызмыншы жылдар ... оңай соқпаған тәртізді. ... бүгін болмаса – ертең, ертең болмаса – бүгінгіні айдалып кетемін деп ойлаған. Сондықтан, бір-екі нар таза күнім, беторамал, чулық, ұстара, сабын, тарах және басқа аса қажет дүниелер салынған жол чөмоданын босағаға сүйеп қойып, екі көзі есікте болған. Ерте ме, кеш пе – ұстала қалған күндері тергеушілер жармасады-ау деген туындыларынан алдын ала бас тартып, күдіксіздікті жазбаларында өз пайласына шешілетін пікірлер жазып отырған. Бір ғажабы, ешқандай дау туғызабау үшін, бұрмалап аудармау үшін кейбір пікірлерін, «моңғайдауларын» орыс тілінде жазған. Мысалы, латын әріпімен басылған «Қыз Жібек» драмасының үшінші бетінде өз қолымен жазылған мынадай сөздер бар: «Прошу всех, мужчин и женщин, настоящих и будущих», т.е. ныне здравствующих и будущем рождающихся, если эта глупелиция вещь попадает кому-нибудь в руки, не читайте ее дальше этой страницы. Написаны мерзко, глупо, бездарно, даже бессовестно!» Автор Мусрепов»

[26.42-43 66]. Бүгін болмаса ертең ұстадам деген қауіп пен үрей тек қана Ғ.Мүсіреповтің емес, барлық қазақ зиялылары басынан өтті.

Ақиқатында, 30 жылдары жазалау шаралары қарқын алғанда жалпы қазақ интеллигенциясы, оның ішінде шығармаларымен танылып көзге көрініп қалған, айыптау нысанасына іліккен шығармашылық интеллигенция қорқыныш пен үрейдің жетегінде жүрді. Қайтсем аман қалам деген пәнділік сұрақ басты орынға шықты. Сонымен қатар, шынымен «халық жауы» шығар, партия мен НКВД қателеспейді деген түсінік те болды. Содан да, шығар троцкистерді айыптауға қазақ интеллигенциясы өкілдері де үн қосты.

Москвада 1937 жылдың 23-30 қаңтарында «Антисоветтік троцкистік орталық» ісі бойынша Пятаков, Сокольников, Радек т.б. соты өтіп, олар атылу жазасына кесілді. Осы кезде І.Жансүгіров Пятаковтың ағам жазасына кесілгенін қолдап, осы 1937 жылдың 2 ақпанында «Кек» деген өлеңін жариялады. Онда:

Бәрежелді, халқым соты, жақсы айттың!
Билігіңмен жұрт ашуын жұбаттың.

Халқым сүйген Сталинді атап болған

Әсіресе Пятаковты жақсы аттың! – деп жазды [27]. Ал, арада шамалы уақыт өткен соң

І.Жансүгіровтің өзі де «дәлгішыл-фашист» деп айыпталып тұтқындалды, атылды.

37 жылдың дүрбелені кезінде «халық жаулары» ұсталып, дүркін дүркін сөт өтіп жатқанда баспасөзде бұл шараны қолдаған мақалалар, өлеңдер жиі жарияланды. Халық жауларын әшкерлеу мен жазалауды партия саясаты деп түсінген интеллигенция қалмас қалмады, қолдауға мәжбүр болды. Ж.Жаббаев «Кекті ашу» деп аталатын жырында Троцкий, Зиновьев, Каменевтерді «ит, кара бет, қасқыр» деп не бір сөздермен төпелесе, жырдың соңында оларды «атылсын!», «Жасасын күнім Сталин!» деп аяқтайды. Ал, «халық жауларын» тауып жазалаған, кейін өзі де осы жазалау машинасының құрбаны болған сталиндік Нарком Ежовқа өлең арнады:

Гүл жайнап, сән түзген қала, дала
Алтын зер шапан киген сай мен сала.
Сүйсіді Стад бәрі Ежов жолаас,
Еліңде Қазақстан қарт пен бала.

Мұның өзі тоталитарлық кезеңнің ащы шындығы болумен қатар, қазақ зиялыларын тағдыр талқысына, әрі тәлкегіне салған тарихтың қасіретті бір кезеңі. Өрине, біз 37 жылдың зұлматына байланысты қазақ зиялыларының бірін ақтау мен екіншісін кінәлау, айыптау мақсатын қойып отырған жоқпыз. Солай болғанмен, тарихтың доңғалағы кері айнамайды. Тарихтың өткенін таразылау, одан сабақ алу бүгінгі күннің еншісінде. Сонымен қатар, өткен 30-шы жылдардың қаралы тарихынан аздай көпті хабары бар жан «неге, бұлай болды» деген сұраққа жауап іздейді. Бізде қосыламыз.

Әдебиеттер:

1. Жүргенов Т. Мәдениет майданын талқандаған ұлтшылдықтың қалдықтары мен сарқыныштарынан тазартайық // Қазақстанская правда. 1937, 11 қаңтар.
2. Жаманқұлов Р. Қырағылқты күшейтпейік // Қазақ әдебиеті. 1937, 18 қаңтар.
3. Редакция тарапынан. Көркем әдебиеттегі ұлтшыл-фашистердің зиянкестігін түп-тамырымен құртайық // Әдебиет майданы. 1937, №3.
4. Редакция тарапынан. Көркем әдебиеттегі қателер мен саласындықтар туралы // Қазақ әдебиеті. 1937, 9 сәуір.
5. Редакция тарапынан Қазақ жазушылары арасындағы дерттерге қарсы // Социалистік Қазақстан. 1937, 28 маусым.
6. Бейсқұлов Т. Жанталас өмір. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2008. – 320 б.
7. Махат Д. Қазақ зиялыларының қасіреті. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2001. – 304 б.
8. Қожақеев Т. Қым-қуат іздер. – Оқу хуралы. Алматы, «Санат», 1999. – 400 б.
9. Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты. к.708 тізбе 1. іс.931.
10. Редакция тарапынан. Көркем әдебиеттегі ұлтшыл-фашистердің зиянкестігін түп-тамырымен құртайық // Әдебиет майданы. 1937, №7.

12

11. Абдіқадыров Қ. Біздегі болған қателер // Қазақ әдебиеті. 1937, 13 тамыз.
12. Жансүгіров І. Бетім амадай емсе, мынадай // Еңбекші қазақ. 1928, 5 сәуір.
13. Жансүгіров І. Қателесуге қарсы большевиктік сынды күшейтміз // Социалды Қазақстан. 1932, 12 ақпан.
14. Мұханов С. Тарихи қауымдан кейін // Қазақ әдебиеті. 1937, 26 сәуір.
15. «Әзара сын және «құсақ» жан туралы». Редакция мақаласы. Қазақ әдебиеті, 1937, 23 мамыр.
16. Редакция тарапынан. Бас мақала. Жазушылар ұйымының көркемөнер комитетінің елеусіз қалған жұмыстары // Лениншіл жас. 1937, 12 сәуір.
17. Дәуленов К. Барып тұрған зиянды контрабанда // Қазақ әдебиеті. 1937, 30 шілде.
18. Редакция тарапынан. Әдебиеттегі троцкистік-бухариншіл ұлтшыл – фашист зиянкестерін жеріне жеткізе құрту керек // Қазақ әдебиеті. 1937, 13 тамыз.
19. Редакция тарапынан Әуезовтың сөзі мен ісі неге бір жерден шықпайды // Қазақ әдебиеті. 1937, 20 қазан.
20. Кәкішев Т. Шығармалары. – Алматы: «Ана тілі» баспасы. – 2007. – 336 бет; Кәкішев Т. Ескермейді естелік. – Алматы: Жазушы, 1994. – 432 бет.
21. Әбішев Д. Баспасөз орнындағы пірік либералдықты құрту керек // Қазақ әдебиеті. 1937, 23 тамыз.
22. Редакция тарапынан. «Жұнақтар» туралы немесе алашорда контрабанданың тағы бір // Қазақ әдебиеті. 1937, 14 шілде.
23. Санн Ж. Жастарға теріс идея беретін кітаптың түкке де керегі жоқ // Қазақ әдебиеті. 1937, 31 тамыз.
24. Зауал. Мақалалар, естеліктер. – Алматы: жазушы, 1991. – 272 бет.
25. Редакция тарапынан. «Тарихтың әр парағы қымбат бізге». дөңгелек үстел материалдары // Социалистік Қазақстан. 1988, 25 тамыз.
26. Мырза Әли Қадыр. Иірім. – Алматы: Атамұра, 2004. – 360 б.
27. Жансүгіров І. Кек // Социалистік Қазақстан. 1937, 2 ақпан

АЛАШ ӘДЕБИЕТТАНУШЫСЫ МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІК ИДЕЯСЫ

Айгүл Мұхамедсерікқызы Ісімақова,
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Бас ғылыми қызметкері, филол.ғ.д., профессор

Азырақ сөзге құлағың сал, ақын інім! Опымыз, рухымыз жақын, інім. Ағалық правосып қолыма алып, келемін айтайын деп ақыл, інім. Өзімді ағамның деп үлкейтемін, онымды көрмейсің мақұл, інім! Адақан ағаңыздың жері болса, тілеймін ете гөр деп гафу, інім! Жай жатсаң жанылмайсың, аласпайсың, күресте кім кетпейді қапыл, інім! Ат қойған аз-қобіне қарамастан, ақылға біздер жарлы, лақыр, інім! Доңыздай талғамай жеп семіргендер, саналып ақылдыға жатыр, інім! Сүйікті мигізатыңа болам десең, нашардың көбірек же хақың, інім! (А.Байтұрсынұлы).

«Ояң, қазақ!» деп Алаштың ұранын жырлап өткен Міржақып Дулатұлы қазақ ғылымына орған зор үлес қосып кеткен тұлға. Көзіңді аш, ояң, қазақ, көтер басты, Өткізбей қараңғыда бекер жасты. Жер кетті, дін нашарлап, хал Һараб боп, Қазағым, енді жету жарамас-ты (М.Дулатұлы).

Екі жасында шешеден, он екі жасында әкесден қалған Міржақып сол кездегі дәстүрлі білімді алған. Өуелі мұсылманша, одан кейін 1880 жылдары ашылған Ыбырай Алтынсарыұлының мектебінен өткен; Торғай қаласындағы уездік орыс-қазақ училищесін

13

тамамдаған. Одан кейін Асқар ағасының тәрбиесінде болады. Омбы мен Қарқараыды Ә.Бөкейхан мен А.Байтұрсындының мектебінен өтеді. Саяси көзі ашылған М.Дулатұлы 1907 жылы Петербургте шыққан «Серк» газетінде «Жастарға» деген ұран-өлеңмен серпіліс тудырады. «Оян, қазақ!» Уфадан 1909 жылы жарық көреді. Күні бүгінге дейін бұл қазақ үшін басты рухани ұран болып келеді. Алаш саясаткері, қоғам қайраткері, әдебиетші, ғалым, ақын, тұңғыш қазақ романының авторы М.Дулатұлының әдебиеттанулық мұрасы арнайы тұңғыш рет сараланып отыр. Оғаны үшін жазықсыз репрессияға ұшыраған ғалымның мұрасы тәуелсіз ғылымның басты шешісі болып табылады.

Әдебиетші М.Дулатұлының осы өлеңіндегі азаматтық тұрғы оның бүркеншік есімдерінен анық аңғарылады: Арғын, Торғайлық, Турғайский, М.Дулатұлы, Мадияр, Алашұлы Азамат, Азамат Алашұғлы, Азамат, Торғайұлы, Түрік баласы, Таймынер, Тайбағар, Алақаз, Қолғанат.

Алаш азаматы М.Дулатұлы – қазақ әдебиеттануы ғылымына нақты үлес қосқан тұлға. Енді осы ғылым мұраны бүгінгі тәуелсіз әдебиеттану тұрғысынан зерделеп шығайық.

М.Дулатұлы «Абай» мақаласында «Олаш, 23.IV.1904» деп ақынның өлген жылын анықтап жазған. Абайдың қайтығына 10 жыл болу қарсаңында («Қазақ», 1914 жылы № 67 санында) жарияланған. «Қазақ әдебиетінің атасы, Хәкімінде тарихи аты алтынмен жазылдықы Абай Шыңғыс тауында туып, Шыңғыс тауында алпыс жыл өмірін өткізіп, сол Шыңғыс тауында өлді»¹.

Абай туралы 1904 жылы Омбыда Ахмет Байтұрсындыдан естігені, Ә.Бөкейхан бастауымен 1909 жылы Абайдың балалары ақын кітабын бастырып, Петербурдан шығарғаны сөз етілген.

«Абай сынды ақынның кәдірін білмеу қазақ халқының зор кемшілігін көрсетуге толық жарамай, себебі, қазақ басқа жұртпен үзенті қағысып, тең халық болып жасай алмауы – тарихы, әдебиеті жоқтығынан. Тарихы, әдебиеті жоқ халықтың өмір сүруі, ұлттығын сақтап, ілгері болуы қиын. Әдебиет, тарихы жоқ халықтар басқаларға сіңісіп, жұтылып, жоқ болады»². Осы тұста М.Дулатұлы: «Әдебиет не үшін керек, ол нені көрсетеді?» деген сауалға жауап береді: «Қандай жұрттың болса да, жаны – әдебиет, жансыз тән жасамас емес. Қайдан өрбігенін, қайдан өскенін, ата-бабалары кім болғанын, не істегенін білмеген жұртқа, бұл талас-тартыс, тар заманда арнаулы орын жоқ». Әдебиетші «Абайтану не үшін керек?» деген сауалға: «Сондықтан Абайдың аты жоғалуы, мұнан кейін де шығатын Абайлар сондай ескерусіз ұмытылу ықтималы қазақтың жоғалуымен, қазақ атты халықтың ұмытылуымен бірдей», – дейді. Бұл біздің Абайға реакция жасап жүрген дүмш философиямызға жауап бергеніміз. Себебі, «Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіш – Абай сөзі, Абай аты боларға керек»³. Абайдың қазақ әдебиеті тарихындағы орны былай анықталған: «Бәлкі, мұнан кейін Абайдан үздік артық ақындар, жазушылар шығар, бірақ оң жоғары, ардақты орын Абайдыкі, қазақ халқына сәулесі беріп, алтауы атқан жарық жұлдыз – Абай». Орыс халқына «балшықтың баласы» Ломоносов есімі қандай болса, бізге де Абай сондай болуы тиіс деп санайды Алаш әдебиетшісі. Сол кездері Абайды таңға арналған ресми істер осы мақалада аталған. Оның бірі ретінде Семейдегі бірінші әдебиет кеші болып, «нам бірінші қазақ әйелі Назифа ханым Құлжанова жамататынын майданға түсіп, берген ернегі еді»⁴.

Міржақып Дулатұлының келесі сөздері бізге арналғандай, себебі біз Абайды соке алу жындыларың өткізгенде есте сақтайтын мәселе осы ретте нақтыланған: «Біз бүгін ардақты ақынның, марқұм Абайдың рухына дұға қылып, қараңғы заманда шырақ жаққан басшымыздың есімі, құрметі, терең мағыналы асыл сөзі атадан балаға, немереден шөбереге үзілмей сақталуын тілейміз. Зарсәйі шүбе етпейміз. Абайдың өлген күнінен қонша

алыстасак, соншы рухани жақындармыз. Үнемі бұл күйде тұрмас, халық ағарар, өнер-білімге қанар. Сол күндерде Абай құрметі күннен-күнге артылар, «Бірінші ақынның» деп қабірін халқы жиі-жиі зиярат етер, халық пен Абай арасы күшті михаббатпен жалғасар. Ол күндерді біз көрмеспіз, бірақ біздің рухымыз сезер, қушар»⁵.

1908 жылы жарық көрген «Ибраһим ибн Құнанбасв» мақаласында («Уақыт» № 383) Абай кім болғаны айтылған. М.Лермонтовтың «Жалғыздық» өлеңінің қазақша аудармасын Абай қашай жасағаны, неге осы өлеңді таңдағаны сөз етілген. «Өлеңдері естіксінің жүрегін жігерлендірерліктей табиғи болып, шығармаларының асыл негізі Лермонтовқа үндес. Мәжілісінде болған кісілердің айтуынша, тілі ләззатты, араб, парсы, түрік, қалмақ тілдерінен хабарлар, тарих, география пәндерінен мағлұматы кеп болып, танымды, ауқымды еді».

Абай қандай адам болды? «Адамшылық оя-қиялы өте таза, ұлтжанды, елің-жерің сүйген кісі еді»⁶. М.Дулатұлы таңдап алып келтірген Абай өлеңі өзіне үндес өлеңі «Оянбай, қайран жұрт» деген сөздерден де көрініп тұр: «Қуатты отпай бұрқырап, үзілсе салып – тізілген. Жанбырамы жайдай зырқырап, көк бұлттан үзілген. Қайран тіл, қайран сөз – наданға қадірсіз, Тәуекел мен батыр ой, өткір тілді найза етіп, сайысып-ақ басты зой, неше түрлі айла етіп. Оянбай, қайран жұрт, ұялмай, қан жым-жырт! Ақылмен ойлап айтқан сөз – бойыңа жүрмес, сырғанар. Ынталы жүрек сезген сөз – бар тамырды қуалар. Ән салар, жеткі алап, түбінде құр қалар» («Уақыт», 1908 ж., № 383)⁷.

М.Дулатұлы «Алаш ғалымдары сияқты асыл сөз – қазақ елінің тарихы, оның жаны туралы болу керек» деп санаған.

Әдебиетші «тарихты білу керек» деген міндетке байланысты М.Дулатұлы «Хан Абылай», («Айқап», 1912, № 12) «Қазақтың тарихы» («Қазақ», 1913, № 7; «Қазақ», 1913, № 3; «Қазақ», 22 март 1913, № 7) атты еңбектерінің ғылым мәні зор.

«Хан Абылай» мақаласында Абылай туралы деректер әдеби мәтінмен дәлелденіп отырылады: «Кеше Кеңесары заманында шыққан Тобылбай бидің баласы Арыстан ақынның айтқаны да бар: «Қылады Мақаржада байлар сауда, топ бұзар батыр жігіт қатың жасада. Сұрасан Абылайдың тұрған жері – хан болған қырық сегіз жыл Көкшетауда»⁸.

Қазақтың ханы Абылай XVIII ғасырда туылып, Көкшетау деген жерде, «қазақ жұртына 48 жыл хан болып тұрды» деген дерек осылай айғақталған. «Бұл күнге шейін қазақ жұртында Абылайдың анық аты-жөнін білуші кем», – деп мойындаған әдебиетші ханның ата-тегі, шыққан ортасы туралы сол кездегі белгілі тарихи деректерді келтірген.

Төренің жас кезінде әркімнің малын баққаны, «Сабалақ» есімін не себептен алғаны айтылған. 20 жасар Абылайдың жылқышы болып жүргенінде қалмақтармен соғыста аты шыққан: Қазақ батырлары жетіліп, қайтпақшы болған тұста: «Қазақтың қайтарына көзі жетіп, тонтан белініп онаша шығып, атынан түсіп, шүберек болсуін құрығын басқана байлап ту қылып: «Абылай, Абылай!» – деп ұран шақтырып, қалмақтың қамалына жалғыз өзі кірген де кеткен. Бақыт жылдызы жанайын деп тұрған шағы! Атқан оқ, шапқан қылыштан Алла сақтап, кірген жерін есік, шыққан жерін тесік қылып, қалмақтың қамалын бұзып, жылқыны дүркіретіп қуа бастағанда, қазақтың батырлары да қайраттанып қосыла шауып, қалмақты қылып ала қан қылып, шаш стектен олжаға батып қайтады»⁹. «Абылайдың Қызылжардағы «Абылайдың ақ үйі» қашан, қандай мақсатпен, кім салып берген?» деген мәлімет те осы тұста айтылған¹⁰.

Тарихшылар қол таңдаған тұс туралы былай делінген: «Абылайхан Самарқанд шаһарының бетіндегі Жұпар қорығына түсіп, алғаш қонған түні түс көрін, ертеңіне қасындағы түс жоритып қарисына жорытады: «Түсімде шапырымның алдына бір жолбарыс келіп шөгіп жатып алды. «Бұл не қылған жолбарыс?» – деп таңғалып қарап елім, әлгі

¹ М.Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том. – Алматы: Мектеп, 2003. 191-б.

² М.Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том. – Алматы: Мектеп, 2003. 31-б.

³ М.Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том. – Алматы: Мектеп, 2003. 44-б.

⁴ М.Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том. – Алматы: Мектеп, 2003. 48-б.

⁵ М.Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том. – Алматы: Мектеп, 2003. 50-б.

⁶ М.Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том. – Алматы: Мектеп, 2003. 51-б.

¹ М.Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том. – Алматы: Мектеп, 2003. 189-б.
² М.Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том. – Алматы: Мектеп, 2003. 190-б.
³ М.Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том. – Алматы: Мектеп, 2003. 190-б.
⁴ М.Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том. – Алматы: Мектеп, 2003. 191-б.

жолбарысым аю болып кетті. ...Жаңа жолбарысы еді ғой, қалайша аю болып кетті деп, екінші қарағанымда қасқыр болып, онан соң түлкі, ақырында қоян болып кетті. Осы көргендеріме тағалым жатқаныма, оялып кеттім», – деді. Сонда қария: «Жолбарысы көрсен, басыннан бақыт қасы ұшқаны, бағдыдан бері бетің қайтпай жүріп, енді жасын жеткен шақта, «Абылай хан сарттан өліңгі» деген атқа ұшырамай, қайта ғой. Жолбарыстың аю болғаны – сенен соңғы балаларының заманы аю заманы болып, жұрт аюдай алысып өтер. Қасқыр болғаны – немерелерінің заманында қасқырдай жұдырып өтер. Түлкі болғаны – шөбереннің заманында түлкіше жортып өтер. Қоян болғаны – онан кейінгі заманда қорқып өтер», – деген екен¹¹.

Абылайхан Самарқандқа елші жіберіп: «Ұрыс-жанжалым жоқ, жұртқа амандасып, әулиелерді зиярат қылып қайтамын» – депті. Ел ханды қуана қарсы алады. «Абылайханның көк тасы» деген түсінік осы ретте берілген: «Абылай хан қайтарында өзінің басына қойдырғуға Самарқандтың көк тасынан тас қазырғанда, шыққан тасты Самарқанд жұрты: «Бұл тас сіздің бақытыңызға шыққан тас, мұндай тас Әмір Темірден соң сілкімге шығып көрген жоқ», – деп сүйінші сұраған екен. (Сол тасқа «Абылайхан бин Сүйеніш хан» деп жазылып, оңат болғаннан кейін басына қойылыпты). Абылайдың соңғы күндері туралы келесі дерек бар: «Осы жолдан қайтып Ташкентке келіп, Мырза Ахметтің қызын алады. «Өзім сонырақ қайттым, әзір ұрыс-соғыс жоқ, есен күндерінде елдеріне барыңдар», – деп, қасындағы Орта жүз бен Кіші жүздің батырларына рұқсат беріп, қайтарып жібереді. Ташкентте үш ай жатып, Арқаға қайтуға қасына біраз төленіггерімен үйсін-дулаттың басты кісілерін ертіп шығады. Мұны Шымкенттегі Ғабдірахман сарт естіп, Абылайханға іштерінен кек сақтап жүрген көрші шаһарпарадағы сарттарға хабар жіберіп жинап, Абылайды қамап алады. Дулат деген ел сартпен соғысуға жарықтапты. Ханның қасындағы төдөнгіттерінің көбін қырып, өзіне қол тигізуге, істің соңы неге соғарына көздері жете алмай, бата ашықты. Сонда Абылай хан Арыс деген жерде бір төбенің басына шығып: «Қайран Орта жүз бен Кіші жүз батырлары қасымда болса, бұл қорлықты көрмес едім-ау!» – деп бармағын шайнаған екен. Сол күні Арыстың бойында ғаламат аты шыққан Абылай хан бір қорғанға түсіп, ауырмай-сырқамай 68 жасында оңат болған. Найзадан тең жасап, сүйегін Түркістан шаһарына әкеліп қойыпты»¹².

Абылай ханның соңғы күндері туралы деректі қазақ тарихшылары осы зерттеуден олжалап жүргені анық. Бірақ күні бүгінге дейін дау туғызып келе жатқан дерек – ханның қай жерде жерленгені туралысы. Бұл – бүгінгі тарих ғылымы анық айта алмай отырған дерек. XX ғасыр басында, тарих атадан балаға ауызша жеткізіліп отырған заманда Алаш ғылымы М.Дулатұлы өзі естіген тарихи турла туралы мағлұматты осы зерттеуде бүгінгі ұрпақ үшін жазып кетті. Бұл ғылыми маңызды еңбек тек XX ғасырдың соңында ғана тәуелсіз қазақ елінің санасына жетті. Кеңес ғылымы бұрмалан отырған ұлт тарихының шынайы беттерін Алаш ғылымы осылай анықтап берді. М.Дулатұлы «Оян, қазақ!» ұранын тек елменен ғана емес, осындай ғылыми, тарихи маңызды зерттеулерімен де айғақтап берді.

Абылайдың атақты түсі мақалада жан-жақты талданған. Абылайдың Самарқанға сапары, соңғы шайқасы, 70 жасында оңат болғаны осылай белгілі болады¹³. Абылай ханның 17 әйелі, 30 ұлы болған. «Солардың ішінде «Абылайлап» жауға шапқаны – қалмақтың ханы Қалдан Сереннен тартуға келген Топыш ханның туған Қасым төренің балалары кешегі данқты Кенесары хан мен ер Наурызбай. Бұлардан басқа хан қаны қайнап, өз еркімен басқаларға қолдан тізгіні бермеске қарсыдан «Абылайдың немересі Абайдлда сұттан Уәлихан ұғлы»¹⁴. Бұл мәлімет Жаңақ пен Орынбай ақынның өлеңдерінде айтылады: «Абайдлда, Ғаббастың елін жайлап, бес жорасын өлтірді кісе байлап. Ханның алған сұлуым алып қалып, қарақөкпен келемін сорым қайнап».

Абайдлда «Көкшетауға отаршылық дуан салдырмаймын», – деп бағынбағаны үшін итжеккенге айдалып, қорлық көріп, қайтып келгенде, Орынбай ақын айтқан екен: «Хан Абылай отіп келіп-ау кеше жүрген! Үш жүздің баласына алжа берген. Сөзіз жылы итжеккеннен армен кетіп, ханымыз Абайдлда қайта келген. Биылғы қатты бәйбі-ау қыстың жұтты: бес теңге Қызылжарда ұлттың пұты, орта жүз, ырысың бар ел екенсің, хан келді Абайдлда – елдің құты»¹⁵.

«Абылай ханның жоғарыда айтылған көп балаларының һәм олардың тұқымдарының аттары белгілі болса да, әрқайсысының Кенесары, Абайдлда секілді қазақ үшін жұрсаған күш-өнерлерін естіметендігінен құр аттарын жазбаймыз. Абылай ханның шөберелері – заманымыздағы кешегі марқұм генерал Ғұбайдолла Шығысханов, марқұм генерал Сұлтанғазы Уәлихановтар менен бұл күнде саламат статский советник Ешмұхамед төре Абылайхановтар»¹⁶.

М.Дулатұлы Абылай тұқымынан Кенесары мен Абайдлданы ерекше атап, ханның шөберелері – өз заманаштары туралы қысқылда сөйлейді: «Бұларға қазақ жұртының өкілеттілігі де, осы күнгі тар заманда білім дәрежелері бола тұрып, баяғы аталары өрге сүйреген жұртына басып-ақ қалып, пайдаларын тигізбеді делугенін басқа болмаса керек» (Айхан, 1912, № 6, 7) (21-53). Бұл – алаш қайраткері М.Дулатұлының төре замандастарына айтқан назы ғана емес, қазақтың басы біріндей тұрғандығын кеңзеуі де.

«Қазақтың тарихы» (Түрік баласы, Қазақ, 1913, № 2) атты мақаласы былай басталған: «Тарих дейтін – бұрынғы өткен заманның жайынан сөйлеп тұратұғын, бұрынғы өткен кісілердің ісінен хабар беретұғын бір ғылым. Қазақтың көбі оны «Шежіре» деп атайды. Бү заманның ғылымдары тарихты ең онды мағлұм деп түсінеді. Тарих – түзу жөнді үйретуші деп айтады... Келетек күнің қандай болашағын білуге тарих анық құрал болады»¹⁷.

Тарих не үшін керек, оның қасиеті несе? Бұл жөнінде М.Дулатұлы өз басында: «Өзінің тарихын жоғалтқан жұрт, өзінің тарихын ұмытқан ел қайда жүріп, қайда тұрғандығын, не істеп не қойғандығын білмейді, келешекте басына қиып күн зуатымына көзі жетпейді. Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артында өзі де жоғалуға ынғайлы болып тұрады. Дүниеде өзге жұрттар қатарында кем, қор болмайтын, тұқымым құрып қалмасын деген халық өзінің шежіресін иманы дәрежесінде ұғып білуге тиіс болады»¹⁸.

«Сонда тарих қалай ұмытылмай келген? Оны кімдер сақтаған?» – деген сауалға келесі жауап бар: «Қазақ ішінде әр үйдің отағасы, әр ауылдың ақсақалы – тұрған бір шежіре. Бұрынғы өткен-жеткеннен естіген-білгені болса, кейінгі жастарға соның бәрін айтып отырады». Тарих өзіміз үшін керек екені, себебі әр істен қандай нәтиже туатынын білу үшін қажет делінген. «Қазақтың тарихы» (Түрік баласы, Қазақ, 1913, № 3) атты екінші мақаласында «қазақтың асылы тексеріліп, тарихы жазылған жоқ», – деп, әдебиетші ғылым мәселені ашық көтереді. Өз заманының қатесі ретінде М.Дулатұлы: «Тарих жазушылардың ешбірі қазақ пен қырғызды айырмайды» Қазақ – қазақ! Қырғыз өз алдына қырғыз. Түрікпен мен башқұрт қандай басқа-басқа ел болса, қазақ пен қырғыз да сондай басқа ел. Орыстардың, әсіресе үкіметтің қазақтарды, қазақ демеі қырғыз деп жүргені рас. Бірақ олар өзінің атты «Қазақ» әскерінен «айыру үшін жаңалық болсадағы қазақты қырғыз атап жүр»¹⁹. М.Дулатұлы осыны жөндеуге үндейді. Және «Қазақ» гезетінде осы мәселені талқылауды ұсынады. «Қазақтың тарихы газет бетінде жазылып тұрмақшы», – деп, оқырмандарды осыған атсалысуға шақырады.

Ғылым М.Дулатұлы осыған байланысты бұл сөздердің тегіне де үнйеді: «Тарихтың керестуі бұған ереуіл келеді. Орыста бұрын атқа міну қажет болмаған. Осы күнгі хоһолша

¹¹ М.Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том. – Алматы: Мектеп, 2003. 51-52-бб.

¹² М.Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том. – Алматы: Мектеп, 2003. 52-б.

¹³ М.Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том. – Алматы: Мектеп, 2003. 51-5.

¹⁴ М.Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том. – Алматы: Мектеп, 2003. 53-б.

¹⁵ М.Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том. – Алматы: Мектеп, 2003. 53-б.

¹⁶ М.Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том. – Алматы: Мектеп, 2003. 53-б.

¹⁷ М.Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том. – Алматы: Мектеп, 2003. 59-б.

¹⁸ М.Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том. – Алматы: Мектеп, 2003. 59-б.

¹⁹ М.Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том. – Алматы: Мектеп, 2003. 59-б.

сыр жип, өзін мінін күн көрген. Сапт қызмет етіп, біздің қазаққа ұқсаған соң, «қазақы» атанып кеткен. Орыстың атты әскері «қазақ» атанғандықтан, біздің қазақ өзінің атынан айырылып, «қырғыз» атанып жүрмекші емес. Қияметке дейін қазақ қазақ болып жасамақ»³⁹. Аталған мәселе күні бүгін ешкім анықтап бермеген болып табылады. Шығында да неге аттылы ресей әскері өздерін қазақ деп атаған? Бұған берілген М.Дулатұлының ғылыми дерегі бүгінгілерге қажет құнды саяси құжат болып отыр. М.Дулатұлына дейін бұны ешкім жазбағаны да мәлім. Қазақ өзін көрсету үшін: «Осы ғасырдағы ғылым жарығында қазақ көзін ашып, бетін түзesse, өзінің қазақшылығын жоғалтпағандай және өзіміздің шарқ гадетіне ыңғайлы қылып «қазақ мәдениетін» құрып, бір жағынан «қазақ әдебиетін тұрғызып, қазақшылығын сақтамақшы»⁴¹, – деЙді алаш ғалымы.

М.Дулатұлы ұлт тарихын, ұлт атауын басқалардан осылай ажыратып алып, оны арнайы, тұрақты түрде зерттейіп отырылуын мәселе етіп қояды. Бұл іс «Қазақ» газетінде қолға алынғандығы да осы мақалада мәлімделген.

Алаш әдебиетінің «Қазақтың тарихы» (Түрік баласы. «Қазақ», 22.03.1913. № 7) атты үшінші мақаласы да аталған мәселелердің жағасы. Қазақ пен ноғай, сөзбек өз ағам» сияқты тіркестердің мағынасы көтерілген. Және осылардың «ғақылға да ұнамайтын, тарихқа да сыймайтынын» М.Дулатұлы дәлелдеп көткен.

Алаш сөзіне қатысты әдебиетші өз жобасын осы зерттеуде ұсынған: «Қазақтың «Алаш» атанғаны хижреден (Мұхаммедпәлейһ сәләмнің Меккеден көшіп, Мединеге барып кірген күнінен) алты жүз жыл өткен соң, Шыңғыс хан тұсында болды. Шыңғыс хан бүкіл мұнкітен төрт баласына бөліп бергенде, Дешті Қыпшақты, Сібірдің күнбатыс жағын, осы күнгі Сарыарқаны, Еділ-Жайық өлкесін үлкен баласы Жошыға беріп еді. Ол күнде Жошы ұлысына қараған алты руды ел бар еді. Сол алты рудың арқасына бөлек Шыңғыс алты ұран беріпті, әр руда өзіне бөлек таңба, ағаш қос беріпті.

Сол күнде бүкіл Жошы ұлысының ұраны «Алаш» болыпты. Жошы ұлысында алты ру болғандықтан, «Алты Алаш» болады. «Алаш» деген сөздің алғаш мағынасы – Отан кісісі (соотечественник) деген сөз болады. Мұны бір ақынның Абылайға айтқан өлеңінен білеміз: *Тақсыр-ау, ұнатсаңыз, қарашыңмын, ұнатпасаң, жейі жүрген алашыңмын* – дейді. Сол өлеңде «Алаш» отан кісісі мағынасында және қазақта «Алаш келе ме, Алаш келе ме» деген бір мәтел сөз бар. Сондағы Алаш – «шетелдің кісісі», Алаш – «отан кісісі» мағынасында болады. Сол күнде Жошы ханға «Алаш» деп лақап қойылды. Алаш – «алаштың басшысы» (глава отчества) мағынасында болады. Қазақтың «алаш алаш болғанда, алаши хан болғанда» деген ескі сөзі сонан қалған»⁴². Тарихшылардың Алаш сөзіне қатысты күні бүгінге таба алмай келе жатқан мәселесіне әдебиетші М.Дулатұлы өз пікірін осылай танытып кетті. Бұл тұжырым ақылға толығымен сыйады, себебі сонау Шыңғыс ханның өзінен бастап ешқайсысының зираты сақталмаған, ал қазақ жерінде Жошы хан зираты қастерленіп сол күйінде сақтаулы. Бұл да бір ой салытын дәлел екені айқын.

М.Дулатұлының «Адрианополи» мақаласы саяси мәселелерді көтерген. Төктері келесі сөздерде анықталған: «Адрианополиді болғалар алғашына басқа тұқымдас патшалар сонша куанарлық һәм Түркияның қыбырғасы қайысарлық қапа болуда. Оның басқа шаһардан тарих жүзінде артықшылығы: Адрианополиді Ғайса пайғамбардың туғанынан санағанда II ғасырда Рома патшасы «Адриан» салдырғандықтан, Адрианополи аталған екен. Бірнеше заманнан кейін Түркия соғысып, өзіне қаратып алған.

Адрианополи Стамбулдан тоқсан жыл бұрын пайтахыт болып, Түркия сұлтандары төрт патшалық һүкіметін жүргізіп, жылдан-жылға әдемілеп түзеткен, зорайтқан. Адрианополи пайтахыт заманда опат болған сұлтандардың сүйегі онда қойылмай, Бросс шаһарына аларып қойылғандықтан, бұл күнде онда хандалардың зираты жоқ. Бірақ бүгін дүние сұқтанарлық тамаша мешіттер бар: Сұлтан Сәлим, Сұлтан Баязит, Сұлтан Мұрат һәм басқалар.

Мәскеуді орыс халқы екінші пайтахыт деп санап, қандай қымбат көрсе, Адрианополи Түркияға сондай қадірлі еді. Бірақ Мәскеуді Наполеонның әскерінен бүгін Россияның қарасы, төресі, жасы, көрісі, қатыны, баласы – бірі қалмай қолдарына қару көтеріп, бір намыс, бір тудың астына жиналып сақтап қалап еді. Түркия Адрианополиді ондай сақтай алмады. Адрианополидің түріктер үшін Мәскеуден айырмасы сол ғана болды. Адрианополидің жау қолына кетуі Түркияның бағы кетумен пара-пар»⁴³.

Әдебиетші М.Дулатұлы казак әдебиеттануындағы шоқантанудың басында тұрған ғалым екені де белгілі. «Шоқан Шыңғысулы Уәлихан (1837-1865)» атты зерттеу 1914 жыл «Қазақ» газетінің № 71, 73, 76, 77 сандарында жарияланған. Мақала Шоқанның қайтыс болуына 49 жыл қарсаңында жазылған. «Шоқанның кім екенін көп қазақ білмейді» деп жазылған мақала Шоқанның ататегі, иесітегі, оқуы, оның ғалымдық ісі туралы мағлұматтарға құрылған.

М.Дулатұлы Потаниннің Шоқан туралы сөзін келтірген: «Орысша оққан қазақтың ең есті, артына кітап қалдырғаны – осы Шоқан»⁴⁴. Шоқан 1837 жылы Ақмола облысы, Көкшетау уезі, Сырымбетте дүниеге келгені, шын аты Мұхаммед-Ханафия екені нақтыланған. Шоқан – орта жүздің атақты ханы Абылайдың шөбересі, Уәлидің немересі, Шыңғыс төренің үлкен ұлы. Уәлиханның үлкен баласы – (Шыңғыстың ағасы) Габидолла төрені Орта жүз хан деп көтергені, оның Ресейге бойсұнбағаны үшін Сібірге айдалғаны айтылған. Оған аман келгенде Орынбай ақынның айтқан өлеңі келтірілген»⁴⁵.

Шоқанның шешесі Зейнеп ханым – қаржас Шорман билің қызы. Туған ағасы Мұса алашқа даңқы шыққан қадірлі би болып, аға сұлтан болғаны еске түсірілген.

Шоқан – Шыңғыстың үлкен ұлы, «Шоқаннан басқа Шыңғыс төренің Махмуд деген баласы, тағы бір ұлы, һәм Нұрида деген қызы болыпты». Нұриданы Шоқанның нағашысы Сәдуақас мырза Шорманов алған» (1:197). Зерттеудің «Шоқанның оқуы» тарауында Шоқанның Омбы қадет корпусына 1847 жылы он жасында түскені, тез орыс тілін меңгергені, сонда Потанинмен танысқаны мәлімделген. Шоқанның маңайы – Ждан-Пушкин, В.И.Дабинский, Старков, Капустин, Гутковский, Дуров, т.б. туралы мағлұматтар келтірілген. Дуров есеп кезде Омбы абақтысында писатель Достоевскиймен бірге отырып шыққан досы» делінген»⁴⁶. 1852 жылы Потанин қадет корпусын бітіріп, Жетісуға офицерлік қызметке шақырылады, бір жыл кейін Шоқан генерал-губернаторға алытотан етіп сайланады. Шоқанның академик П.П.Семеновпен араласуы да осы тұста. Қадет корпусында Шоқан «ол кезде жаңа рухта шыққан журнал-кітаптар, Тургенев, Чернышевскийлердің» сибектерімен, сол кезде Омбы арқылы айдаудан қайтқан декабристермен танысқан, Омбыда олармен мәжілістес болған. Атақты Басунинді де сол кезде Омбы арқылы алып өткен. Қадет корпусқа учител болып Н.Г.Чернышевскийдің досы Лободовский келген. Капустиндердің үйінде Қазан университетін бітіріп қайтқан студент С.Капустин келіп тұрған. Осылардың бәрімен Шоқан жақсы таныс болған»⁴⁷. Бұл тұста аталған есімдер Шоқантануда күні бүгінге дейін тың болып келгені анық. Осы тұста М.Дулатұлы Достоевский мен Дуровтың Шоқанға әсері ерекше болғанын айтады. Дәлел ретінде Потаниннен сілтеме келтірілген»⁴⁸. 1859 жылы Потанин Петербург университетіне оқуға түссе, Шоқан бұл жылы Қашқарға барғаны айтылады. Шоқанның бұл сапардағы басты мақсаты былай делінген: «Ол кездегі Сібір ұлыағары жаңа ғана Қытай билеуінен шыққан «Алтышар» хақында мағлұмат алмақшы болған. Оған барушы кісі астыртын бармаса болмайтын кез. Осы қызметті орындау Шоқанға тапсырылған»⁴⁹. Шоқанға кімдер серіктес болғаны, жалпы бұл саяхат қалай іске асқаны казак тілінде тұңғыш рет толығымен анықталған.

¹ М.Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том. – Алматы: Мектеп, 2003. 68-69-бб.

² М.Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том. – Алматы: Мектеп, 2003. 196-б.

³ М.Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том. – Алматы: Мектеп, 2003. 197-б.

⁴ М.Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том. – Алматы: Мектеп, 2003. 199-б.

⁵ М.Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том. – Алматы: Мектеп, 2003. 200-б.

⁶ М.Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том. – Алматы: Мектеп, 2003. 201-б.

⁷ М.Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том. – Алматы: Мектеп, 2003. 201-б.

⁷ М.Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том. – Алматы: Мектеп, 2003. 61-б.

⁸ М.Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том. – Алматы: Мектеп, 2003. 61-б.

⁹ М.Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том. – Алматы: Мектеп, 2003. 63-64-бб.

Петербургта Шоқан Березин, Газибек, Васильев, Достоевский, Тургенев, Кривосткийлермен араласканы ерекше сөз болған. Шығыс факультетінде Костомаровтан дәріс алғаны айтақталған. Денсаулығы нашарлаған Шоқан елге қайтқанда, 1864 жылы Чернышевқа адъютант болып Әулиеата, Пішпек оқиғаларына қатысты: «Әулиеата, Пішпек аларда орыс әскерінің мұсылмандарға қылған залымдығына шыдамай ашуланып, Шоқан Чернышевтан айырылды. Шоқан Алматы арқылы Қытай шегіндегі Ұлы жүздің албан руын билеп тұрған Тезек төренің ауылына кеткен. Шоқан сонда тұрып қалып, Тезек төренің қызын алған, бірақ көп дәуір сүре алмай, 1865 жылы жиырма сегіз жасында көкірек ауруынан олат болған. Шоқанның зираты осы күнгі Қашау мен Алматы арасындағы қара жолға жақын, Алтынсәлдің етегінде. Шоқанға мешітке ұқсас ағаштан там салынған. Сонынан генерал-губернатор Колпаковский мұсылманша жаздыртып, басына мрамордан белгі орнаттырған»³⁰.

«Шоқан қандай азамат болды?» деген сауалға М.Дулатұлы Потанин сөзімен жауап берген: «Потанин жазады: «Шоқан өз жұртын өте сүйіп еді, қолынан келсе, жақсылық қылу, қазақ халқының кемпілігі үшін қызмет ету оның бар мақсаты еді». «Мен ең әуелі қазағымды жақсы көремін, онан кейін Сібірді, онан кейін Россияны, онан кейін бүкіл адамзатты жақсы көремін. Орыс қазақты сабап жатса, мен қазаққа болысамын. Егер орысты француз сабап жатса, менің жүрегім орыс жақта», – деуші еді Шоқан. Шоқан шешен, өткір тілді, өшіккен кісісін әзіммен, сықакен кемітіп тастайтын еді. Шоқанның мінезінде Пушкин, Лермонтовтардың мінезін еске түсірерлік белгілер бар еді. Заманында қазақтан оқушы болса, Шоқан қазақ халқының даншпан жазушысы, қазақ әдебиетіне бірінші негіз құраушы боламы еді, бірақ заман һәм тағдыры ола қылмады, Шоқан арманда кетті...»³¹.

«Ресей офицері Шоқанның мұсылмандығы қандай дәрежеде болды? Өз ұлтына не істеді?» деген сауалға М.Дулатұлы ғалымды қорғау сөздерін жазып келтіпті: «Осы кезде жаңғылыс істеулеріңше, «Шоқан мұсылманның зиянына қызмет еттігі, мұсылман шаһарларын бастан алдыртыпты», – деп теріс түсініп, өсектейтіндер бар көрінеді. Бұл өсектің Шоқанға жабылған жала екендігі, Шоқан һүкімет қолында құр жансыз құрал болмай, таза пікірлі, ақжүрек, ұлтын сүйіп жігіт болғандығы – орыс гаскерінде патшаға ант берген офицер бола тұрып, мұсылмандарға орыс гаскери қылған залымдыққа шыдамай қарсы келіп, Чернышевтен айырылғандығы зор дәлел болса керек. Шоқанның бар талабы ғылымға ұмтылу, қазақ халқына пайда келтіру, қазақ халқының тұрмысын, рәсімін, тарихын анықтау жолында болған. Шоқанның ғұмыры ұзын болғанда, артына қанша пайдалы нәрсе қалдыруында шек жоқ, қазақ жайынан жинаған қанша материалдары өзі өлгеннен кейін баспаға кірмей жоғалған»³².

Алаш әдебиетшісі Шоқанның мұрасына да нақты баға берген. Дәлел ретінде Шоқан сол кезде шыққан кітабына талдау береді: «Шоқанның жазып қалдырған сөздерін, қазақ жайынан жинаған материалдарын һәм өзінің тәржіме халін Петербордағы Императорский Географический Общество 1904 жылы басып шығарды. Бұл кітап зор көлемді, 531-бет, (Записки императорского Русского Географического общества по отделению этнографии. Т. XXIX. Сочинения Ч.Ч.Валиханова/ред. Веселовский Н.И./СПб, 1904).

Шоқан кітабында жазылған басты сөздер: 1. Потанин, Ядринцев һәм Ибраһимов жазған Шоқанның тәржіме халі. 2. Шоқанның өзі жазған мақалалары. 3. Абылай хан туралы. 4. Қазақтың ескі әдет-ғұрыптары. 5. Қазақтың бұрынғы жаугершілік заманындағы жайы. 6. Жоңғар жайынан. 7. 1858-1859 жылғы «Алтышар» жайынан түгел мәтіндік. 8. Сібір қазағындағы билік. 9. Көкөтай төренің өлімі. 10. Қазақтың ертегі, өлеңдері, ақындары жайынан. 11. Қазақ шежіресі жайынан һәм басқалары»³³. Әдебиетші М.Дулатұлы Шоқантануында іргесін осылай қалап берген.

«XX ғасыр басындағы белгілі тарихи тұлға, ғалым Исмаил Гаспринский кім, қандай ғалым, қандай адам болған?» деген сауалға да жауап М.Дулатұлының мақалаларынан табылады. «Исмағұлбек Гаспринский (Опатынан соң) атты мақала «Қазақ» газетінде 1914 жылы 30 сентабрде жарық көрген. Ғалымның туған жері, ғалымдық азаматтық мұғалімдік істері толық анықталған. Оның білімі сонау Парижде өң алғаны, Африка, Алжирде, Мысыр, Иран, Түркияда болғаны да айтылған: «һәр жерде мұсылмандардың нашар халін, бүкіл мұсылман дүниесы тарихтан мақұм жатқанын өз көзімен көрген. 1874 жылы Қырымға қайтып, Бақшасарайда мұғалім болып, балалар оқыта бастаған»³⁴. Аталған жерлерден алған білімін ғалым пәйдаға асырғаны, «Төржіман» газетін шығарғаны сөз етілген. Осы газет арқылы іске асырылған азаматтық ісіне қазақ әдебиетшісі мынадай баға берген: «Исмағұл мырза ғұрт етіп, отыз үш жыл «Төржіман» басынан жылжымай, жұртқа көсемдік етті. Мұсылмандарды оқытуға, жазуға үйретті. Мектеп ашып берді. Мұғалімдер шығарды, һәр түрлі жәмәғияти хайриялар аштырды, тіл һәм әдәбиәт тұғызды, мәңгі бітпес пікір, идея берді. Россия мұсылмандарын тілі бір ұлт халіне қойды, кейінгісін ойлағандай, ілгерісін болжағандай ой берді. Сондықтан Исмағұл мырза түрік ұлтының зор тәрбиешісі, ұлғұ ұстазы, ардақты атасы болып дүниедан қайтты»³⁵.

«Ұлы» ма, «өв» па? «өв» туралы мақалаларда («Қазақ», 1915 № 121) қазақтың «ұлы», «қызы» деп жазылуы құпталған. Қолдау ретінде «Әлихан Бөкейхан», «Назира Құлжап» қолданған (1:238). Үлгі ретінде М.Дулатұлы: Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, Едіге, Мамай, Ноғай, Жәнібек, Өйтеке есімдерін келтірген. Стамбұлдағы түріктерді тарих Қайлы дегені, олардың салты біздікіңдей, азаматтары өз атымен атайтын айтылған: Мұстафа Кемал. Алаш ғалымының ұстанымы анық айтақталған: «Бізге де газет те, журнал да, кітап та, келсе де қазақ жұртының тілі салтына түскен оң. Біз өз жұртымыздың тілі салтына, заңына түссек, елге жылдам жақындаймыз, елге жанасқан сайын, ел ағартқан іс ғүлдәйді»³⁶. Сондықтан: «Біздің автайық дегеніміз, «өв»-ты орысқа қалдырып, қазақтың таза тілінің салтын қолдану керек дейміз. Бұдан былай қол қойғанда, не сөз арасында біреуді атағанда «Байтұрсынұлы Ахмет», «Дулатұлы Міржақып» деп жазу дұрыс. «өв»-ты етегіне намаз оқылған мешахидарға берейік. Еш нәрсені тесс қарап тексермей, тоқ қарынға маз болып жүре беретін, не дінді, не білімді, не тұрмысты, не төрені сынамаған, байға, төреге еліктеген, өмірін малша өткізген адамды А.И.Герцен «юсшанин» деп атаған. М.Д.»³⁷.

М.Дулатұлының «Орда гербі (таңбасы)» мақаласы («Қазақ», 1918, № 258) «Алаш Орда мемлекеттік таңбасы қандай болуы тиіс?» деген мәселені көтерген. Басты ой былай қамтылған: «һәр мемлекет, һәр губерния, һәм облыстың өзіне арнаулы гербі бар. Таңбасына қарап, қай елдің аты екенін таңуға болады. Гербіне қарап, қай мемлекеттің нәрсесі екендігін білуге болады. Елдің ру таңбасында қандай мағына болса, гербте де сондай мағына бар. Алаш автономиясына Алашұлы болып кіріп отырғанда, Алаш Ордасының гербі болуға ру таңбалары да, облыс гербтері де жарамайды. Алаш Ордасының гербі ру таңбаларынан да, облыс гербтерінен де басқа болуға тиіс.

Алаш мемлекетіне «Орда» деп ат қойған соң, гербінде «Орда» сүгіреті болуы лайықтығында дау болмаса керек. «Орда мемлекетіне «Орда» сүгіретін қою ұнамсыз болады» деп ешкім айта алмас. Солай болған соң, терб мәселесінің негізі шешілгенге есеп. Шешуші тұрған мәселенің негізі емес, бұтағы, яғни Алаш Ордасының гербіне құр Орданың ғана сүгіретін салу ма, болмаса басқа мағына да кіргізу ме?»³⁸.

Байқасақ, киз үй символы сонау Алаш зиялылары ұсынып кеткен жоба екен: «Басқа мағына кіргізу ме?» деген сөзді мысалмен түсіндіріп өтейік. «Қазақ» газетінің басына үй сүгіретін орнатуға мынадай мағыналар бар еді: киз үй – киз тұрлықты қазақ халқы. Үйдің

³⁰ М.Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том. Алматы: Мектеп, 2003. 202-б.

³¹ М.Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том. Алматы: Мектеп, 2003. 203-б.

³² М.Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том. Алматы: Мектеп, 2003. 203-б.

³³ М.Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том. Алматы: Мектеп, 2003. 203-204-бб.

³⁴ М.Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том. Алматы: Мектеп, 2003. 209-б.

³⁵ М.Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том. Алматы: Мектеп, 2003. 212-б.

³⁶ М.Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том. Алматы: Мектеп, 2003. 239-б.

³⁷ М.Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том. Алматы: Мектеп, 2003. 239-б.

³⁸ М.Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том. Алматы: Мектеп, 2003. 347-б.

түндігі ашық, есігі жабық ботуындағы мағына: түндік жарық беретін жол, есік түрлі заттар кіретін жол дегендік. Жарық жолы ашық, еркін болсын, түрлі заттар кіретін жол есігі еркін болмасын делінген еді. Түндіктен түстің жарыққа өнер-ғылым енгізілген еді. Түндік күнбатыс жағынан ашылуы – өнер-ғылым Еуропа жағында күшті болған себепті қазақ ішінде Еуропа ғылым-өнері тарасын деген мағына еді. Үйдің есігі қазақ деген сөзден жасалған. Ондағы мағына: «Қазақ» газеті қазақ жұртына әрі мәдениет есігі болсын әрі сырт жұрт жағынан күзетші болсын делінген еді.

«Қазаққа деген игілік нәрсені енгізу жолында газет қызмет етсін, сырттан келер қазаққа жамандық болса, күзетші орнында газет қызмет қылсын» делінген еді... Сөйтіп, «Қазақ» газетінің тұтқан жолын басындағы эмблемасымен (шиарат) көрсету үшін газет басына үй сүйреті қойылған еді. Алаш гербіне де осы сияқты Ордандан бөтен де мағына кіргізуге болмас па? Құр Ордандың сүйреті салынғанын, қисыны келіссе, басқа мағына да қатыстырған абзал болар еді. Ойы, қолы шебер азаматтар Алаш гербінің қалай сткендіс ұнамды болу жағын ойлап, герб жобасын жасап, көптің яки айрықша комиссияның сынына салса екен»³⁹. Алаш ардақтыларының мемлекеттік таңба туралы жобасы іске асырылып жатқан заманда біз бұл мағлұматты білуіміз шарт.

М. Дулатұлы – қазақ әдебиеттану ғылымында ахметханудың да негізін қалаған ғалым. «Ахмет Байтұрсынұлы» (М. Дулатов, Биографический очерк. Труды общества изучения Киргизского края. Вып. III, Оренбург, 1922) атты орысша мақала – Ахмет Байтұрсынұлы 50 жасқа толу мерейтойына арналып, орыс тілінде жазылған. «Аюкөл» газетінде М. Әуезов мақаласымен қатар басылған бұл мақала – алғаш ғұмырнаамалық дерегі мол зерттеу. Ахмет Байтұрсынұлының туган жері, оқу жолы, шығармашылығы, ататегі толығымен қарастырылған. Өзіміздің шенеуніктердің ақталған кезде жіберген ақауы арқасында біздің күні бүгін шатастырып келе жатқан дерек, бұл жерде дұрыс берілген.

Ахманның әкелерінің текті істері, өзінің жастай келділіктен көрген тауқыметі, бірақ білім арқылы осы қасіреттен құтылуы көрсетілген. «Ахаң қандай білім алған?» деген сауаға жауап осы зерттеуде берілген. Ғылыми еңбектерімен қатар, Ахманның ақындығы, аудармашылығы нақты талдаулар арқылы айқындалған. Басты ой былай келтірілген: «Через всех литературную деятельность Ахмета Байтұрсынова красной нитью проходят беспощадная критика и строгий анализ царской политики и протест против нее»⁴⁰. Сонымен қатар Ахмет Байтұрсынұлы ерекше дарынды көсемсөзші екені айғақталып, «Қазақ» газетінің ашуы үлкен азаматтық іс ретінде анықталған. Ахмет Байтұрсынұлының кеңес кезінде де ұлты үшін бәріне көйп іс басында болуы ер азаматтық, тұлғалық қызмет ретінде бағаланған. Ахманның тіл тану, әдебиеттану ғылымдарының қалыптасуына себеп болғаны ерекпе аталған.

А. Байтұрсынұлының Крылов мысалдарын аударуы сол кездегі тілі байлауы Алаш қайраткерлерінің қолданған амалы деп анықталған. «Ахмет Байтұрсынұлы – народный поэт. Поэтическая деятельность его начинается с перевода басен Крылова на казахский язык. Как у человека, посвятившего всю свою жизнь просвещению народного массы, основная идея его высказывается и тут, как поэт-протестант, А. Байтұрсынұлы поэзию превращает в оружие борьбы с политикой монархической России, угнетающей казахов. Принимаясь переводить басни Крылова, он прежде всего имеет в виду великую возможность басен для воспитания детей и взрослых. Он выбирает для перевода из Крылова такие басни, которые понятны и соответствуют казахскому духу. Если Белинский про Крылова говорил: «Хотя он брал содержания некоторых своих басен из Лафонтена, но переводчиком его назвать нельзя, его исключительно русская натура все перерабатывала в русские формы и все проводила через русский дух», – то же самое мы можем сказать и в отношении А. Байтұрсынова. Как у Крылова, так и у Ахмета Байтұрсынова, о естественности, простоте и разговорной легкости

языка тоже не приходится говорить. Ахметом переведено 40 басен Крылова, и под названием «Сорок басен» сборник выдержал уже несколько изданий»⁴¹.

Ахманның ақындық әлемі былай суреттелген: «В своих стихотворениях А. Б. не пост о любви, о женщине, о природе, у него нет ни высокопарных слов, ни крылатых фраз. Он простым и понятным казахским языком поет о свободе, о нации – призывая ее к просвещению, к труду и к освобождению от вековой спячки и пробуждая в каждом казаке чувства гражданства. Стихотворения А. Байтұрсынова по внешней своей простоте, по внутреннему содержанию, легкости и равномерности занимают первое место в казахской литературе. У А. Байтұрсынова, кроме «Сорока басен», имеется еще небольшой сборник оригинальных и первоначальных стихотворений под названием «Маса» и несколько не напечатанных стихов лирического характера»⁴².

М. Дулатұлы Ахманның көсемсөзшілігі туралы ақпарат берумен шектелмей, «Қазақ» газетінің тарихи ролін осы тұста анықтап берген. Ол туралы былай делінген: «Вскоре газета «Казах», как единственный орган, отвечающий культурным и общественным запросам казахской жизни, завоевала общую симпатию и стала популярной в широких массах. Тогда как выходящие в то время газета «Казакстан» и журнал «Айкап», не находя среди читающей киргизской публики даже несколько сот человек, вскоре прекратили свое существование, «Казах» в конце первого года издания имел уже 3000 подписчиков. Насколько газета «Казах» была дорога молодежи, можно судить из того, что ежегодно, в день выхода первого номера в свет, изю всех университетских и других городов, от учащихся казахов получали» в редакции приветственные телеграммы и письма»⁴³.

Ахманның осы ісі үшін зардап шеккені де айтылған: «Но зато «Казах» нажил немало врагов. За все время своего существования «Казах» вел систематическую борьбу с развивающимися в степи злоупотреблениями, разоблачая грязные поступки обрателей, взяточников и аферистов разных мастей. Они-то, зорко следя за каждым шагом и за каждой строкой «Казаха», занялись доносами, они переводили резко написанные и осуждающие действия в политике правительства статьи с комментариями от себя и представляли начальству. Поэтому то и дело производились в редакции обыски, то и дело А. Байтұрсынова таскали к губернатору или жандармскому начальнику на допросы. В 1914 году за помещенную в № 80 «Казаха» передовицу, где А. Б. критиковал только что выработанный М. В. Д. проект положения об управлении Киргизским краем, оренбургский губернатор Сухомлинов оштрафовал А. Б. как редактора на 1500 руб. и в случае его несостоятельности постановил заменить штраф арестом А. Б. на 8 месяцев. Утрата 1500 рублей была бы равносильна закрытию газеты, поэтому А. Б. несмотря на слабость своего здоровья, заявил полиции, что он согласен сидеть, но платить штрафа не может. 20 октября А. Б. посадили в тюрьму. Пишущий эти строки подал телеграммы в разные города, известив друзей А. Б. о случившемся. В адрес редакции посылались переводы по телеграфу, и А. Б., не просидев и 15 дней, по внесении штрафа был освобожден. «Казах» и после этого подвергался штрафам на разные суммы, доходящие иногда до 3000 руб. (в 1916 г.), и всегда отзывчивые читатели аккуратно вносили штрафы, не доводя дела до ареста А. Байтұрсынова или закрытия газеты. «Казах» просуществовал до октября 1918 года. Создания почти из ничего и просуществовавшая в тяжелых условиях царско-полицейского режима, благодаря умелому руководству и самоотверженному труду А. Байтұрсынова, газета перед закрытием имела свою собственную типографию, большой запас бумаги, небольшую библиотеку, тираж превышал 8000»⁴⁴.

А. Байтұрсынұлының қажырлы еңбегіне бүгінгі біз қиял жүрген әділ баға берілген: «В результате научно-педагогических трудов Ахмета Байтұрсынова мы имеем казахско

³⁹ М. Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 3-том. – Алматы: Мектеп, 2003. 62-б.

⁴⁰ М. Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 3-том. – Алматы: Мектеп, 2003. 62-б.

⁴¹ М. Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 3-том. – Алматы: Мектеп, 2003. 64-б.

⁴² М. Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 3-том. – Алматы: Мектеп, 2003. 65-б.

⁴³ М. Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 3-том. – Алматы: Мектеп, 2003. 62-б.

⁴⁴ М. Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 3-том. – Алматы: Мектеп, 2003. 65-б.

³⁹ М. Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 3-том. – Алматы: Мектеп, 2003. 347-348-бб.

⁴⁰ М. Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 3-том. – Алматы: Мектеп, 2003. 63-б.

азбуку, фонетику, синтаксис и этимологию казахского языка, теорию словесности и историю культуры. Этим кропотливым трудом Ахмет Байтұрсынұлы поднял казахскую словесность на высокую ступень и заложил прочный фундамент для национальной школы и родной литературы.⁴⁵ Мақаланың орис тілінде жазылуы – жалпы жұртқа таныту үшін екені анық. Бүгінгі ахметтанушылар қолданып жүрген мәліметтер толығымен осы зерттеудің негізінде екені де айқын. Сондықтан ахметтанудың негізін қалап берген әдебиетші М.Дулатұлы екенін мойындауымыз керек және қажетті жерде сілтемелер беруге тиістіміз.

М.Дулатұлының «Қирағат кітабы» Орынборда 1923 жылы жарық көрген. Бұған дейін оқу құралы алғаш рет 1916 жылы басылып шыққан. Екі жыл оқылатын «Қирағат кітабы» бастауыш мектепке арналған. Жәлид жазуынан бүгінгі қазақ тіліне Уахаб Қыдырханұлы аударған.

Алаш ақымы, ғалым әдебиетші, әдіскер педагог М.Дулатұлының кітабы «Мұғалімдерге» деген алғы сөзбен басталады. Онда сол кездегі оқыту ісіндегі кемшіліктер айтылған. Сонымен қатар: «Сүйікті қазақ мұғалімдері! Міне, сол сіздер керексінін қазақ тіліндегі оқу кітаптарының бірі – осы кітап. Кемшілігі болса, көрсеткендеріңізге шын көңілмен рақмет айтамын»⁴⁶, – деп жазады. Педагогтың басты шартын алаш ұстазы келесідей берген: «Оқудағы мақсат – жалғыз құрғақ білім ұйрғуы емес, біліммен бірге жақсы тәрбиені қоса беру. Тәрбие беру үшін «Қирағат кітабын» оқытқанда, құр қарасы ғана оқыпай, жоғарыда айтқанымыз секілді, ішкі мағынасын да түсіндіру тиіс»⁴⁷, – деп көрсетеді.

Бүгінгі мектепте білім беруді тәсілуі дәрежесіне түсірген заманда М.Дулатұлының бұл талабының маңызы зор екені аяққа. Білім берумен ғана шектелмей, алаш тәрбиелеу – мектептің басты міндеті екенін алаш ғалымы шегелеп бергендей. Сондықтан ол былай дейді: «Бұрынғы тәртіпте оқытатын заманда бір кітаптан екінші кітапқа түсіру, неғұрлым көп кітап оқыту таңсық еді. Бірақ балалардың жадында керекті білім қалмаушы еді. Қазақ мұғалімдері тәртіптен оқытқанда, мектептің программасы болады. Балалар бөлімге бөлінеді, сабақты сағатқа айырады. Солай оқытқанда, қирағат күніне бір сағаттан артық тимейді. Сол бір сағаттың ішінде «Қирағатты» дұрыстап оқытқанда, кітаптағы қысқа хикаялар, өлеңдер – бір сабақ ұзындары – екі-үш сабаққа бөлініп оқылады, сөздің сыртық қарасы оқылып (бұл сөздің қазақшасы пәлен дейтін басқа тіл емес), ішкі мағынасы һәм онан алатын өнеге жабулы қала берсе, кітапты тез оқып шығып, керекті пайдасына жетпей қалуы сол болады.

Тәжірибесіз мұғалімдерді жоғарыда айтқан қателерден сақтау үшін, кітаптың басынан түскеннен баяндап оқытудың мәнісі қалай болатынын мұғалім болып бір сабақты оқытып көрсетейік»⁴⁸, – деп, алаш педагогі сабақтың барысын талдап берген.

«Баяндап оқыту деген қалай іске асады?» Оған былай делінген: «Өлеңдерді оқып болғаннан кейін үйлеріне жаттап келуге беріп, келер күндердің бірінде талдату керек. Баяндап оқытудың тағы мынадай шарттары бар: анық, айқын оқу, ыңырсымай, сөзді орындап сөзбай, салмақты, айтатын орында асықпай, кісі қалай сөйлесе, солай оқу керек. Сұрау, таңдану, кідіру белгілерін тейінше оқып, дауысты көтеретін орында көтеріп, бәсеңдететін орында жай оқу тиіс. Балалар дұрыс оқи алмай қиналғай жерде, мұғалім өзі оқып көрсету лайық. Баяндап оқытудың асыл мақсаты һәм тәртібі қысқа да болса, осыдан аңдалса керек»⁴⁹. Алғы сөзден кейін А.Байтұрсынұлының өлеңі берілген: «*Балалар, бұл – жолбасы даналыққа, келіңдер, түсін, байқап қаралық та. Бұл жолмен бара жапаңан өзіндей көп, сазарды көре тұра, қалалық па? Даналық – өшпес жарық, кетпес байлық, жүрiңдер iздеп тауып алалық та!*»⁵⁰. Кітап Ыбырай Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылық!» өлеңімен ашылады: «*Бір Құдайға сыйнып, Кел, балалар, оқылық! Оқығанды көңіле ықыласпен*

тоқылық! Істің болар қайыры, бастасаңыз Алланы, оқымаған жүреді қараңғыны қармалар!»⁵¹.

Ахмет Байтұрсынұлы, Өкpэм Ғалымов, Мағжан Жұмабаев, Абай, Н.Анов, т.б. көркем шығармаларынан келтірілген мәтіндердің мәні зор «Қобыланды батыр мен Тайбұрыл» үзіндісі әуелгі калпында берілген: «*Әуелі, Алла, Анайым! Хақ жератқан Құдайым. Ұжмақпа хорлар сымбатты, үйде Құртқа жұбайым. Жұбайым оқы болды деп, жемеймін, Бұрыл, уайым! Шешең түптеп деуші еді, шешенің сөзін сынайын. Жан серігім бұрыл ат, жайың қалай Бұрылжан? Қалқам, бұеін бұлаймын!*»⁵².

Кітапта келтірілген мәтіндердің гибраттық мәні зор екені бірден аңғарылады («Бай мен жарды баласы», «Арыстан, қасқыр һәм түлкі», «Қасқыр қысты қалай өткізеді?», А.Байтұрсынұлының мысалдары, т.б.). Кітап мақалдар тараушасымен тәмамдалған. 35 мақалдың көбі бүгін ұмыт қалғанымен таңғалдырады: «*Жомарт бергенін айтпас, ер айтқанынан қайтпас, жалғыз жігіт би болмас, жалғыз ағаш үй болмас. Арғымақты жамандап, кәне, түлпар таңқаны*». Оқу құрал сол кездегі қазақ әдебиеті үлгілерін насихаттау ғана емес, оның қоғамға, ұрпақ тәрбиесіне тікелей қажет екенін мойындау үшін жазылған.

Қазақ әдебиеттануын тарихи контексте қарастырып, оның негізгі өкілдері туралы ғылыми құрды зерттеулер қалдырған Алаш әдебиеттанушысы М.Дулатұлы туралы С.Торайғырұлы: «...Ешкімнің Әліханға бар ма сөзі, демейді қандай қазақ оны аң көзі. Семеі тұрсын, жеті облыс бар қазақтан таласыз әжеке-дара тұр ғой өзі. Ел үшін құрбандыққа жанын берген, биік, бұрғе, қандыаға қанын берген. Ұрадай сасық ауа, телірі үйде зарығып Алаш үшін бейнет көрген. Түймеге жарқылдаған алданбаған, басқадай бір басы үшін жалданбаған. Қоркейер қайткенде Алаш деген ойдан, басқа ойды өмірде майданбаған. Заманда басқан аяқ кейін кеткен, жасымай Алаштың қызмет еткен. Бааса да қалың тұямын, қарағы мүш, тұямын бақ жүрдібізге көзі жеткен. Басында оя қарағым тұр ғой дайын, тек ұзақ өмір берсін бір Құдайым. Дулатов, Байтұрсынұлы, Бөкейханов, білемін бұл үш ердің айтпай жайын. Кенеге қара күнде болман па еді: Бірі – Құл, бірі – Шолақ, бірі – Айым! Солардан басқа кеше кім бар еді? Қазақ үшін шам қылған әсерек майын?...» – деген екен. Алаш ардақтысы, «Оян, қазақ!» деп жар салған Міржақып туралы сөзді өзінің замандасы, қазақтың ауылы ақыны Сұлтанмахмұттың сөзімен аяқтағанды жөн көрдік.

М.Дулатұлы «Қазақ халқының бас адамдарына» мақаласында Азамат Алашұлы, «Айқап» 1911, № 7) былай деген: «Біздің әрбір ісіміздің негізі бос, өмірі қысқа. Оқығандарымыз бар – қағымсыз тесік, байларымыз бар – төбесі тесік. Екеуі бір жерге желімдесе де қосылмайды»⁵³.

Алашқа жаны ашыған тұлға осы екі қауымның басын қосып мензейді. Биік дәрежедегі жігіттеріміз бен қазақты біліп, жұрт ағасы болып келе жатқан ел ішіндегі жақсыларға айтқан сөздері бүгін де өз күшін жойған емес: «Қазақ халқы жетектеп жарық дүниеге шығарушы қаһармандарға мұқтажбыз», – дейді Алаш ғалымы. Осыдан 100 жыл бұрын айтылған бұл сөздер күні бүгін қазақ үшін қажетті. «Оян, қазақ!» деп ұлтының еңесін көтерген Алаш ардақтысының ғылыми мұрасы бүгінгі Тәуелсіз ғылымға қосылған сүбелі үлес екені айқын. Олай болса, бұл ой, пікірлерді іске асыра білейік.

⁴⁵ М.Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 3-том. – Алматы: Мектеп, 2003. 66-б.

⁴⁶ М.Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 4-том. – Алматы: Мектеп, 2003. 13-б.

⁴⁷ М.Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 4-том. – Алматы: Мектеп, 2003. 13-б.

⁴⁸ М.Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 4-том. – Алматы: Мектеп, 2003. 15-б.

⁴⁹ М.Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 4-том. – Алматы: Мектеп, 2003. 19-б.

⁵⁰ М.Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 4-том. – Алматы: Мектеп, 2003. 19-б.

⁵¹ М.Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том. – Алматы: Мектеп, 2003. 41-б.

⁵² М.Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 4-том. – Алматы: Мектеп, 2003. 20-б.

⁵³ М.Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 4-том. – Алматы: Мектеп, 2003. 100-б.

⁵⁴ М.Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том. – Алматы: Мектеп, 2003. 41-б.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ –ҚАЗАҚ ҰЛТШЫЛДЫҒЫНЫҢ РУХАНИ КӨСЕМІ

Тіленов Е.Е.
Ш.Шахметов атындағы тілдерді
дамытудың республикалық
үйлесіріу-әдістемелік орталығының
директоры, филология ғылымдарының
кандидаты

Әлемдік тарих тәжірибесі мемлекеттік идеясымен бірге ұлтшылдық идеясының да туатындығын көрсетті. Бұл идеяны тудырғандар сол мемлекетті құрушы ұлттың озық ойлы өкілдері болды. Сондай-ақ, бұдан өзге де ұлтшылдық типі пайда болды. Ол тарих талайымен өзге мемлекет құрамына еніп қалған, сөйтіп отарлық езгіні басынан өткізіп, дербес мемлекеттілікке, тәуелсіздікке жете алмай отырған ұлттардың ұлтшылдығы болатын. Яғни, барша дүниеде ұлтшылдықтың негізгі екі түрі бар. Бірі – ұлттық астамшылықпен байланысты империялық ұлтшылдық. Екіншісі – өзінің саяси, рухани тәуелсіздігіне ұмтылған табиғи ұлтшылдық. Ал түрлері бұдан да көп. Мәселен, азаматтық ұлтшылдық, саяси ұлтшылдық, әлеуметтік ұлтшылдық, таптық ұлтшылдық, табиғи ұлтшылдық, астамшы ұлтшылдық, мәдени ұлтшылдық, т.б.

Қазақ тарихындағы ұлтшылдықтың қайнар бастауында Алаш қозғалысы қайраткерлері тұрды дедік. Осы саяси-рухани құбылыстың туында Аханның өз тұлғасының да, шығармашылығының да, күресінің де орны ерекше екендігі айтылған, айтыла беретін ақиқат. Ахмет Байтұрсынұлының осы қайраткерлік ғұмырының өнегесі, шығармашылығының тағылым бүгінгі қазақ баласына да шарапатын тигізбек. Саясат майданындағы қайраты да, қаламынан туған еңбектері де – Аханның ұлтына деген зор махаббатының көрінісі. Қазаққа деген осы ұлы құштарлық оны нағыз ұлтшыл етті. Халқына қам, еліне ем болған мұндай ұлтшылдық зор құрметке де, көрнекті үлгіге де лайық. Өйткені Аханның ұлтшылдығы – қазақ болып қалуға, қазақтың басын қосуға, қазақ болып өркендеуге, қазақтың мәдениет басқышына көтерілуіне, қазақтың дербес мемлекетін қалыптастыруға негізделген табиғи ұлтшылдық болатын. Осы ұлтшылдық барша қазақты оятты, намысын қайрап елдікке шақырды. Ахан бастаған зиялылардың біріге алатындығын, апаттық жолында күресе алатындығын Алаш қозғалысы паш етті. Дегенмен, Алаш қозғалысы тудырған ұлтшылдық дәуірі ол қазақтың бойына ғасырлар бойы жинақталған орасан қуаттық жемісі болатын. Орыс отаршылдығына қарсы бағытталған әскери, мәдени күрес Ахандар заманында саяси күреске арналды. Алаш қайраткерлері қазақтың ұлттық мемлекеті орнатылмайынша, ұлттың мәселесі толық әрі түпкілікті шешілмейтіндігін терең түйсінді. Қазақтың азаттығын алып, құқығын шектеген Ресей отаршылдығы қазақ ұлтшылдығының қалыптасуына кең жол ашты. Міржақып Дулатовтың: «Бізді ұлтшыл қылған – қамдықта, қорлықта жүргеніміз, көрінгеннен соңғы жөсеніміз еді» [1] дегеніндей, қазақ ұлтшылдарын туғызып отаршыл үкіметтің зорлықшыл тәртібі, үрейлі саясаты. Бұл саясатпен күресудің Кеңесарылар бастаған қарулы жорықтары да, ағартушылар ұстанған насихатшылдығы да жеңіске жеткізбесін түсініген Алаш зиялылары жаңа жолды таңдады. Сондықтан, отаршылдық қамытынан тек күреспен ғана арылуға болатындығын ұғынған қазақ ұлтшылдары күрестің амалдары мен мақсатын айқындады. Біздің ойымызша, мұндай амал схеу еді. Біріншіден, отаршыл үкіметтен халықтың құқығы мен тегін талап ету, оған қол жеткізу. Бұл – саяси жол. Екіншіден, халыққа өзінің құқығы мен бостандығын білдіру, санасмаға сіңіру еді. Бұл – рухани-ағартушылық жол. Алаш қайраткерлерінің күресін қарағанда олардың баршасы осы екі жолмен жүргендерін аңғарамыз. Саяси жол 1905 жылы бастала, рухани-ағартушылық жолдың басы десеңіз те, бәдерлі белесі ретінде «Қырық мысаң», «Оян, қазақ!» жарық көрген 1909 жылды атаймыз. Міне, осы кезеңнен бастап Алаш қайраткерлері қалыптастырған Ұлы

ұлтшылдық дәуірі басталып, бұдан соңғы саяси һәм рухани күрестерге ұласты. Бұл күрестің үлкен қорытындысы – 1917 жылғы «Алаш» партиясының Алашорда үкіметінің құрылуы, ең басты нәтижесі Алаш автономиясының жариялануы еді. Кеңестік диктатура Алаш автономиясын мойындамай, зорлықпен таратқанымен Алаш мұраттарына берілген Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мұстафа Шоқай, Халел Досмұхамедұлы, тағы да қаншама абзал азаматтар өздерінің ұлтшыл платформаларында қалды. Оны жалаң интернационализм таңалып жатқан кеңестік дәуірдің алғашқы жылдарында жазылған «Қазақ қалам қайраткерлері жайынан» атты еңбегінде: «Қазақ баласын ұлттық, жұрттық, бауырым деп үйреніп қалған қазақтың бауырына қалам қайраткерлері октябрь өзгерісі болғанда бірден интернационал (бибауырмас) болып өзгере алмады, өзгелердей «алымсақтан бері» коммунист, интернационалист елім деп айтуға аузы бера алмады» [2, 277] деп жазғаны дәлел. Осы Ұлы ұлтшылдық дәуірінің мәдени-рухани дәстүрінің дәні қазақ топырағына мықтап егіліп, ол кейін кеңес дәуірінде Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Бауыржан Момышұлы, Әлкей Марғұлан, Ермұхан Бекмаханов, Лияс Есерберлин, Мұхтар Мағзун, тағы да қаншама лек қазақ қаламгерлері мен ғалымдарына ықпал етті. Ахан түрлеген ана тіліміздің табиғатын таныуды оның ғылыми мектебі қалыптасты. Ол мектептен бүкіл қазақ тіл білімі тәлім алып дегуге болады. Сондай-ақ, Міржақып Дулатовтың, Халел Досмұхамедұлының, Мұхамеджан Тынышбаевтың, Телжан Шонақұлының, Елдес Омарұлының еңбектері де кейінгі қазақ ғылым-біліміне өлшеусіз ықпал жасады. Ал қазақ ұлтшылдарының саяси күресі, ұлтқа деген риясыз адалдығы мен берілгендігі бүгінгі азат елдің ұрпақтарына тағылым мектебі боларлық. Әрбір ұлт өзінің ұлы адамдарымен, үлкен оқиғаларымен, ірі кезеңдерімен мақтана алады. Біз сан ғасырлық қазақ тарихына көз салғанда өзге де айбынды кезеңдерімізбен бірге Алаш дәуірімен мақтана аламыз. Өйткені, қазақ ұлтшылдары жасаған Алаш дәуірі – қазақ баласының бойындағы күрескерлік күшті, рухани қуатты, бостандыққа деген сенімді паш еткен, ең бастысы ұлттың азаттығына ұмтылған ұлы кезең.

Алаш қайраткерлері жасаған Ұлы ұлтшылдық дәуірде өзге ұлттан кек алу, өзге халықты тұқырту немесе мүгеу әрекеттері болған емес. Қазақ ұлтшылдары туған халқының тегіді мен бостандығы үшін күресті. Ахандар ешқашан қазақтың өзгеден артықшылығын, ерекше болуын насихатпаған да емес, өзгелерге үстемлік етуді де мақсат етпеген. Ұлт көсемінің бір де бір еңбегінде қазақ халқы орыстан, я болмаса татардан, басқадан артық демеуші. Ол қазақтың «қалпын» да, «салтын» да сынмен бағалап, халқын білімге, мәдениетке үндейді. Білімге, мәдениетке үндеу Аханда және басқа да алаштық қайраткерлерде XIX ғасырдың ағартушыларынан өзгереді сиятты. Өйткені Ахандар қазақты өзгелермен білім мен мәдениет теңестіретінін, олардың ұлттың қаруы мен қорғаны екендігін жақсы өсиңген. Содан соң да ол: «Мәдениеті жоғары халық – мәдениеті төмен халықты аз-көбіне қарамай жем қылатыны айдап анық, күндей жарық арықат. 200 миллион үнді халқы 50 миллион ағылшын жем қылып отырғаны, 500 миллион Қытайды өзінен он есе аз жұрттық ажуалап отырғаны – адам баласының теңдігі-кемдігі мәдениетіне қарай екендігін ыспаттайды» [2, 279] деп жазды. Отаршыл саясаттың жетегіндегі қазаққа еркіндік болмай, азаттық берілмей оның халін түзеу мүркін емесігін терең түсінді. Сондықтан, Ахандар тобы бұрынғыша ағартушылық дәрежеде қала алмады да бостандық ұрандарын жариялап, саяси күреске шықты. Ұлттың құқығы мен тегіндігін отаршыл үкімет өз еріктерімен бермейтіні де еді, бермек түтілі, жылдан жылға қазақ даласына келіссектерді төгіп, бекіністерін көбейтіп, кең сахараның тынысын тарылта бастаған. Міне, осындай жағдайда жағпай білігін орната бастаған империя саясатына қарсылық жасау керек болды. Солардың алғашқы қадамы «Қарқаралы құзұрхат» болғандығын айттық. Мұндай талаптың орындалмайтындығын ұғынған қазақ ұлтшылдары ең алдымен қазақтың өз санасын көтеру керек екендігін, намысын ояту қажеттігін ұғынды. «Қырық мысаң» да, «Маса» да осының айғағы. Сөйтіп, қайраткер Ахан, ұстаз Ахандар ақындыққа барды. Болмысынан қызуқандылықтан гөрі сабырлы, төзімді, ақыл мен қайраттың адамы Ахан поэзияны өлең-жырға әуес келетін қазақтың табиғатына жақын болғандықтан әдейі жазды. Болмаса, ол кісінің ақынлығы Абайдай

терең, мағжандай көркем емес. Табиғатынан ақын еместігін, әйтеуір, қазаққа өлең-сөз татымды болғандықтан, насихат сөздерін ұйқас пен ыраққа құрғандығын өзі де сөскерткен болатын. Кең сахараны, тұтас ұлтты ояту үшін газет керек еді. Ахмет Байтұрсынұлы бас болып, Алаш қаламгерлері бірнеше жыл ерекет етіп, әйтеуір 1913 жылы Орынборда «Ұлт» газетін дүниеге келтірді. Газеттің бағыты жөнінде сол заманның күзгері Мұхтар Әуезов: «Қазақ газетінің мезгілі әдебиетке ұлтшылдық туын көтерген мезгілімен тұстас. Ол уақыт қазақ жұрты 1905 жылдың өзгерісті өткізіп, ел дертінің себебін ұғып, емін биіп, енді қазақты оятып, күшін бір жерге жисып, патша саясатына қарсылық ойлап, құрғақ уайымнан да, бос сөзден де ісқа қарай аяқ басамыз деп, талап қыла бастаған уақытына келеді» [3, 350] деп жазғаны мәлім. «Қазақ» газеті қазақ зиялыларының басын қосып, саяси күреске үлкен ұлы миссияны орындады. Әсіресе, Ақпан төңкерісінен кейінгі кезеңде облыстық, уездік қазақ сиездерін ұйымдастыруда, қазақ комитеттерін ашуда, Бірінші, Екінші жалпықазақ сиездерін өткізуде осы шынайы ұлт басшылығының орны да, ролі де айрықша болды. «Қазақпен» бірге «Сарыарқа», «Бірлік туы» газеттерінде ұлт зиялыларының мәдени-ағартушылық ұлтшылдығы басымрақ байқалды. 1917 жылғы Ақпан көтерілісінен кейін осы мәдени-ағартушылық күрес, негізінен алғанда, саяси күреске айналды.

XX ғасыр басындағы ұлт зиялыларының еңбегінің арқасында қазақ халқы өзін тұтас ұлт ретінде бұрынғыдан да қатты сезінді. Мұндай өзін-өзі тану кезеңі Еуропада ХҮІІІ ғасырда және ХІХ ғасырдың бірінші ширегінде қатты жүргенін іштеріде айтқан болатынбыз. Батыс елдеріндегі ұлтшылдық пен қазақ ұлтшылдығының айырмасы уақыттық жағынан да, саяси типі жағынан да, күресу амалдары жағынан да аса үлкен. Батыс ғалымдары өз елдеріндегі ұлтшылдықтың формасына қарап, жалпы ұлтшылдық құбылысына баға беріп келді. Ондай еуропалық ғалымдардың ұлтшылдық жөніндегі түсініктері, ғылыми тұжырымдарын, қағидағарын жалпы әдіснамасын біз қабылдай алмаймыз. Олардың мысалы Германиядағы, Франциядағы немесе Англиядағы ұлтшылдық типтері. Әлбетте, осы елдердегі ұлтшылдық ол француздық, немістің, ағылшынның үстемдігін нәсікәттану, Азия, Африка, Латын Америкасы халықтарын мәдени өресін төмен санау. Міне, осы ұлтшылдықты кешелі, бүгінгі философтар, әлеуметтанушылар мен саясаттанушылар, тарихшылар мен қоғамтанушылар сынал жатады. Бұл – дұрыс, себебі еуропалықтардың әлгі ұлтшылдығы ол астамшылық ұлтшылдық. Еуропалық ұлтшылдықтың берілген мұндай баға қазақ ұлтшылдығының табиғатына мүлдем келмейді. Себебі, қазақ ұлтшылдығы ол астамшылық, әсіресе, радикалды ұлтшылдық емес, қазақты ұлт ретінде сақтап қалуы мұрат еткен, қайрат қылған табиғи ұлтшылдық. Басыну, асықуы емес, амалдау қаламы. Ал Ахандар ұлтшылдығының мақсатында енесі түскен ұлтты өзгелерге теңеу, айдауға түскен жаның, талауға түскен малың» қайтару талабы жатты. Ең бағыты Ахандар ұлтшылдықты халықты ұйыстыруға, өзінің абыройын білуге пайдаланды. Сондықтан, ол кездегі қазақ ұлтшылдығы ешқандай саяси доктрина емес немесе ұлттық астамшылық емес, тәуелділіктегі ұлттың жағдайын көтеру, оны бостандыққа жеткізу мұраты болатын. Қазақ ұлтшылдығының пайда болуы жөнінде Ахан: «Қазақ қалам қайраткерлері қайдан туған, қашан шыққан деп сұрау қойылса, жауап қыян емес. 1. Қазақ қалам қайраткерлері арыстың қорлық көрген, тапқы жеген, орыс табанында езілген жұрттан туған; 2. Қазақ қалам қайраткерлері қазақ басына қыян-қыстау зар заман түсіп, үстің торлап, қайы бұлаты қалмақтан шыққан. Құл болған халықтан туып, құлдықтың қорлық зорлығын көріп отырып, қазақ қалам қайраткерлері қаламын ұлттың ауырын жеңіліту, ауырын азайту жолына жұртамасқа мүмкін емес; кемшілік көрген жұрттан туып, кемшіліктен құтқаруды мақсат етіп, өзіні сол жесенде жұртымыз қызын қазақ қалам қайраткерлері жұртшысы, ұлтшысы, яғни халқына жаны аштып, халқының жаны ауырғанда жаны бірге күзілетіні, бауырмал болмасқа тағы мүмкін емес. Олай болмаған болмаса, онда табиғат заңынан тысқары, адамнан шоңқа, шоңқадан күшік туған сияқты болып шығандық [2, 271] деп ұғандырған. Қазақтан туып қазақтың тағдырына жаны ашу табиғи іс, әрбірден сол сауатты шаруа. Әрбір ұлттың мінезі, дәстүрі, тілі, мәдениеті, дүниетанымы бір, ортақ десек, онда әр ұлттың сол әуелгі жаратылыстан берілген ұлттық ерекшелігіне сай болмағы және оны қаламағы табиғи қажеттілік. Жератқан Аламың өз баста бізді әйтеуір бір ұлттан ұрпағы етіп бар қылған соң сол ұлттың тілінде сөйлеп, тәуірсікті танып, тіршілік етсек

жаратылысымызға сай болғанымыз. Яғни ұлтты сүю дегеніміз – сол ұлтқа тән игі қасиеттерді, ізгі мінездерді ояға тоқып, бойға дарытып, қолыңнан келгенше бір шаруасына жарау десек, Ахан бастаған ұлтшылдар шоғыры отаршыл үкіметтің тосқауылы мен тыйымына қарамай жігерлерін жанып, күштерін сарқыл ұлтқа қызмет етті де, бүгінгі біз үшін де, болашақ ұрпақ үшін де ұлтты сүюлік де, ұлт үшін күюдің де үлгісін көрсетті. Соң ұлттан туып, сол ұлтты сүймеу, сол халықтың өзгелерден көрген жәбірін біліп, жүрек сызмамау, бас ауырмау мүмкін бе, әлбетте, есі дұрыс, санасы тұзу адам үшін мүмкін емес! «Адамдық диканшысы» деп жыр жазған, тұтас халыққа сауат аштырған ұлттың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының ұлтшылдығын радикалды ұлтшылдық деп ешкім де айта алмас. Енесі кеткен, енесі түскен халыққа жалпы адамзаттың жағдайын ойла деген утопиялық ұсынысты ешкім де таңа алмас. Өзін жарылқай алмай отырған жұрт, өзгеге не деп бауырмалдық танытсын. Бұл жөнінде Мәниан Тұрғанбайұлы: «Қазақ қатарға кіріп жұрт болсын деген кісі тәрбиенің жолынан айрылмасқа керек, әуелі қазаққа өзінді кім екенін, адамшылық құқығын білдірсе, онан соң Отанын танытып, жақсы көргенде, сонан соң дүниедегі барлық адам баласы бауыр екенін білдіріп, көпшіл адамды сүйісіп қытуға тырысу керек» [4, 58] деп, қазақтың алдымен кім болмағын дәл айтқан.

Ұлтшылдықтың негізгі мақсаты – ұлттың азаттығы. Алаш қайраткерлері сол үшін күресті. Олар жетпеген азаттыққа біз жеттік. Дегенмен, ұлт азаттық алғанда оның барлық мәселесі шешіле қоймайды. Сөйтіп, тәуелсіздік алғаннан кейін де ұлтшылдық жалғасалды. Бұл ұлтшылдықтың негізгі мақсаты – мемлекетсұраушы ұлттың кешегі отаршылдық психологиядан арылуы, ұзақ уақыт отаршылдық заманында жоғалтып алған немесе көмескіленген ұлттық санағы жаңғырту. Бүгінгі сөзбен айтсақ, мемлекеттік ұлтшылдық, оны жұмарталқырап батыстық ынғаймен мемлекетшілдік деп жүрміз. Тәуелсіздік алғалы жиырма жыл уақыт ішінде ұлт зиялылары көтеріп келе жатқан тіл мәселесі кәзіргі кезде ұлттық санағы қалыптастырудың негізгі мәселесіне айналуға, сондықтан бұған ресми билік бүгінгіден де белсене кіріскені жөн деген ойлар айтылып жүр. Кәзіргі кезде қазақ зиялыларының ұлттық мәселелерді батыл көтеруіне мынадай нәрселер себеп болуда. Біріншіден, әлі күнге дейін халық санасының кешегі отаршылдық зардаптарынан арыла алмай жатуы; екіншіден, тіл мәселесінің толық шешілмеуі; үшіншіден, жаһанданумен бірге келіп жатқан жат жұрттықтар ықпалының күшеюі. Сондықтан кәзіргі кезде қоғамда азаматтық ұлтшылдық, этникалық ұлтшылдық мәдени ұлтшылдық көріністері бола бермек. Өйткені, ұлт мәселесі егемендік тұсында толық әрі қарқынды шешілмеуі – мемлекетсұраушы ұлттың өз мемлекетінің тағдырына алаңдаған мемлекеттік ұлтшылдығының өркендеуіне кеңінен жол ашуда.

Бүгінгі ұлтшылдықта саяси реңктен, саяси ұрандардан гөрі қазақ халқының тілінің, мәдениетінің, дәстүрінің өз елінде салтанат күрсе деген азаматтық, моральдық құқы жағыр. Ұлттық мәселе көтеріп жүрген зиялылар қазақ халқының әлдебір басқа халыққа үстемдігі жөнінде емес, қазақ ұлттың осы елдің, жердің иесі ретіндегі құқының дұрыс шешілгенін қалайды. Сондықтан, бүгінгі ұлтшылдыққа саяси емес, рухани-моральдық мазмұн тән. Ол қазақтың тілдік, діни мәдени бірлікке ұмтылысынан байқалады. Яғни, қазақ дербес ұлт ретінде өзінің бірегейлігін өз елінде сақтауға ұмтылса, оның қандай әбестігі бар. Бүгін ұлт ретінде топтасудың да, бірлесудің де арқауы мен дінгегі – ана тіліміз. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Ендеше, біздің ойымызша, қоғамның саяси, экономикалық жаңғыруына ілесіп алмай отырған қазақ тілінің қоғамдағы ролі жөнінде өзін «қазақтың» деп санайтын әрбір азаматтың алаңдауы табиғи құбылыс. Мұндай азаматтардың қатары көбісінен сайын ұлт та, мемлекет те күшеймек.

Әдебиеттер:

1. Дулатов М. Шығармалары. Алматы: Ғылым, 1997.
2. Тіл – құрал. Алматы: Сардар, 2009.
3. Әуезов М. Таңдамалы. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1997.
4. Тәборікұлы С. Қайрат, Мәниан. Алматы: Қағанат, 2002.

АЛАШ ТҮЛҒАЛАРЫ АЛАШТЫҢ МЫРЗАҒАЗЫСЫ

Дихан Қамғабекұлы
филолог, әдебиет тарихшысы,
филология ғылымдарының докторы,
профессор, алаштанушы

Азаматтық тарихымызда XX ғасырдың 20-жылдары ел өрсінің дамуы үшін аянбай төккен жанын бірі - Мырзағазы Есболұлы. Халық тағдыры төлкекке түскен жылдары Алаш Орданың Торғай облыстық комитетінде жауатты һәм басшы қызмет атқарған бұл азамат кенес кезеңінде ұлт рухани атына да қомақты еңбек сіңірді. Өкінішті жері: оның осы еңбегі бағалынбай келеді. Яғни, М. Есболұлы есімін қолданылымдағы оқулықтардан, энциклопедиялардан жана баспамамынан ұшырастырмайсыз.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті архивінде сақталған деректерге қарағанда, Мырзағазы 1891 жылы Қостанай уезі Аманқарағай болысының №4 ауылында туған. Бітірген оқу орны – мұғалімдер мектебі («Киргизская учительская школа»). Қаламгерлік қабілетінің арқасында жасынан қазақ, орыс тілдеріндегі мерзімді баспа сөзбен тығыз байланыс жасаған. Қолынан келгенше «Айқап» журналына, «Қазақ» газетіне жәрдемдескен. Империя астанасы Петерборда ресми шығып тұрған «Муусульманская газетаның» тілшісі болған. «Қазақстан» жарияланған «Жер туралы», «Үлгі алтын іс», «Үлгі мектеп», «Күрбанық майды», «Майшанан хат», «Жұмысшылар жайынан доқпа», «Адастан жігіттер» атты мақалалары белгілі Мемлекеттік режим тұсында «Муусульманская газета» баспамамында жарық көрген «Вол з степей» (Қырдағы өгіз) атты мақаласы үшін М. Есболұлына 400 сом айып салынған (сол кезде бұл жетпейтін қаржы).

1916 жылы зейті «Йюль жарлығына» кейін майдаға аттанған қазақ жігіттеріне бас-көз болуды ойлап, Ә.Бөкейханмен бірге (сол жылдың соңғы айлары мен 1917 жылдың басында) Минсктегі әскери қосындарды аралайды. Отандастарына араланып, қорған болады.

1917 жылдың наурыз-сәуір айларында елге келіп, саяси қоғамдық істерге араласады. Алаш қозғалысына ит салысады. 1929 жылы 3 ақпанда тергеушіге берген жауабында: «1919 жылы ақпанда Троицкіде Дутов штабының қамауына, 15 шілдеде Қостанайда Колчактың қамауына түстім», - дейді. ҰХК архивінде сақталған құжаттарда М. Есболұлының Торғай оқиғасына, Тараң, Амангелді өліміне қатысты жазба аузынан жазыл алуы да мүмкін мәлімдемелері тіркелген. Мұнда ол аласыпран кезеңге шынайы баға беріп, көрсен-білгенін, түйенің жасырмай айтқан.

Алаш қозғалысы диктатуралық қысыммен тоқтатылғаннан соң, 1919 жылы сәуірдегі кеңес үкіметінің «кешіріміне» пайдаланып, 1920 жылдан бастап Мырзағазы жаңа қоғамның шаруашылық басқару жұмыстарына кірді. Саясат хауасын жіті сезінген ол Қазақстан Республикасының астанасы Орманборда көп аяламады, 20 жылдардың басында – ақ әзірге қуғын-сүргінді жоқ Түркістан автономиялы республикасының орталығы Ташкентке қоныс аударады. Мұнда жер-су комиссариатында, Мемлекеттік сауда басқармасында жауатты қызметтер атқарды. Негізгі жұмысымен қабат М. Есболұлы шығармашылық жұмыстармен де айналысты: «Ақ жол» газетінің жанапшыры болды. 1922 жылы дүниеге келген мәдениет көркейткіштерінің «Талаа» атты қауымының басқарма мүшесі ретінде көзге түсті. «Талаа» ұйымының жәрдемімен қаладағы оқығандарына шәкірттерге Ыбырай Алтынсарин жөнінде, ағартушының қиы тағдыры мен шығармашылығы туралы дәріс оқып пікір алмасу сабақтарын өткізді. Осы аралықта Мырзағазы Ресейлік профессор Д.Кудравскийдің «Как жили люди в старину» атты танымдық зерттеу кітабын «Арғы мәдениет» деген атпен аударып шықты. Бұл кітап 1924 жылы Түркістан мемлекеттік баспасынан Ташкентте жарық көрді.

М. Есболұлы тоталитаризм құрығына 1929 жылы түсті. Өзіне тағымған жапқан айып жөнінде ол: «Орта азия ауышаруашылығы банксізіндік несіздік ісі бойынша тергуде отырмын. Тергесті басқарманың екі құрамы ғана тартылды. Банк жәрдеміне сөйсе, ұрқамдық жауапкершілік ескерімей тұр», - дейді. Бұдан аңғарылатыны: НКВД Мырзағазыны қалға түсіру үшін айғауы бір желеуді ойлап тапқан. Сөйтін ол «Болошескіне қалдылық жасауды ойластырған топқа ойдың қиыластырған істің бірі қосақталып кете берген. Соңғы «қызмысты» іс бойынша 44 адамға тұтқындалды. Олардың ішінде А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабайұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Дулатұлы т.б. азаматтар бар еді. 1929 жылы 16 тамызда олар Алматы түрмесінің Мәскеудің Луизижа

облыстығына айдалды. 1930 жылы 4 сәуірде Біріккен саяси Бас басқарманың атқасы қолдегі 13 кісіні ету жазасына кесті. Осы жазаны алғанның арасында белгілі азаматтардан Ахмет, Міржақып, Жүсіпбек, Мырзағазының есімін көреміз. Бірақ 1931 жылы 13 қаңтарда жоғарыда аталған алға үкімі кейбір азаматтар үшін бұзылып, оларды 10 жыл мерзімге жер аударған. Мырзағазы мен Міржақып Ақ теңіз – Балтық каналының бойындағы Сосновец стансасына, әйгілі Соловьевке айдалған. М. Есболұлының осында жүріп, 1934 жылы бір саяси науқанның кезінде көппен бірітіп түскен суреті сақталған қараңы: М. Дулатов, Шығармалары, А. 1991. 352-353 беттер. Мырзағазының зиялылармен ертерек түскен Ташкент кезеңі болу керек және бір суреті Мәтжан жиһағында ұсынылған (Қараңы: М. Жұмабаев, шығармалары, А. 1989. 288-189 беттер). Міржақып, ресми деректерге қарағанда, 1935 жылы қазақ айында лагердің лазаретінде науқастық қайтқан. Егер бұл рас болса, Мырзағазы ардақты ағасын ақтық сапарға шығарып салуы мүмкін.

1934-1935 жылдары бірсыпыра зиялылар, мысалы, Ахмет, Мәтжан, М. Горький зайыбының жәрдемімен елге босанып келді. М. Есболұлы мұндай «жеңілдік» алған жоқ сияқты. Келгендердің өзі 37 жылы қайта ұсталды. Мырзағазы да сол зұлматты жылдың құрбаны болды.

Қаламгер Мырзағазы Есболұлының сонында қалған есулі еңбек – оның «Түркістанда келімсектер орнаған аудандардағы жер мәселесі» атты зерттеу кітабы. Бұл кітабын 1923 жылы Ташкенттегі Түркістан мемлекеттік баспасы шығарған. Таралымы-2500 дана.

М. Есболұлы аталған еңбегі ұзақ жылдар «жабық кітаптар саңасында шаң қауып жатқаны мәлім. Ол жөнінде біз 68 жылдан соң алған ақпәр беріп, шағын үзіндісін 1991 жылы 15 маусымда «Социалистік Қазақстан» (көзір Егемен Қазақстан) газетіне «Келімсектер Түркістанда қалай қоныстанды?» деген атпен жарияладық. Осы үзіндіні М. Аққоңыр орнама аударып, «Толос Азия» газетіне бастырды.

Қаңарде ұстайтын бір нәрсе: Мырзағазы қайраткер болмағанын өзінде «... Жер мәселесі» кітабымен – ақ тарихта қалар еді. Өкінішке орай, бұл кітап ғылыми айналдыға әлі түспей отыр.

Кітаптың мән-мазмұны туралы айтпас бұрын оның жазылу себебіне өз кезеңіне тоқтаған орында. Ұлттымыздың сорына қарай, «... Жер мәселесі» кітабы турдан тап екі ғасырдай уақыт іштерірек, қым-қияш шақта мансаппен әсіре қылап мықтап буыны босап, қайсарлықтан танып аттөбелдей ел басшылары аңт су ішіп, ресми құжатпен Ресейге мойын ұсынды. Сөйтін, аралы шығыпған қос жарықтың біреуінің жемтігі болды. Ессесі билік Ақ ордаға еркін кіріп, Ұлы даламыз мәрткі мінезіне жазбаған әр қазақ үшін бодан болу деген сөз – асыл сүйегіне түскен қара таңбамен пара-пар еді. Патшалық Ресейдің желіс жүні, күдірейді-ер қазақтың саяғы сынды. Айналдырған жүз-жүз 30 жылдың ішінде орыс отаршылары қазақтың күллі жеріне ауып салды. «Қазақтың жері – қазынамыз жері». 1891 жылы 25 наурызда Ресей өкіметі осылай үкім шығарып, қазақ жерін өзінің жеке меншігіндегі иеленуге көпті. Ессесі басқан ауыр күндер жалғаса берді.

Патша өкіметінің отарлау саясаты – жалаң айта салатын, жадағай жаза салатын, жеңіл – жеңіл нәрсе емес еді. Ол – алуеметтік астары қатпар-қатпар, саяси боауы қалың, қырғасты дүниетің.

1917 жылы қазақ айында Ресейде жасалған саяси төңкерістен соң бірер жылдың ішінде болынеанетік диктатура мықтап орнағаннан кейін, кешегі қаңқайлы отарлау жаңа сипат алатынын зиялылар жақты түсінді. «Елді жаппай ағарту» ұрамы көтеріліп шақта ұлт оқығандары мүмкіндікті пайдаланып, жұрттың шыншыққа көзін жеткізетін, оң-солын танығатын еңбектер жазды. М. Есболұлының «... Жер мәселесі» атты кітабы осы мақсатта туы.

1923 жылы 1 наурызда жазған «Жазушыдан» аталынатын кіріспе сөзінде автор: «Санжар Аспандиярды мен Ораз Жанқосылы маған «Түркістанда келімсектер орнаған аудандарда жер мәселесі» жайынан осы кітапты жазып бер дегендіктен, жамысқа шығып кірісуге тура келді» - дейді. Осыған қарағанда, М. Есболұлы жер мәселесін жетік білген. Алғаш сөз соңында ол: «Аспандиярды, Жанқосылы, Тынышбайұлының керсеткен жол – жөнін пайдаланғаным үшін бұларға алға разы болсам айтамын», - деп қаламгерлік иба танытады.

Кітап 5 бөлімнен тұрады. Кібір бөлімдер іштей тармақталған. Бірінші бөлім: «Түркістанда келімсектер орнаған аудандарда жер мәселесінің жайынан бір-екі сөздей аталады. Мұнда қаламгер отаршылардың Түркістанда жүргізген жер саясатының мәніне үйіледі. Автор оған «бір-екі сөзбен» тоқталмайды, әрине. Өзекті мәселелерді нақпа-нақ жазды.

Екінші бөлім «Түркістанда жер пайдалану реті 1920 жылға шейін» деген атпен берілген. Бұл бөлімде автор патша өкіметі жүргізген отарлау саясатының себеп-салдарына, «жер өлшеушілердің» ықпалын әрекетіне тоқталады. Осы бөлім «Түркістанда қазақ-қырғыз аудандарына іштен келімсектердің орнауы», оған шыққан нәтижесі және «Түркістанның отырықшы ауданында жер

мәселесі» атты тармақтарға бөлінген, Тармақтарда жер жағдайы, халықтың орналасу тәғыздығы, әлеуметтік дәрежесі әр түрлі көшпелілер мен отырықшыларды ата қонысынан ығыстыруда патша өкіметінің қолданған іс – шаралары сөз болады.

Үшінші бөлімнің аты – «1920-1921 жылдардағы жер түйінін шешу жұмысының жоспары, программасы». Қаламгер мұнда әбден ұшыққан, оңай шешілместей жие байланған жер мәселесін реттеу үшін кеңес өкіметінің бастапқы жылдарында жасалған талаптарға талдау жүргізеді. Бөлім «Жер түйінін шешу турасында кеңестер өкіметінің шығарған заңдары», «Жер жұмысының жүргені одан шыққан нәтиже», «өкелдер ұйымының түзілісі», «Түркістанда жер жұмысынан (жер реформасынан) жергілікті халықтардың еңбекшілері қандай пайда қылады?» атты төрт тармақтан тұрады. Бұларда зерттеуші жер саясатымен айналысатын жаңа мамандардың игі ізденісін нақты мысалдармен көрсетіп, жіберген қателерін де жасырмашы айтады.

Төртінші бөлім «1922 жылғы жұмыс» деп аталады. Көмекті қаламгер Қ.Көменгерұлы 20 жылдарың әрбір жылы бейбіт уақыттың 7-8 жылына пара-пар дегені белгілі. Ендіше М.Есполдұлының 22 жылды өз алдына алып қарастыруы ақылға сыйымды. Автор яқұнда баспасөзге жарияланған статистикалық мәліметтерге сүйене отырып, бір жылдың ауқымында атқарылған істер жөнінде тұжырымдар жасайды. Осы бөлімде қаламгер «Жер хақында шыққан негізгі заңнам» мақсат-мазмұнына тоқталады.

Соңғы бөлімнің аты – «Алдағы істелмек жер жұмыстары». Бұл бөлімде автор келешекте атқарылуы тиіс істерді өзіне жүйелейді. Осы ретте ол Түркістан Республикасы жер-су комиссиясының нақты іс жоспарларына арқа сүйейді.

Кітап қортындысы ретіндегі «Сөз аяғында» М.Есполдұлы жер мәселесін қалай зерттегенін, оның қай тұрғын терең бойлай алағанын, жалпы осы зорлықты толық шешудің жөнін айтады.

Еңбек соңында ғылыми зерттеулерге сай, пайдаланылған әдебиеттер берілген. Соңдай-ақ, кітапқа қосымша «1923 жылы жүзеге асырылмақшы жер жұмысының жоспары ұсынылған».

М.Есполдұлының «Түркістанда келімсектер орнаған аудандарда жер мәселесі «зерттеуі – ғылыми аппараты бар, сілтемелері нақты, деректері нанымды, тілі түсінікті еңбек. Бұған қарап, Мырзағазы ғылыми жұмыстарды көп оқып, өз бетінше ізденген деп түюге болады. Зерттеуде патша өкіметінің жарлығы, ережесі, отаршы саясаткерлер Стольниц, Крюкова, Кауфман пікірлері, Гавриловтың «Түркістандағы келімсектер ісі», Васильевтің «Жеті су жері-отар орны», Чиркиннің «Түркістандағы жер мәселесі туралы мағлұматтар» атты кітаптарындағы деректер, кеңес өкіметі шығарған заңдар еңбек мұрағатына сәйкес талданады.

Автор нақты деректерге табан тіреп отырып, Түркістанда отарлау барысында 1891 жылғы шешім мұнда 25 ірі поселке түссе, 1915 жылы бір ғана Жетісуда бұл сан 600-ге дейін күрт өскенін көрсетеді де, осы өсімнің сырын, құпиясын оқырманға паш етеді.

М.Есполдұлы жер жөніндегі төмендегі сұхбат билеп төстеушілікті анықтайды:

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ	
Қазақ-орыстарға	667,000 десятина жер алынды
Олардың қалапарына	37,000
Ескілікті келімсектерге-	232,000
Жаңа келімсектерге-	1,277,000
Қазынаға-	1,750,000 десятина жер алынды

СЫРДҰРИЯ ОБЛЫСЫ	
Ескілікті және жаңа келімсектерге-	607,000
қаласын десятина жер алынды. Саны-	260
қаласының саны-	260

ФЕРҒАНА ОБЛЫСЫ	
Келімсектер 75 000 десятина жер алынды қаланың саны-	50

САМАРҚАНТ ОБЛЫСЫ	
Келімсекке 3 500 десятина жер алынды қалалары -	3

ТҮРІКМЕН ОБЛЫСЫ

Алынған жер -	700 десятина
Қалалары -	28

Келімсектердің барлық жері жергілікті халықтардың жерінен 15 есе артық.

Бұл санға қарап, 20 жылдарға жер мәселесі қандай мұра болып жеткенін кез-келген адам аңғарады.

Зерттеуші бір кездері Ресей мемлекеттік кеңесінің мүшесі Крюковтің «Америкада жергілікті халық түсті халық секілді қазақтарды жер жүзінен жоқ қылу керек», - деп ашық айтқан сөзін орыс отаршылдары қалай жүзеге асырғанын да зордәлейді.

Автор сонымен бірге кеңес тарихы бір кездері «Қазақ пролетариаты» деп таныған жатақтардың пайда болу себебін былайша анықтаған: «Елден мал кеткен соң, көші-қон қалып, жатақ деген жаман ат шықты. Жатақ жай жатпайды екен оған тамақ, киім керек екен. Тіршілік күресінде келімсектерден жымғылыс тауып, оларға малайлыққа кірді. Күн санап, жыл санап, малайдың саны көбейе берді. Көбейген сайын еңбек күші азая берді».

Ал, біз болсақ, тап жігін ажырату ұршымен «жатақ – қазақ байынан қашып барып, бір жерге орныққан топ» деп қате тұжырымдан жүрдік. М.Есполдұлы еңбегі ресми тарихта осы күнге шейін жазылып, дәлелденіп жүрген және бір теріс түсінікті жоққа шығарады. «Тәлімді егін шашу келімсектер келген соң шықты» деген сөз – орыныс сөз, - деп жазды Мырзағазы. Өйткені, келімсектердің өзі түгілі иесі жоқ уақыттан бері қазақ жұрты егін шашады. Егінің шығамына келсек 1914 жылы тарихшы, дүңгөндер бір десятина дем – 70 пұттан артық, қазақтар – 56 пұт шамасында, орыс – 51 пұт астық қалғаны. Бұл – зерттеушінің долбары емес, мамандардың нақты есебіне сүйеніп айтқан пікірі.

М.Есполдұлы толғандырған көкейтесті мәселе – кеңес мәселесіне кіріп алып, колонизаторлық көзқарастан айыршылған «жуан жүндірік қара жүректердің» әрекеті. Бұлар жөнінде ол: «Кеңестер өкіметінің еңбек міндетін өтеу хақында шығарған заңы өздерінің пайдасына кіргізді», - деп тұжырымдапты. Мырзағазы жер туралы жаңа заңдардың кейбір баптарынан отаршы саясаттың типтізген салқынын жігі аңғарып, мамандарды соны түзетуге шақырады. Қаламгер-зерттеушіге жер туралы кеңес заңдарындағы қайсыбір төмкерістік қасиет ұнағанымен, шұғылдық сипат, әлем тәжірибесін ескермегендік ұнамайды. Сондықтан, ол заңның білімпаздар тезінен етуін қалайды.

Кітап авторы кәсіпшіл емес. Ол Түркістанда өмір сүріп жатқан барлық ұлт бұған кеңегі келімсек те кіреді, тең болу керек деп санайды. Сол себепті патша өкіметі жүргізген ұятаралық қақтығыстың құралы есебіндегі жер саясатының зардабынан айықтыру – зерттеушінің мақсаты. Мырзағазының пікірінше, жер тең бөлінгенде, осы арада күннен кейірілгендер ата қанысына қайтқанда, әр адам шаруа түрін өзі қалағанда, асыра сіттеушіліктен арылғанда ғана жер саясатында әділет салтанат құрады. Қаламгер тәжірибеге негізделіп жасалған заң мен қияла, дерексізге негізделген заңның арасындағы жер мен көктей айырмашылықты жүйелен түсіндіреді.

Тұжырымдан айтқанда, М.Есполдұлының «Түркістанда келімсектер орнаған аудандардағы жер мәселесі» атты еңбегі – жер саясаты тарихына ғылыми сипаттама берген қазақтың алғашқы хиттарының бірі. Осы арқылы Мырзағазы азаматтық тарихымызда ғылыми әдебиеттің қалыптасуына үлес қосты.

М.Есполдұлының қайраткерлік қыметі, руханиятқа сіңірген еңбегі атаусыз қалмауы тиіс.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІ БІЛІМІНДЕГІ ЖАҢА БАҒЫТТАР

Жұбаева О.С.
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі
институты Грамматика бөлімінің
меңгерушісі, филология ғылымының
докторы

Қазақ тіл білімінің ғылым ретінде қалыптасып, дамып келе жатқанына бір ғасырдан астам уақыт өтті. Осы кезең ішінде қазақ тіл білімі түрлі бағыттар мен көзқарастардың күсі болды.

Қазақ тіл білімінің тарихын шартты түрде төрт кезеңге жіктеуге болады:
I кезең – ұлттық тіл білімі қалыптасқанға дейінгі кезең: Н.Ильминский, М.Терентьев, П.Мелиоранский, И.Лаптев, Н.Созонов еңбектері (1860-1912 ж.);

II кезең – ұлттық тіл білімі қалыптаса бастаған кезең: А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Т.Шоңақов, Қ.Кемелгерді, Е.Омаров, Ж.Аймауытов (1912-1930 ж.);

III кезең – ұлт зиялыларының құдалануына байланысты еңбектерін оқытуға тыйым салынып, тіл білімінде еуроцентристік бағыттың белең алуы (1930-1988 ж.);

IV кезең – репрессия құрбандарының ақталып, олардың еңбектерін пайдалануға жол ашылуы (1988 жылдан бергі кезең).

Тіл білімінің тарихын осылайша кезеңдерге бөліп қарастырудың өзіндік себептері бар. Ғалымдардың тіл білімінің дамуына қосқан үлесін зерделеу, түгелімен келгенде, ғылымның тарихын зерделеу болып табылады. Қай ғылымның да белгілі бір ой-тұжырымдарының кейінгі ғалымдарда жалғасын табуы немесе үзіліп қалуы – заңды құбылыс. Сондықтан ғылымның өзіне дейінгі зерттеушілердің қандай ойларын қаншалықты дамытқанын, өз тарапынан қандай тұжырымдар қосқанын, ол тұжырымдардың кейінгі ғалымдарда қаншалықты дәрежеде сабақтастық тапқынын байыптау арқылы тіл біліміндегі теориялардың даму тарихына көз жүгіртсеміз, ғылымның қалыптасу, даму, өзгеру, жаңару үрдісін танымыз. Сол арқылы тіл білімінің даму деңгейін, ондағы түрлі бағыттарды анықтаймыз. Бұл орайда ұлттық тіл білімінің бастау кезінде тұрған ғалымдардың орны ерекше. XX ғасырдың басы қазақ тарихында рухани ояну дәуірі болғаны белгілі. Ұлттың өзіндік белгісін сақтап қалатын негізгі қасиеттерінің бірі – тіл екенін терең түсінген қазақ зиялылары өз беттерінше білімін жетілдіре отырып, қазақ тілі бойынша оқулықтар жазған, баспасөз бетінде түрлі шікірталастар ұйымдастырып отырған. Қазақ тіл білімінің сол кезге дейінгі зерттелу жағдайы мен жаңы тіл біліміндегі түрлі бағыт-көзқарастармен таныса отырып, қазақ тілінің өзіндік болмысын танытуға тырысқан.

А.Байтұрсынұлы еңбектері мен кейінгі оқулықтарды өзара салыстыра отырып, ғылымның көптеген категориялардың еңбектерінде басқаша сипатталғанын, бірқатар өзгешеліктер барын байқаймыз. Қазақ тіліндегі жақ категориясының анайы/сыпайы түрге жіктелуі ментальдіктің (ұлттық дін) көрсеткіші бола алады. Бұл туралы А.Байтұрсынұлы былай дейді: «Сыпайымен сөйлескенде, сөйлесуші өзін *мен* деудің орнына *біз* дейді, тыңдаушыға *сен* деудің орнына *сіз* дейді, бөлек кісіні ол деудің орнына *ол кісі* дейді. Сондықтан *біз* – I жақ, *сіз* – II жақ, *ол кісі* – III жақ болады» [1, 226-б.]. А.Байтұрсынұлы еңбектерін зерделей отырып, ғылымның тәуелдеу мен жіктеуді, ең алдымен, анайы және сыпайы түрге бөліп алғанын көреміз. Анайы түрін іштей I жақ (мендік), II жақ (сендік), III жақ (бөгделік), сыпайы түрін I жақ (біздік), II жақ (сіздік), III жақ (оларлық) түрінде бөліп алған.

III жақ адамға қатысына қарай I, II жаққа қарсы қойылады. Ол көбінесе нәлдік тұлғала келеді: *Мен студентмін, сен студентсің, ол – студент*. А.Байтұрсынұлы адамға қатысты қолданылатын III жақты *ол кісі* түрінде дараалаған. Жақ категориясы өз ішінен оппозиция

құрап, адамға қатысты қолданылуына қарай I, II жақ III жаққа қарсы қойылады. III жақ өз ішінен адамға да, затқа да қатысты қолданылуы бойынша жіктеледі. Сонымен қатар қазақ тіліндегі *ол* есімдігі жіктеу есімдігі ретінде де, сілтеу есімдігі ретінде де қолданыла береді. Мысалы: *Ол бұрын келеді* деген сөйлемде *ол* – жіктеу есімдігі ретінде қолданылса, *Ол ағашқа тиіспе* деген сөйлемде *ол* – сілтеу есімдігі ретінде қолданылып тұр. Жіктеу есімдігі мен сілтеу есімдігінің арасында тұлғалық айырмашылық жоқ, *Ол* есімдігі *бұл, сен, анау, мынау* т.б. есімдіктермен қатар сілтеу есімдігі ретінде қолданыла береді. Бұл басқа түркі тілдеріне де тән.

А.Байтұрсынұлы еңбектерінде анайы жіктеудің I жақ көпше түрі жоқ екені айтылады. Қазақ тіліндегі жіктеу есімдіктерінің өзіндік ерекшелігіне сәйкес, *сен* есімдігінің көпше түрі *сендер* болғанмен, *мен* есімдігінің көпше түрі *мендер* бола алмайды. Ал кейінгі грамматикаларда көрсетіліп жүргендей, *біз, біздер* есімдігіне ауысса, ол сыпайы жіктеуге айналып кетеді. Анайы жіктеудің I жақ көпше түрінің *біз-ге* ауыса алмайтыны тәуелдеудің анайы-сыпайы түрін салыстырғанда, ерекше көзге түседі.

Анайы түрі:		Сыпайы түрі:	
I жақ	анам аналарым	I жақ	анамыз аналарымыз
II жақ	анаң аналарың	II жақ	аналарыңыз
III жақ	анасы аналары	III жақ	анасы аналары

А.Байтұрсынұлы анайылық түр – оңаша тәуелдеу, сыпайылық түр – ортақ тәуелдеу болатынын айтады. Сондай-ақ ғалым жіктік жалғаулары I, II жақта өзара ымыраласып, III жақтың көпше түрінде ымырадан шығып кететінін ескертеді. Тәуелдеудің анайы түрі жекеше *менің атам* болса, көпшесі *менің аталарым* түрінде болады; соған сәйкес сыпайы түрі жекеше *біздің атамыз* болса, көпшесі *біздердің аталарымыз* түрінде болады. Осыдан-ақ айқын көрініп тұрғандай, анайы жіктеудің көпше түрі қазақ тілінің заңдылығы бойынша *біз, біздер* түрін ауысып кете алмайды, ауысқан жағдайда бұқпал жүйе бұзылады. Ендеше, А.Байтұрсынұлының «анайы жіктеудің I жақ көпше түрі жоқ» деген тұжырымымен толық келісетуге болады.

Қазақ тіліндегі анайы және сыпайы түрдегі жіктеу үлгісі:¹

Анайы жіктеу			
жекеше:		көпше:	
I жақ	мен келдім	—	
II жақ	сен келдің	сендер келдіңдер	
III жақ	ол келді	олар келді	
Сыпайы жіктеу			
жекеше:		көпше:	
I жақ	біз келдік	біздер келдік	
II жақ	сіз келдіңіз	сіздер келдіңіздер	
III жақ	ол кісі келді	ол кісілер келді	

Мен есімдігінің (I жақ) ерекшелігі түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінің материалдары негізінде өте айқын көрінеді. Сөйлесуші (I жақ) әрдайым жекеше түрде қолданылады. I жақтың көпше түрі *біз-ге* ауысатын болса, оның құрамы *мен+мен+... + мен* емес, *мен+сен* немесе *мен, ол* т.б. түрінде келеді. I (сөйлесуші) жақ пен II (тыңдаушы) жақ ерекше референтті білдіріп, өзара қарсы қойылады. I, II жақтың көпше түрі бірдей адамдардың көптігін емес, әртекті референттердің жиынтығын білдіреді. Ендеше, *сендер*

¹ Бұл жерде А.Байтұрсынұлының жіктеу парадигмасының негізге алын отырғаны.

әртекті референттен құралы мүмкін болғанмен, *мен* (I жақ) әртекстілік құрай алмайды. Соған сәйкес *сен* есімдігінің көпше түрі *сендер* болғанмен, *мен* есімдігінің көпше түрі *мендер* бола алмайды. Бұдан I, II жақ «бірегейлік/жанықтық» корреляты бойынша қарсы қойылғанда, олар өзара тең түсе алмайтынын көреміз. Яғни сөйлесуші әрдайым біреу ғана болғандықтан, ол көптік тұлғада қолданыла алмайды. Осы жағынан келгенде, I жақ (*мен*) референтінің өзіндік ерекшелігі байқалады. Сондықтан қазақ тіліндегі I жақ көптік формасы инклюзив/эксклюзив коррелятында қолданыла алмайды.

Үндісұрапа тілдерінде, оның ішінде орыс тілінде I жақ көпше түрі (*мы*) *я+ме* я түрінде жалпылық мәнге ие болғанмен, бұл заңдылық қазақ тіліне сөйкес келмейді. Қазақ тілінде *мен+мен емес* мәні *мендер* тұлғасында емес, *біздер* тұлғасында қолданыс табады. Сонымен қатар орыс тілінде *вы* есімдігі қазақ тіліндегі *сендер*, *сіз*, *өздер* тұлғаларында бірдей қолданылады. Яғни, екінші сөзбен айтқанда, қазақ тіліндегі анайы көпше (*сендер*), сыпайы жекеше (*сіз*) және көпше (*сіздер*) тұлғаларының орнына орыс тілінде бір ғана форма (*вы*) қолданылады. Қазақ тілін зерттеген орыс тілді ғалымдар көбінесе осы тұста орыс тілінің заңдылықтарына түсіп кетіп отырған. Қазақтар арасында болып, олардың сөйлеу мәдениетімен жақын танысқан Н.Ильминский: «Жасы үлкен адам мен жасы кіші адам сөйлескен кезде мен, сен есімдіктері қолданылмайды. Қазақтар сыпайылық сақтап, тыңдаушысын сыйлап мен, сен есімдіктерінің орнына біз, сіз есімдіктерін қолданады. Қазақ тіліндегі бұл екі сөзді жекеше, сыпайы түрге жатқызуды керек, – дегенмен [2], қазақ тіліндегі жіктелу үлгісін беруде орыс тілінің заңдылығына түсіп кеткен. М.Терентьев, П.Медведевский, И.Лангев т.б. зерттеушілердің еңбектеріндегі жіктеу үлгісі де осы сипатта. Яғни оларда анайы-сыпайы, жекеше-көпше жіктеу үлгілері өзара шатастырылып, *вы* есімдігінің қазақ тілінде үш түрлі тұлғада көрініс табатыны ескерілмеген. Келтірілген деректер қазақ тілінің өзіндік ерекшелігін, яғни орыс тіліндегі *мы*, *вы* тұлғалары қазақ тілінде де сол үлгіде қолданыла алмайтынын көрсетеді.

Осыған байланысты қазақ тіліндегі жіктеу жүйесін дұрыс түсіну үшін, ең алдымен, анайы жіктеу мен сыпайы жіктеуді өзара адыратын аду керектігі көрінеді. Сонда ғана жіктеу жүйесінің табиғаты толық ашылады. Орыс тілінде бірегейлік/жанықтық корреляты бойынша *я*, *ты* есімдіктері бірегейлік қатарында табылса, қазақ тілінде бірегейлік қатарында *мен*, *сен* (анайы жіктеудің I, II жағының жекеше түрі), *біз*, *сіз* (сыпайы жіктеудің I, II жағының жекеше түрі) есімдіктері қолданылады. *Біз*, *сіз* есімдіктері – Н.Ильминский дұрыс көрсеткендей, көптік ұғымда емес, жекелік ұғымда қолданылады, яғни сыпайы жіктеудің жекеше түрлері. Сол себепті де *біз* құрамына *мен*, *сен* есімдіктері, *сіз* құрамына *сен*, *сен* есімдіктері кіре алмайды. *Біз*, *сіз* сыпайы жіктеу тұлғалары *мен*, *сен* анайы жіктеу тұлғаларымен өзара сәйкес келіп, бірегейлік қатарын құрайды, жанықтық қатарында *біздер*, *сіздер* есімдігі табылады.

Тәуеллік, жіктік жалғауларының сыпайы түрі тек II жақпен ғана шектелмейтінін тіл фахтілері де көрсетіп отыр. Мәселен, ресми стильде *мен* орнына *біз* қолданылатын түсінік баршылық. Тіл — тұтас жүйе болғандықтан, оның әрбір мүшесі сол жүйеге бағынып тұрады. Сондықтан анайылық жөнінің үш жақта көрінетіні сияқты, сыпайылық жөн де осы үлгімен берілуі қажет деп ойлаймыз.

«Жіктеу» жалғаулары дегеннің орнына «айқындық» жалғаулары деп қолданғанмен, Қ.Басымұлының еңбектері де жіктеулерді анайы-сыпайы түрге бөлуі жанының А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы еңбектерімен сарылдас. Т.Шоңақовтың «Самоучитель казахского языка для русских» деген еңбегіне пікір жазушы Байменов пен Қасымов та автордың жіктеудің көпше түрі етістік түбіріне -ыңыз қосымшасы жалғану арқылы жасалады (*алыңыз*) деген тұжырымына қарсылық білдіріп, *алыңыз* деген сөз сыпайы жіктеудің жекеше түрі болатынын, ал етістігінің анайы, көпше түрі, *алындар* болуы керектігін айтады [3, 45 б.].

Т.Шоңақов тәуелдік жалғауларын түсіндіруде М.Терентьев, П.Медведевский, И.Лангев, Н.Созонтов еңбектерін басшылыққа алда да көпше түрі -ыз/-із қосымшалары жалғану арқылы жасалады деп (*баламыз*, *қаламыз*) түсіндіреді [4]. Осы үрдіс кейінгі

І.Кеңесбаев, Н.Сауранбаев еңбектерінде жалғасын тапқан. А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Қ.Басымұлы оңаша тәуелдеу мен анайылық жөн, ортақ тәуелдеу мен сыпайылық жөн бірдей айтылады деп түсіне, І.Кеңесбаев, Ғ.Бегалиев, Н.Сауранбаев еңбектерінен бастап тәуелдеу оңаша, ортақ түрге сараланғанмен, сыпайылық жөн II жақпен ғана шектеледі. Бұл кейінгі еңбектерде де сабақтастық тауып, мектеп оқулықтарында, «Қазақ тілінің грамматикасында» [5, 168-178б.], А.Ысқақов «Қазіргі қазақ тілі» [6, 408 б.], С.Исаев «Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты» [7, 304 б.] т.б. еңбектерде жіктеу мен тәуелдеудің сыпайылық жөні II жаққа байланысты ғана түсіндіріледі.

Қазақ тіл білімі қалыптаса бастаған кезеңде А.Байтұрсынұлы жолымен Қ.Кемеңгерұлы, Қ.Басымұлы, Байменов, Қасымов сияқты ғалымдардың жіктеулерді анайы және сыпайы түрге ажыратқанын көреміз. Алайда кейіннен бұл ғалымдар назарынан тыс қалып, сыпайы түрі екінші жаққа ғана қатысты сөз бола бастайды. Ондай еңбектердің қатарына І.Кеңесбаев, С.Аманжолов, Ғ.Бегалиев, Н.Сауранбаев, А.Ысқақов, С.Исаев еңбектері мен «Современный казахский язык», «Қазақ тілінің грамматикасы» т.с.с. жинақтарды жатқызуга болады. Жіктеуді анайы және сыпайы түрге сараламаудың нәтижесінде аталған еңбектерде I жақ анайы жіктеудің көпше түрі мен осы жақтағы сыпайы жіктеудің жекеше түрінің орындары ауысып кеткен. Анайы жіктеудің I жақ көпше түрі (*мендер*) болмағандықтан, А.Байтұрсынұлы еңбектерінде етістіктердің жіктеу үлгісінде де осы ұғым сақталған. Оны бұйрық райдың жіктеу үлгісінде де байқауға болады.

Анайы жіктеу		
жекеше:		көпше:
I жақ	-йым/-йін	-
II жақ	етістік түбірі	-ндар/-ндер
III жақ	-сын	-сын /-сіп
Сыпайы жіктеу		
жекеше:		көпше:
I жақ	-йық/-йік	-лық/-лік
II жақ	-ңыз/-ііз	-лыздар/-ліздер
III жақ	-сын/-сіп	-сын/-сіп

Байқап отырғанымыздай, бұйрық райдың анайы, көпше түрінің I жағы жоқ (дұрысында да, *сен айт* дегеннің көпше түрі *сендер айтқындар* болғанмен, *мен айтпайын* дегеннің көпше түрі ретінде *мендер айтпайындар* деген қолданыс тілімізде мүлде жоқ). Қазіргі грамматикаларда I жақтың көпше түрі ретінде көрсетіліп жүрген -йық/-йік жалғауы А.Байтұрсынұлы еңбектерінде *сыпайы жіктеудің I жақ көпше түрі* ретінде берілген, ал А.Байтұрсынұлы жіктеулеріндегі сыпайы жіктеудің I жақ көпше түрі ретінде берілген -лық/-лік тұлғалары кейінгі грамматикаларда мүлде көрсетілмеген. А.Ысқақов, С.Исаев сынды ғалымдар жіктік жалғауының көпше түрі кейде -лық/-лік тұлғасында қолданылатыны туралы айтып кетеді. Мысалы, А.Ысқақов Бұбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев өлеңдерінен мысалдар келтіре отырып, қазіргі қоркем әдебиетте -лық/-лік формасы қолданыла беретінін айта келіп: «Бірақ әдеби тіліміздің қазіргі бағытында бұл формалар гөрі -йық/-йік формасы көбірек қолданылып, бірте-бірте негізгі нормаға айналып бара жатқан сияқты», – дейді [6, 73-б.]. Екінші сөзбен айтқанда, тілімізде бұрыннан бар, әлі де қолданылып келе жатқан -лық/-лік формасы грамматикаларда жіктеу парадигмасынан өз орнын таппай келеді. Оның себебі – анайы-сыпайы жіктеуді қатаң сараламаудың салдарынан және анайы жіктеудің I жақ көпше түрін шатастырудан деп ойлаймыз. Тілде үнемідеу құбылысы – үнемі үздіксіз жүріп жататын үрдіс. Сондықтан басы артық нәрсе онда көп тұрақтана алмайды. Ал -лық/-лік формасының жойылып кетпей, әлі де қолданыла беруі – тілімізде бұрыннан бар тұлға болуына байланысты деп ойлаймыз.

А.Байтұрсынұлы тұжырымдарының кейінгі еңбектерде ерекшелігі:

а) ғалым анайы жіктеудің I жақ көпше түрі болмайтынын көрсетеді,
 ә) билік райдың (бұйрық рай) сыпайы жіктеуінің түрі жекеше түрі I жақта -Ық/-йік, көпше түрі -лық/-лік жалғаулары жалғану арқылы жасалатынын айтады,
 б) басқа райларда сыпайы жіктеудің жекеше түрі мен көпше түрінің I жағы ерекшеленбейтінін (жазаның, жазсаң, жаздың т.с.с.); II жағында ғана өзгерістері болатынын (жазасың – жазасыңдар, жазсаңың – жазсаңыңдар, жаздыңың – жаздыңыңдар т.с.с.) көрсетеді.

Ал кейінгі зерттеулер мен оқулықтарда анайы жіктеу мен сыпайы жіктеу деп сараланбай, сыпайылық жөн II жаққа қатысты ғана сөз болып жүр. Соған байланысты сыпайы жіктеудің II жағының ерекшеліктері көрсетілгенмен, I жағының өзгешеліктері ескерусіз қалған. Сол сияқты анайы түрінің I жақ көпшесі ретінде сыпайы жіктеудің I жағы көрсетіліп жүр.

А.Байтұрсынұлының жіктеу табиғатын түсіндіруі мен кейінгі ғалымдардың еңбектерінде сәйкес келмейтін тұстар қазақ тілінде жіктеу ерекшеліктерінің әлі де толық танылып бітпегенін, талас тудыратын тұстарының кездесетінін танытады. Ұлттық дүниетаным мен сөйлеу мәдениетіміздің айнасы іспетті жіктеу мен тәуелдік жалғауларының өзіндік болмысын әлі де зерделей түсу қажеттігі даусыз.

Функционалды грамматикада арнайы зерттеу жүрген категориялардың бірі – белгілілік/белгісіздік функционалды-семантикалық категориясы. Бүгінгі таңда қазақ тіл білімінде белгілілік/белгісіздік функционалды-семантикалық категориясы арнайы зерттеу нысанына алынған. Н.Сәрсенбаева, А.Тураева сияқты зерттеуші-ғалымдардың еңбектерінде сөз болып келеді. Белгілілік/белгісіздік функционалды-семантикалық категориясы атауды арнайы қолданбағанымен, А.Байтұрсынұлы есімдіктерді топтастырғанда, осы категорияның өзіндік белгілерін, ерекшеліктерін толық түсінгені анық байқалады. Қазіргі оқулықтарда есімдіктер жеті топқа жіктеліп жүр: жіктеу, сілтеу, сұрау, өздік, жалпылау, болымсыздық, белгісіздік. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде есімдіктің бес түрі ғана көрсетілген. Ғалымның есімдіктерді жіктеуінен белгілілік/белгісіздік категориясының өзіндік ерекшеліктерін терең түсінгені байқалады. А.Байтұрсынұлы есімдіктерді жіктеу, сілтеу, сұрау, шектеу, танықтық деп жіктейді «Шектеу есімдігі» деп атап атып есімдік түрін ғалым «Нәрсенің шегін айта сөйлескенде айтылатын сөздер, мәселен, *бәрі, барша*», – деп сипаттаса, танықтық есімдігі деп аталатын есімдік түрін «Нәрсенің жоқтығын, яғни анық белгілі еместігін, яки түгел еместігін көрсеткенде айтылатын сөздер. Мәселен, *ешкім, ештеңе, өңтме, ешбір*. Бұлар жоқтықты көрсетеді, *кей, қайсыбір* – бұлар түгел еместігін көрсетеді; *біреу, әлдекім, әлдене* – анық белгілі еместігін көрсетеді», – деп айқындайды [1, 73-6]. Ғалымның шектеу есімдіктер деп отырғаны - *белгілілік* мәнді білдіру үшін қолданылатын есімдіктер де, танықтық есімдік деп аталатын есімдіктер - *белгісіздік* мәнді білдіру үшін қолданылатын есімдіктер. Яғни А.Байтұрсынұлы қазіргі кезде оқулықтарда өздік есімдігі, жалпылау есімдігі ретінде танылып жүрген есімдіктерді - шектеу есімдігі деп, болымсыздық, белгісіздік есімдіктері ретінде беріліп жүрген есімдіктерді танықтық есімдіктері деп біріктірген. Есімдіктерді топтастыруда ғалым мағыналық ренктеріне ерекше назар аударған. Яғни белгілілік/белгісіздік мәндерін белгіле алған.

Функционалды грамматика ұстанымдары бойынша, белгілілік /белгісіздік функционалды-семантикалық категориясы сөз болып отырған нәрсенің, адамның т.с.с сөйлеуші мен тыңдаушыға қаншалық белгілі/белгісіз болуына, таныс/бейтаныс болуына айқындайды. Бұл жерде А.Байтұрсынұлы есімдіктерді жіктеуде осы ерекшелікке ерекше мән берген. Ғалымның шектеу және танықтық есімдіктерін белгілілік/белгісіздік мәндерін білдіруіне байланысты өзіндік оппозиция құрай алатынын ескергені байқалады.

А.Байтұрсынұлы еңбектерінде, ғалымды өзіне ұстаз тұтқан Қ.Кемелгерұлының еңбегінде [8] функционалды грамматиканың нышандары байқалады. Кейін ғалымдардың репрессиялануына байланысты еңбектеріне тыйым салынып, ғылымда көптеген бұрмаланулар, еуроцентристік бағыт үстемдік алғаны мәлім.

А.Байтұрсынұлы	Қ.Кемелгерұлы
Жіктеу	Личные
Сілтеу	Указательные
Сұрау	Вопросительные
Шектеу	Определительные
Танықтық	Неопределенные

А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемелгерұлы еңбектерінде өздік есімдіктері есімдіктің бір түрі ретінде жеке шығарылмаған. А.Байтұрсынұлы есімдіктің бұл түрін *әркім, әрқайсысы, бәрі, барша* т.б. есімдіктерімен қатар шектеу есімдігі ретінде көрсетсе, Қ.Кемелгерұлы оны анықтау (определительные местоимения) есімдіктерінің ішінде түсіндіреді. А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемелгерұлы есімдіктерді жіктеуде белгілілік/белгісіздік оппозициясын негізге алған, яғни жеке адамды немесе топты көрсетсе – *шектеу* (А.Байтұрсынұлы), *анықтау* есімдігі (Қ.Кемелгерұлы), нәрсенің жоқтығын, белгілі еместігін немесе түгел еместігін білдірсе – *танықтық* (А.Байтұрсынұлы), *танықтау есімдігі* деп атаған. Екінші сөзбен айтқанда, ғалымдар бүгінгі таңдағы өздік есімдігі, жалпылау есімдігі деп танылып жүрген есімдіктердің басын қосып, *шектеу, анықтау есімдігі* деп атайды. Есімдіктерді жіктеуде болымсыздық есімдіктерін *танықтық, танықтау есімдігі* деп атайды. Есімдіктерді жіктеуде Қ.Кемелгерұлы А.Байтұрсынұлы топтастыруын басшылыққа ала, Т.Шононов П.Мелюранский еңбегіне сүйенген.

Кейінгі зерттеушілер анықтау, танықтау есімдіктерін ұсақ бөлшектерге жіктеуге тырысқан. Яғни А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемелгерұлы еңбектерінде танықтау есімдігі нәрсенің жоқтығын (*ешкім, ештеңе, ешбір*), анық белгілі еместігін, (*әлдекім, әлдене*) немесе түгел еместігін (*кейбір, қайсыбір*) білдіретіні сөз болса, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, Ғ.Бегалиев, Н.Сауранбаев еңбектерінде нәрсенің жоқтығын білдіретін сөздер «болымсыздық есімдіктері», анық белгілі еместігін білдірсе, «белгісіздік есімдіктері», түгел еместігін білдірсе, «алалау есімдіктері» деп аталып, танықтау есімдігінің мағыналық ерекшеліктеріне сәйкес өз ішінен олар әрі тартыла түскен:

Қ.Жұбанов	С.Аманжолов	Ғ.Бегалиев, Н.Сауранбаев
Жіктеу	Жіктеу	Жіктеу
Сілтеу	Сілтеу	Сілтеу
-	Сұрау	Сұрау
Болымсыз	Болымсыздық	Болымсыздық
Белгісіз	Белгісіздік	Белгісіздік
Алалау	-	-
-	Тәуелдеу (өз) Жалпылық	Тәуелдеу Жалпылау

Кейінгі оқулықтардағы есімдіктердің берілуі С.Аманжолов, Ғ.Бегалиев, Н.Сауранбаев жіктеулеріне ұқсас. «Тәуелдеу есімдігі» деген атаудың орнына «өздік есімдігі» деп аталғаны болмаса, басқа өзгешелік жоқ.

«Қазіргі қазақ тілі»	«Современный казахский язык»	«Қазіргі қазақ тілі»	А.Ысқақов «Қазіргі қазақ тілі»
Жіктеу	Личные	Жіктеу	Жіктеу
Сілтеу	Указательные	Сілтеу	Сілтеу
Сұрау	Вопросительные	Сұрау	Сұрау
Белгісіздік	Определительные	Белгісіздік	Белгісіздік

Болымсыздық	Отрицательные	Болымсыздық	Болымсыздық
Жалпылау	Обобщительные	Жалпылау	Жалпылау
Өздік	Возвратные	Өздік	Өздік

А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемелгерұлы ұстанымдарын толық қуаттай отырып, өздік есімдіктің мағынасы, қызметі мен қолданысын тексеру нәтижесінде жеке сөзді (*өз*) есімдіктің мағыналық тобы ретінде танығаннан гөрі мағыналық ұқсастығына, қызмет ортақтығына, қолданысына байланысты басқа есімдіктермен біріктіру қажеттігін ескертеміз. Өздік есімдіктеріне: «сөйлесушіні не сөйлемдегі субъектіні өзге субстанциалар мен құбылыстардан бөліп алып көрсетуші сөздер» түрінде берілген анықтамаға [9, 117-б.] жіктеу есімдіктері де, *әркім, әрқайсысы, әрбір* т.б. есімдіктер де толық жауап бере алады. Ендеше, сыртқы тұлғасына байланысты өздік есімдіктерін жеке топ ретінде танығаннан гөрі өзара мағыналас есімдіктер қатарына қосқан жөн тәрізді. Осыған байланысты өз тарихымыздан А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемелгерұлының есімдіктерді топтастыруымен толық хабарсыз отырып, белгісіздік, болымсыздық есімдіктерін – танықтау; өздік, жалпылау есімдіктерін – анықтау есімдіктерін ретінде топтастыра берген дұрыс болуы керек деп ойлаймыз:

А.Байтұрсынұлы «Тіл – құрал»	«Қазақ грамматикасы»
Жіктеу	Жіктеу
Сілтеу	Сілтеу
Сұрау	Сұрау
Шектеу	Жалпылау, Өздік (<i>өз, әркім, әрқайсысы, бәрі, барша</i>)
Танықтау	Белгісіздік, Болымсыздық (<i>ешкім, ештеңе, ешбір, әлдекім, әлдене, кейбір, қайсыбір</i>)

Кейінгі грамматикаларда белгісіздік есімдіктері *бір, әр, әлде* сөздерінің ұйқасы болуымен жасалатынын сөз болады. Ал А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемелгерұлы еңбектерінде *әр* сөзі анықтау (шектеу) есімдігі ретінде танылады. *Кейбір, қайсыбір, әлдекім, әлдене* т.с.с есімдіктермен салыстырғанда, *әр* есімдігімен бірігу арқылы жасалған *әркім, әрбір, әрқайсысы* сияқты есімдіктерде белгісіздік мәннен гөрі нақтылық басымдау сияқты (Бүгінгі таңда *әрқайсы, әрбір, әр нәрсе, әрнәме, әрнәрсе, әркім, әрне* есімдіктері белгісіздік есімдігі ретінде танылып жүр [Қазақ грамматикасы. - Астана, 2002. - 491-б.]). Бұл ерекшелік *әр* сөзінің зат есіммен тіркесуінен айқын көрінеді: *әр адам, әр оқушы, әр ай, әр зат* т.б. Ендеше, *әр* сөзінің қатысуымен жасалған есімдіктерді белгісіздік есімдігінің қатарына қосуға келмейтін тәрізді. Оның үстіне болымсыздық есімдігі ретінде танылып жүрген *ешкім, ешқайсы, ешбір, ештеңе* т.с.с *еш* сөзінің ұйқасы болуы арқылы жасалған есімдіктердің орнына белгісіздік есімдіктері де жүре алады: *ешкім* келмеді – *біреуі де* келмеді, *ешқайсысы да* айтпады – *бірі де* айтпады, *ештеңе* қалмады – *біреңе* қалмады т.б. Ендеше, өзара мәнделсе, шектес мұндай есімдіктерді жіктемей-ақ, топтастырып берген дұрыс. Сонымен қатар *әлде, әр* сөздерінің қатысуымен жасалған *әрқалай, әрқашан, әлденеше, әлдеқайда, әлдеқалай, әлдеқашан* т.с.с. әрі есімдік, әрі үстеу қатарында аталып жүрген сөздерді тек үстеу ретінде ғана танып, есімдік қатарынан шығару керек. Себебі бір сөздің екі түрлі категория аясында қарастырылғаны, яғни екі түрлі сөз табы ретінде танылуы дұрыс болмайды. Яғни А.Байтұрсынұлының еңбектеріндегі жіктеулердің өзіндік уәжділігі бар.

А.Байтұрсынұлы еңбектерінде сан мен шама онтологиялық категориялары өзара жіктелгенін байқаймыз. Оған ғалымның мына тұжырымдары дәлел бола алады. «Нәрсенің дәл *санын* білуге сұрағанда неше? деп сұраймыз. Мәселен: «Неге кісі келеді?» – «Үш кісі келеді». Нәрсенің дәл *санын* білуге емес, *шамасын* ғана білуге сұрағанда қанша? деп сұраймыз. Мәселен: «Қанша күн жүресің?» – «Үш-төрт күн жүремін» [1, 32-б.]. Ғалымның ойлары кейін М.Базақбаевтың еңбектерінде сабақтастық тапқан.

Кейінгі еңбектерде тұлғаға ғана мән беріліп, мағыналық ерекшелігі назардан тыс қалса, А.Байтұрсынұлы оқулықтарында кейбір тұлғалардың өзіндік мағыналық ерекшеліктері болатыны ескеріліп, соған байланысты жіктеліп отырған. Осындай ұстаным ғалымның сан есімдерді топтастыруынан да анық байқалады. Бүгінгі таңдағы оқулықтарда сан есімнің алты түрі көрсетіліп жүр. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде сан есімнің төрт түрі ғана берілген. Яғни қазіргі оқулықтардағы топтау сан есімдері мен болжалдық сан есімдер ғалымның еңбектерінде аталмайды. Топтау сан есімдері мен болжалдық сан есімдер сан есімге көптік жалғауы шығыс септік жалғауы, -лап/-леп тұлғаларының қосылуы арқылы жасалған. Аталған тұлғалардан басқа сан есімге -ікі, -лағы/-дегі, -дай/-дей, -сыз/-сіз, -лы/-лі, -лық/-лік т.с.с. қосымшалар да жалған беріліп Алайда ол қосымшалар жалтанған сөздің бәрін сан есімнің мағыналық топтарына қоса беруге болмайды. Кейінгі оқулықтарда топтау сан есімдері деп танылған *екештеп, он-оннан, бір-біріне* т.с.с. сөздер үстеу ішінде де сөз болып, топтау (я саралау) үстеулері, кейде мөлшер үстеуі ретінде беріліп жүр. Яғни бір форма екі түрлі сөз табының аясында қарастырылуда. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде болжалдық сан есім мен топтау сан есімдері сан есімнің мағыналық топтары ретінде қарастырылмай, сан есімнен жасалатын басқа сөз таптарының қатарында, үстеу ретінде берілген. Яғни ғалымның оқулықтарында қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктері, нақты табиғаты берілген. Қазақ тіл білімінде өзіндік із қалдырған ғалым – Ы.Маманов көлемдік-мекендік септіктер мен көптік форманың контексте немесе түбір сөздің мағынасына байланысты әртүрлі мағыналық қырлары болатынын айта келіп, сан есімнің шығыс септік формасы (*бестен, бес-бестен*) мен көптік формасын (*ондар, жүздер*) мағынаға бағындырып, сан есімнің лексика-семантикалық топтарына жатқызу үшін ғалымның тұрғыдан негізсіз екендігін айттады [10, 83-84-б.].

Функционалды грамматика мәселелері орыс тіл білімінде ХХ ғасырдың екінші жартысында ғана қолға алынып, арнайы зерттеу нысаны болды. Алайда А.Байтұрсынұлы еңбектерінде, яғни ХХ ғасырдың басында ұлттық тіл білімі қалыптаса бастаған кездің өзінде-ақ ғалымның функционалды грамматиканың көптеген мәселелерін терең зерделеп, түсінігені байқалады. Ғалым функционалды грамматикаға қатысты қазіргі кезде қолданылып жүрген атауларды қолданбағанымен, функционалды грамматиканың негізгі ұстанымдарын, функционалды-семантикалық категория, әріс, семантикалық инвариант, ұғымдық категориялардың өзіндік ерекшеліктерін терең түсінген.

А.Байтұрсынұлы тұжырымдарының бүгінгі таңдағы ғылым жетістіктерімен сәйкес келуі, бір жағынан, ХХ ғасырдың басында ұлттық тіл білімінің қаншалықты құлаптан алға басқанын көрсетсе, екінші жағынан, репрессия зардабының кесірінен ғылым дамуының қаншалықты тежелгенін де танытса керек.

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. Сөздің жүйесі мен түрлері. - Семей, 1927 - 27-32 б.
2. Ильминский Н. Материалы к изучению киргизского наречия. -Казань, 1860. -С.16.
3. Орталық Мемлекеттік мұрағат. 81-көр. 1-тізім. 1313-іс. - 43-46-б.
4. Шонанов Т. Самоучитель казахского языка для русских. - Қызылорда, 1929. - 113с.
5. Қазақ тілінің грамматикасы. - Алматы: Ғылым, 1967. -168-178б.
6. Исаев Х. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. - Алматы: Мектеп, 1974. - 408 б.
7. Исаев Х. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. - Алматы: Рауан, 1998. - 304 б.
8. Кемелгерұлы К. Оқу құрамы. I кітап. - Ташкент, 1928. - 134 б.; II кітап. - Қызылорда, 1929. - 194 б.
9. Қазақ грамматикасы. - Астана, 2002. -783 б.
10. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. - Алматы: Арыс, 2007. - 488 б.

АХМЕТТАНУ МӘСЕЛЕСІ: ӨТКЕНІ, БҮГІНІ ҒАМ КЕЛЕШЕГІ

Райхан ИМАХАНБЕТ,

филология ғылымдарының кандидаты
А. Байтұрсынұлы мұражай-үйінің
директоры, Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетерінің
Доценті

Жалпы зерттеудің мақсаты – қазақтың маңдайына біткен, бітім-болмысы бөлек Ахметтей феномен-тұлғаның қиялындағы ұшқыр армандарын іс жүзінде асырған тарихи құбылыс екенін, оны «Алаш көсемі» деп дәріптеген үзегілесс рухани замандастарының таным-пайымы бойынша құлама гибратының өміршеңдігін өскелең ұрпаққа таныту. Өмір сынағы көрсеткендей, әрбір қоғамның замана иелуіне қарай електен өтетін ұлттық төлбасы – дара туындылары болады. Мәселен, бабалардан мирас болған ауыз әдебиетінің жаңа бір саласы жазба әдебиетінің темірқазығы болу бақыты Абай Құнанбайұлының маңдайына бұйырды. Ұлттың ана тілі қазақ тілі білімі мен әдебиетінің теориясын жазу *«төл әдебиеті бар жұрт қана тәрден орын алады»* деген қағиданы ұсталған Ахмет Байтұрсынұлының еншісіне тиді. Зерттеу барысында тұлғаның шығармашылық мұрасын тікелей зерттеп, кемелдердің кемел білім-ілімін келешек ұрпаққа таныту мақсатында жасалған жұмыстар қарастырылады. Атап айтсақ, тілші-ғалым Р.Сыдықова (Ахмет Байтұрсынұлы. 1990.-52 б.), Аханың немере інісі С.Қақшев (Ахаң туралы ақиқат. 1992.-112 б.), өзбек ғалымы М.Д.Жусупов (Фонематика Ахмета Байтұрсынова и фонология сингормонизма. 1995.-176 б.), физик-ғалым М.-Х.Сулейманов (Яркий носитель духа человечности. 1997.-18 с.), филолог-ғалым Байтелесова Ж. Негадина звезда в плеске казахской интеллигенции. 1998.-78 с., Публицистика Ахмет Байтұрсынова. 1998.-78 с.), тілші, әдіскер-ғалым А.Құдыршаев (Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы. 1998.-132 б.), жазушы Б.Ілияс (Алтын бесік. 1998.-260 б.), ақын-журналист И.Бектемісұлы (Ахмет ұлқан ұя. 2001.-128 б.), әдебиеттанушы-ғалым А.Ісімақова (Возвращение плеяды. 2002.-294 с.), жазушы Қ.Сәрсекеев (Ұлт ұстазы немесе Алаштың Ахметі жайлы ой-түйін. 2003.-80 б.), журналист-ғалым С.Оспанұлы (Ахмет өскен ақындық орта 2004.-204 б.), әдебиеттанушы-ғалым Ө.Әбдіманұлы («Қазақ» газеті. 1993.-168 б., Ахмет Байтұрсынұлы: зерттеу-эссе. 2007.-296 б.), әдебиеттанушы Ү.Біркинбаев («Әдебиет танытқыштың» теориялық негізі. 2008.-136 б.), Р.Имаханбет (Ғасыр санығы: Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық ғұмырбаяны. 2010.-304 б.), А.Овсылбай (Ахмет Байтұрсынұлы: «Әдебиет танытқыштағы» кәзіргі әдебиет теориясы. 2015.-184 б.), және т.б., да тарихи ғалымдардың көлемді тақырыпта қарастырған ғылыми зерттемелері бір төбе. Бұдан бөлек академиктер: М.Қозыбаев, К.Нұрпейіс, З.Ахметов, З.Қабдолов, Р.Нұрғали, С.Қирабаев, Т.Қақшев, К.Сағадиев, М.Жұрынов т.б. талдаған ғылыми зерттеу мақалалары бар.

Ахметтану тақырыбы аясында жазылған тұлға саладағы зерттеулер де жеткілікті. Осы еңбектердің кейбіріндегі іздену барысында жаңсақ пікірлер мен қате қағидалар тұжырымдарларының себеп-салдарлары шама-шарқында зерттеп-зерделенді. Қазақта «адамның алды – жол, арты – соқпақ» деген қанатты сөз бар. Бүгінгі тәуелсіздік кезеңінің ғылымында қалыптасқан ұлттық ғылымның алтын ғасыры – ахметтану саласында соқпақ болу зерттеудің басты міндеті. Ахметтану мәселелері: сериялық ғылыми жинағының бірінші кітабы ұлттық ғылым: қазақ тілі білімі мен қазақ әдебиеттану ғылымының негіздеуші Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық өмір жолы, мемлекеттік және қоғамдық қызметтеріне арналған. Сериялық ғылыми жинақ ретінде жарық көрген бұл электронды оқулық ЖОО оқытушыларына, студенттер мен магистранттарға, докторанттарға, кітап сүйер қызы оқырманға арналған.

Сериялық ғылыми жинақ 4 тараудан тұрады. I-тарау – Ғалым ғұмырнамасы. Мұнда 1.1. Торғай Ақкөлінің тәстүлеті: Өмірбаяндық деректер, 1.2. Әулиеқолдегі ағсана: Мұғалымқолдегі махаббат, 1.3. Қарқаралы – Орынбор: Көсемсәздігі кемелгерлігі (Қазақ газеті), 4. Алаш көсемі: Ұлттық рухтың ұлы тіні, 11.3.1. Тіл – құрал: Сөздің жүйесі мен түрлер (1914, 1915). II-тарау – Тілтану тағылымы деп аталады, бұл жерде 11.1. Ұлттық жазу: Қазақ әліпбиі немесе Байтұрсынұлы емлесі, 11.2. Тілұстарту: Оқу құралы. Қазақша алифба (1912), 11.2.1. Әліп-би Жаңа құрал (1926), 11.3. Тілұшқыр: Тіл – құрал: Дыбыс жүйесі мен түрлері (1914), 11.3.2. Тіл – құрал: Сөйлем жүйесі мен түрлер (1923), 11.3.3. Нұсқаулық: Баяншы. Әліптемелік құрал (1920); Сауат ашқыш (1926), 11.3.4. Терминжасам: Ұлттық қазақы атуу-ұғымдар. III-тарау – Әдебиеттану арналары деген тарау аясында 11.1. Мысал жанрын дамытушы: Қырық мысал (1909), 11.2. Әдебиеттегі елімдік ұрағ: Маға (1911, 1913), 11.2.1. Ауыз әдебиеті: Ер Сайын (1923); 23 жоқтау (1926), 11.3. Ғұлттық қазақы трактат: Әдебиет танытқыш (1926), 11.4. Табылған туындылары: Еленбеген еңбектер (1915-1929), 11.4.1. Дағдарыс (1915), 11.4.2. Қоян (1915), 11.4.3. Туған тілім (1916), 11.4.4. Шекістей бекіспейді (1916), 11.4.5. Қалам қайраткерлері жайынан (1922), 11.4.6. Баулу мектебі (1925), 11.4.7. Емле туралы (1929). IV-тарау – Ахметтану мәселелері деп аталады. Мұнда IV.1. Ахметтану негіздері: Ахаң түрлесі ана тілі, IV.2. «Қара бұлт» қайдан келді?»; Саяси қуғын-сүргін құрбаны, IV.3. Қайта оралу: Ана тілдің айбары, Ғасыр санағы, IV.4. Анау: Ұлт көсемін ұлықтаған ұрпақтар үні.

Ахметтанудың негізін салушыларды 1998 жылы тарихи тұлғаның 125 жылдық мерейтойында сойлеген жазушы Әбіш Кекілбайұлының «Ұстаз ұлағаты» баяндамасымен қорытындыладық. Жазушы баянатының бүгінгі тәуелсіздік әдебиеттану аясында ахметтану мәселесіне берер мағлұматы мен танымдық пайымы зор деп есептейміз. Ә.Кекілбайұлы: «...біз бүгін қиы заманда туып, қиямет келіп, мерт тапқан ғазиз жанның атын ардақтан, аруағын ұлықтауға жиналды» деп бастаған елібіміз ғалымды «...көксекті кезеңде келеті істер тындырған кемел ер. Кемелгер. Ұлы тағдырларды ұлан-ғайыр тарих кеңестігінің ұшан қырларына үйіліп барып, ұтына аласың... «Ахмет Байтұрсынұлы – ұлттық тарихымызда ешкіммен салыстыруға болмайтын ерекше тұлға» дейді де онысын былайша таратады: «Бәлкім, біреулерге бұл орынсыз тамсану боп көрінер. Оған дейін де бұл далада Фараби, Иасауи, Қорқыт, Асан хайты, Ыбырай, Шоқан, Абайлар да өтті дессер. Ол рас. Бірақ Ахмет Байтұрсынұлы оларға ұқсайды да, ұқсамайды. Ұқсайғаны: ол да ағалымыз алыптар сияқты, ұлттық дамуымыздың үрдісі мен қарқыны қалған дүниедегі даму үрдісі мен қарқынына сәйкес келмей кейде қалып, көрер көзге тығарыққа тірелген халқына аластырмас жол іздеді. Ұқсамайтыны: Ахмет Байтұрсынұлы ондай жол Қорқыт пен Асан қайғыдай үйренші үрдісі аман сақтап қалатындай жаңа қоныс іздеумен табылады деп түсінбеді; Фараби мен Иасауидей өз тұсындағы кен жайынан антикалық немесе исламдық дүниетанымға уақыттылы көшу арқылы барлық мәселені шешуге болады деп ұқпады; Абай, Шоқан, Ыбырайлардай теңдікке жетудің жолында тек ағартушылықпен шектелгісі келмеді» дейді.

Жазушы Ә.Кекілбайұлы қайраткердің сикандай атланттардың нығына шықпай-ақ, бұрынғылардың көздеріне іліге қоймаған соны көксектерге көз жеткізе білген, көрген... «Басының тәуекелімен бүкіл бір ұлттың тәуекелінің түгел оянуына түрткі болған «теңдессіз тарихи тұлға» деп бағалайды, ұлт ұстазының ұлағатына тамсана отырып, оны ұрпақтар үні алатын «тағлым мектебі» деп пір тұтады. Мұнан шығар қорытынды тарихи тұлғаның есімі ортамызға орағаннан бері қашама сүбелі еңбектің жазылғаны. Зерттеулердің қайсысы болмасын, ғалымның қайраткерлігі мен шығармашылық мұрасын жекелеген тақырып аясында талдау, не жалпылама түрде шолу жасаумен шектеліп қана қоймай, бүгінгі тәуелсіз кезеңдегі әдебиетпен, не мәдениетпен байланыстыра қарастырады. Бұл дегеніміз ғалым гибратының ұрпақтан ұрпаққа жалғасты алатын көпір екендігінің дәлелі. Яғни, Әбіаше тоңансақ, «...көксекті кезеңде келеті істер тындырған кемел ер, кемелгердің» мәңгі келбетін көреміз.

Иә, қандай да бір ұлттың тілі туралы сөз қозғағанда, тіл төңірегіндегі түрлі таласты әңгімелердің тууы заңды. Тіл туралы ұғымның ауқымы өте кең. Адам бар жерде оның тілі

болады, яғни, қандай да бір тіл ұлт бар жерде тіл пайда болады. Сол үшін бірге өмір сүреді. Егер ана тіл жоғалса, онда біртіндеп ұлт та жоғалады. Сондықтан ұлт ретінде қоғамдағы орнында анықтау үшін тіл майданы кез-келген ортада өз-өзінен туындайды. Тіл майданында тілдің саяси астарына үңілуді, төл тілінің тағдыры үшін күресуді үйретеді. Міне, осы тұста толып жатқан тілдердің бір-бірімен «ұлы айқасы» басталады. Айқастың аты – айқас Бірі – жеңіліп, бірі – жеңуі тиіс. Мұндайла түрлі күшті әрекеттер бас көтерсе, жымсық саясаттар да тұс-тұстан анталап, тоқпағы күштілердің саяси бағыттары басшылыққа алынып іске асырылады. Ал, тіл саясаты дегеніміз қандайда ұлыс «ұлт» ретінде қалыптасқан хүшпен бастап, қатар жүретін егіз ұғым. Ұлт үшін оның тілінің атқаратын маңызы өте зор. Кім өзінің тілінің түп-тамыры жоқ немесе «тілдік қоры аз» деп, өзге «басым тілдің» жетегіне өршілді сді?! Әбетте, кеудесінде жаны, жүрегінде намыс оты бар сауатты адам өзінің ана тілін қорлапайды. Сонымен, тіл майданы дегеніміз тірлікте күн тәртібінен түспейтін күрделі де саяси маңызы зор мәселе. Тарих төрінен орын алатын ұлттық «тілі – озық, мәдениеті – жоғары» болатыны айтпаса да түсінікті. Өзінің ызақ заманнан атамекені анық ұлыстардың тіл майданынан қалыс қалуы мүмкін де емес.

Қазақ деген ұлыстың ұлт болып қалыптасуының тамыры тереңде, оның бірі-бірімен қатынас құралы ретіндегі ана тілі – сөйлеу тілі болғанымен, жазуы ілгері жұрттың таңбасына тәуелді болды. Ғасырлар бойы озық жұрттың таңбасына таңдылу, тіл майданында өзінің тарихи тұлғасы – Ахмет Байтұрсынұлының күрес сақнасына шығарды. Тілмізге төгілген түрен салып, дербестік әперу бағыты Ахмет Байтұрсынұлының маңайына жазылған тағдырдың тауқыметті де ең үлкен сынағы болды. «Ахмет түрлеген ана тілінің» ұлт тілі ретінде мойындалуы оңайға түскен жоқ. Сан рет сүзгілен өтіп, талай-талай талқыға түсті. Ғылыми мен білім озған елдердің ғалымдары да бодан едің болмысы бөлек баласының бойындағы «ұлттық бұлқындысты» көрді. Дарын иесі А.Байтұрсынұлының даралығын таныды, әрі үлкен сынақтан сүрінбей өткенін мойындады. Бұған тарихта қалған мұрағат деректері – куә.

«Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады», «Дербес өмірге төл әдебиеті бар халық ғана таласа алады» деп, XX-ғасыр басында айтқан ұлт ұстазын тәуелсіздік кезіндегі ғылыми орта қалай тануда және танытуда. Мұрағат деректеріне сүйенсек, ахметтанудың ғылыми тұжырымдауы 1919-жылы шығыстанудың ғалым Александр Николаевич Самойловичтің «Байтұрсынұв Ахмет Байтұрсынұлы» деген мақаласынан басталғаны мәлім [1]. Бұл мақала 1930-жылы А.Байтұрсынұлының «халық жазуы» деп түрмеге қамаған тұста, Мәскеуде жарық көрген «Литературная энциклопедия» атты жинақтың 1-томында жарияланды [1, Б. 305-306]. Бір ғажабы, орыс ғалымдары арасында адам басында бөліп жататын қоғамы түрлі қайшылықтарға қарамастан, ғылымдағы жетістігі бағаланған. Өз Отанымызда А.Байтұрсынұлының еңбегі қасақана қараланған жағдайда, орыс ғалымдары атқаны жинақтың 1931-жылғы 5-томына Қазақ әліпбиін «Байтұрсынұвский алфавит» деп енгізген [2, 23-б.]. Міне, нағыз ғылымдағы адалдық, ғылыми жетістіктің бағалануы!

1924-жылы Е.Д.Полыванов «Қазақ-қырғыздың жаңа (Байтұрсынұв) орфографиясы» [2, 35-б.], 1928-жылы Н.Ф.Яковлев «Әліпби құрылымының математикалық жүйесі» туралы ғылыми мақалалар жазды [2, 41-б.]. 1974-жылы А.Н.Конолов «Байтұрсынұв Ахмет Б.» деген анықтамалық-мәлімет жариялағаны тарихтан мәлім [2, 115-б.]. Түркітанушы А.Самойлович мақаласында А.Байтұрсынұлының ғалымдық қайраткерінің биографиялық шолуды « қазақ тілі орфографиясының реформаторы, қазақ грамматикасы және қазақ әдебиеті теориясының негізін қалаушы» деп жазған [1]. Осы ғылыми мақаланың негізге аласақ, ахметтану 1919-жылғы Міржақып Дулатұлы мен Елдес Омаровтың мақалаларынан да ертерек, 1919-жылдан басталған. Шығыстанудың мәліметіндегі «жернекті қазақ ақыны», «жорнанышы», «шешен» деген танымдық сипаттаулар дәл сол уақытта ағартушының атқарған жұмыстары біздің Ал қазақ зиялылары тарапынан 1922-жылдан бастап зерттеліп, бағаланып жүрген «Қазақ газеті» туралы А.Самойлович «... қазақ халқының қоғамы-мәдени сапасын оятушы болды» деп, айрықша атап айтса, «Қырық мысалдағы» қазақы сипат пен өрнекті тілді «А.Б.» тілі тілі айрықшылығын айтып, Міржақыптың алдына одан бұрын мақала жазған ғалымдарының шығарып, мұның Міржақыптың ахметтанушылығы төмендеп қалмайды.

қазақ зиялыларынан 3 жыл бұрын айтылғаны жөнінде іздiгана арналған ғылыми конференциялық жиындарда мәселе көтерілгенмен, селенбей келді. Нақтырақ, А.Самойловичтің ғалым туралы «қазақтың бірінші көріністі лингвист-ғалым» деп түбіндеген сипаттамасы ахметтану мәселесінде үсірт қаралып, ғылыми айналымға түсіре алмауымыз. Айту, жазу бар, ләтiже жоқ.

1924-жылы А.Байтұрсынұлы түрленген қазақ әліпби жөнінде профессор Е.Д.Полыванов: «...енді тұзтуді қажет етпейтін, тарихи тұрғыдан алғанда кемелденген, жетілген ұлттық графика» деп бағалайды [2, Б. 35-43]. Ғалымға берілген осы бағаны отандастары қалай қабылдады? Бұл жөнінде 1923-жылы ғалымның ізбасар шәкірттері – М.Әуезов, Т.Шоңанов, Е.Омаров мақалаларында емес туралы бірі: «...Ақсаң түрлеген ана тілі» десе, екіншісі: «...Жаңа алфавит тіліміздің таза сақталуына, (...) әлемдік мәдениетпен араласуға, (...) халық мектептерінің өркендеу жолына алып ақым жасағаны анық» деп, ал үшіншісі: «Қазақ әліпбиі», «Дыбыс һәм сөз жүйесі» оқулықтары қазақ грамматикасына белгіше ренк әкелді» деп, өз тұсында қазақ жұртшылығы тарапынан зор қолеметтелгенін айтады.

1928-жылы Н.Ф.Яковлевтің «Математический формула построение алфавита» атты мақаласының мән-маңызын ашып, ғылыми айналымға түсіру – бүгінгі қазақ тілі ғылымындағы лингвист-ғалымдардың еңісііндегі міндет. Осы мақаладағы Байтұрсынұлы әліпбиіне қатысты тұстарына тоқтасақ, «...әліпби түрлеу, тузу барысында үндестік заңы сақталғанын, дыбыстарды жүйелеуде өте ікемді қалып тапқанын» айтады [2, Б. 41-45]. Жалпы, қоган қайраткерінің өмір жолына қатысты мақалалар өз Отанымызда негізінен, оның 30 жасқа толуы қарсаңында жазылып, мерзімі БАҚ-та жарияланғаны туралы жиі жазылып жүр. Мәселен, тұлғаға деген ең алғашқы құрмет 1922-жылы 2-шымызда Ташкенттегі Қырғыз-қазақ институтында Алты Алаштың бас қосқан жиынында тұңғыш көрсетілетін туралы «А.Б.»-ның Ташкентке саяхатының мақсаты – Түркістандағы екі облыс Жетісу мен Самарияны Қазақстанға қосу болған. Бірақ сол жылғы Ташкентте шыққан «Ақ жол» газеті бетіндегі «Лайықты қолемет» атты мақалада А.Б.-ның іс-сапарынан гөрі, оның жеке басына көрсетілген мақаластары жазылғандығы» айтылады [3, Б. 328-330]. Мақаланы 10-қыркүйекте Алматыда шығатын «Тіліші» газеті көшіріп басады. Аталған мақалалар хақында журналист-ғалым Т.Қожақеев пен әдебиет зерттеушісі Д.Қамзабекұлы 1991-жылы кирилл жазуына түсіріп, ғылыми ортаға тың дерек әкелгені белгілі. Д.Қамзабекұлы «Қазақ әдебиеті» журналының «Ақынның алдында» (1996), «А.Байтұрсынұлының Ташкентке сапары» (1997) өрнек мақалаларын жазды. Соңғы мақаласы жан-жақты талданып, 1997-жылы жарық көрген «Фуханиет» ғылыми зерттеуіне енді. Өкінішке қарай, бұл мақалалар да ахметтану мәселесіне назардан тыс қалып келеді. Атап айтсақ, осы «Лайықты қолемет» мақаласы А.Б.-ның еңбектеріне жатқызып жүр, нақтырақ, 2001-жылы «Ұлы тұлғалар» сериясымен шыққан «Ұлттың ұлы ұстазы» библиографиялық-анықтамалықтың 250-бетінде: «96-реттік нөміре» «Лайықты қолемет // Тіліші. – 1922. 10-қыркүйек. Ташкенттегі қазақтарды көшіріп өрнек түрлі көрсеткішпен ғалым еңбектерінің тізіміне енген. Қытаптың 190-бетінде: «А.Б.-ның өңір мен еңбектері туралы әдебиеттер» қосымшасының 362-реттік нөмірінде: «Лайықты қолемет // Социалистік Қазақстан. – 1991. 12-қаңтар. Бұдан 68 жыл бұрын. «Ташкенттегі газетке өзіншегі Д.Қамзабекұлы» деген мәлімет берсді. Қос материалдың атауы өңірлі түрлі тілді ақпаратты керу мерзімінің біркелкілігі, оның түрлі авторға төн еместігін айтады.

«...Еңіштің Р.Түрліні «...алаштың екі алып азаматы А.Байтұрсынұлы мен М.Дулатұлы өрнек шығар, ең бастысы бұлардың ұлы күрес жолындағы рухани туыстығы – қазақ еңіштігінің қымыл та қастерлі беттерін» деп бағалайды [4, Б. 12-35]. Ол «...Түрлінің «...ахметтанудың негізін салушы, яғни бірінші болып ахметтанудың іресін қалаушы» деген, мақаланың мазмұнын ашып, «Міржақып – алғашқы ахметтанушы» деген тұжырым жазды. Әбетте, М.Дулатұлы қазақ ортасынан шыққан бірінші ахметтанушы екені аусыл. Міржақыптың алдына одан бұрын мақала жазған ғалымдарының шығарып, мұның Міржақыптың ахметтанушылығы төмендеп қалмайды.

М.Дулатұлының очеркімен қатар, Е.Омаровтың мақала жазғаны қайта басылымдары алғысөздер мен түсініктемелерде аталғаны болмаса, әлі күнге ғылыми ортада қажетті дәрежеде талданып, таратылмай келеді. Замандаш ілсін Е.Омаров «А Байтұрсынұлының ғалымдық қайраткерлігі» деген мақаласында: «...күллі қазақ дәлелсіз біледі, оның талантын жоғары бағалап құрмет тұтқанымен, бәрібір оны дұрыс түйсінін бағалай білмейді» деп жазады. Елден Ахметтің қазақ грамматикасына ерекше өзгерістер кіргізіп, баға жетпес жаңалық әкелгенін қазақ жұртының санасы әлі түсініп те, түйсініп те болған жоқ. Мейлі Байтұрсынұлының қаламынан ертеден келе жатқан қазақ тілінің ережелері қамтылған қағидалар мен көп томдықтар жазылмаса да оның «Қазақ әліпбиі» мен «Қазақ тілінің дыбыс және сөз жүйесі» оқулықтарының он бойына сыйғызған өзекті өзгерістерінің өзі, қазақ грамматикасына бөлекше реңк әкелгенін тіпші-жамандарға ғылыми жүйеде талдауы арқалы түсіндіреді. Қазақ грамматикасында ертеде қаншама оқулықтар жазылса да, олардағы өзгерістердің аңғарылмайтынның, педанг дінімен кірген араб жазуының қадимшелеңген іңқасының да қазақ дыбыстарының ерекшеліктерін қамти алмағанын айтады. Ал Ахметтің көлемі шағын ғана оқулықтарына аз сөзбен, саз жүйесін сыйғызған жаңалығы, реформатор тарапынан түрленген қосар дыбыстардың қазақ тіліне тән түрлі дыбыстарды дәл бере алатынын нақты деректермен көрсетеді. Қорыта айтқанда, бұл ғылыми зерттеу мақала Е.Омаровты ахметтанушы деп айтуға толық негіз болады.

Ғылымның үзегіліс замандасы Т.Шонаулы да 1923-жылы тұлғанын қайраткерлігі туралы «Ахмет Байтұрсынұлы Байтұрсынов в области народного просвещения и литературы» деген ғылыми мақала жазған. Мақала жарияланбаған. Т.Шонаулының қолжазбасын мемлекет мұрағатының қорынан алып, жұртшылыққа ұсынған мұрағат қызметкері әрі филолог Бейсенбай Байғалиев. Оның дайындауындағы материал 1992-жылы жарық көрді. Мақаланы «Әдеби мұра» ретінде ұсынған «Жұлдыз» журналы редакциясы: «...Оқирман назарына ұсынғып отырған мақала 1923 жылы А.Байтұрсынұлының 50 жасқа толған мүшелігіне арнап жеке кітап ретінде шығару мақсатымен орыс тілінде жазылған. Бірақ жарық көрмеген. Мақала қолжазбадан аударылып беріліп отыр. Қолжазбаны Қазақ ССР Мемлекеттік Орталық архивінің №544 қорынан алып жариялауға дайындаған – Бейсенбай Байғалиев» деген маңызды зор мәлімет береді [5, 123-6]. Осы ақпараттық мәлідемде біріншіден, 50 жасты «мүшелігі» деп жаңылсады, бұл негізінен дөңгелек, яғни мерейтой. Мұсылмандардың жыл қабыруына сүйенсек, алғашқы мүшел – «13 жас», осыған 12-і еселеніп отырады. Мақала қолжазбадан дайындалғаны айтылғанымен, түпнұсқаның тағдыры туралы ақпарат берілмейді. «А.Байтұрсынұлы халық ағарту және әдебиет саласында» деп қазақшаланған бұл мақаланың ғылыми ортаға беретін жаңалықтары аса күнсіз. Лингвист Т.Шонаулының мақаласындағы ерекшелік – А.Байтұрсынұлының өлеңдерінен алынған үзінділердің орыс тіліне аударылуы мен олардың ыңғу тарихына түсінік талдау беруі. Сондай-ақ, тұлғанын қазақ халқына жасаған қызметі туралы: «...халық кезінде Ахмет алғашқы болып дауыс көтерін, қазақ мектебін бір жағынан, дүмшіс молдалардан, екінші жағынан патна миссионерлері ықпалынан құтқару үшін қызмет етті» деп жазады [5, 125-6]. Оның тіл саясатында кеменгер күрескер екені және қазақ үшін жаңа әліпбиді тұңғыш рет түрлен-тузудегі ірі құбылыстың тізінін ұстағанын ғылыми тұрғыдан дәлелдейді. Т.Шонаулы жаңа әліпбидің ерекшеліктерін былайша жіктейді: «Біріншіден, А.Байтұрсынұлы әліпбиі тіліміздің таза сақталуына. Екіншіден, әлемдік мәдениетпен арапасу жолын жеңілдетуі. Үшіншіден, халық мектептерінің өркендеуіне алып қадим жасағанын анық» деп жазады. 1915-1916-жылдары Түркі халқының тілі таласқа түскенде Ахметтің ана тілімізді қорғап, «Шекіспей, бекіспейді» мақаласы мен «Туған тілім» деген өлең жазғанын айтады. Ғылыми талдауында мақала мен өлеңінен үзінділер келтірген.

1998-жылғы «Қазақ» газеті басылымында «Шекіспей, бекіспейді» деген мақала мен «Туған тілім» атты өлеңнің 1916-жылы «Қазақ» газетінің 167-санында жарық көргенін, мақаланың авторысыз, ал өлеңнің «Байқаулы» деген бүркеншек есіммен берілгені туралы қысқаша ақпараттық мағлұмат берілген [6, Б. 505-524]. Мақала жинақтың 265-267-беттерінде беріледі, өлең мәтіні қарастырылмаған. Ғылыми зерттеулерді сарайтау барысында «Туған

тілім», «Дарғарыс» атты өлеңдері жөнінде әдебиетші Б.Байғалиевтің 1989-жылы «Жетісу», «Коммунизм таңы» облыстық газеттерде танымдық мақалаларын кездестірдік [6]. Өлеңдер Ахметтің аты ақталғаннан кейін жарияланғанына қарамастан, алғашқы қайта жарық көрген 1989, 1991-жылдардағы әдеби шығармалар жинағына енбеді.

Т.Шонаулының мақаласы ғылымның 125 жылдық мерейтойына орай шығарылған «Ұлттық рухын ұлы тіші» атты ғылыми жинақта: «Мақала әуелгі, орыс тіліндегі нұсқасында тұңғыш жарияланып отыр. Қолжазба - Қазақ КСР Мемлекеттік Орталық архивінен алынды: №544 қор, 1-тізбе, 104-б» деген ерекше-ескертумен жарияланды [6, 39 б.]. Осы жерде назар аударатын жайт: осындай сілтемені Б.Байғалиев 1995-жылы «Санат» баспасынан, тарих ғылымының докторы, профессор Қ.Тәженовпен бірге дайындап шығарған Т.Шонаулының «Жер тағдыры – ел тағдыры» атты қайта басылған кітабының 216-бетінде: «Телжан Шонаулының мақалалары» атты хронологиялық тізімде де 6-реттік кезекте айырықша атап өтеді. Мұнда «104-б» дегеннің орнына «1с» деп көрсеткен. Көрсетілген сілтемелер бойынша қолжазбаның түпнұсқасымен танысу үшін ҚР ОММ-ның «544-қор, 1-тізбе, 104-б»-ке сұраныс жасағанымызда, папкінің бос екендігі анықталды. Құнды дерек қолды болған. Өкініштісі, тарихи деректі құжаттармен танысуда мұндай «сұныққолдылық» жиі кездеседі. Мұндай келенсіздіктің белсіз адуы ұлттық мәдени болмыстың төмендігінен. Болмаса өменде «ана болсын» деген мәнәуліктен тұлған педешілік. Басқашы теңеу жоқ. Осыған ұқсас ақпарат Республикалық Ұлттық кітапханада да орын алған. Мәселен, «Байтұрсынов Ахмет түрмесі жатқанда чекіспен әңгіме» атты мақаламен танысу мақсатында «Торғай таңы» газетінің 6-маусымындағы 85-нөмірін, 1991-жылғы тікелей көтергенімізде «сұраныс жасаған нөмір» орында жоқ болды. Н.Маншақиянованың «Байтұрсын мен Ақтас» деген мұрағат құжаттары сөйлеткен деректі мақаласын мемлекеттік мұрағаттағы тарихи деректермен салыстыра оқу үшін «Жұлдыз» журналының 1990-жылғы 10-нөмірін қарағанымызда 200-беттерінің қырқылғанын көріп, қатты қынжылдық. Мұндай деректі өрескелдік – кейбір ықпалды адамның кемдігі, мәдениеттің жаудылығын аңғарта керек.

1999-жылғы жинақтың редактор бағанында: «...Т.Шонаулы мақаласында аталған «Шекіспей, бекіспейді», «Туған тілім» сияқты шығармалары әлі қолда жоқ» деген мәселені көрсетеді [6, 5-6]. 1998-жылғы «Қазақ газеті» жинағында осы туындаулар туралы мағлұмат берілуімен қатар, «Шекіспей, бекіспейді» атты мақала тұтас жарияланған. Мәселен, «Туған тілім» атты өлеңнің Т.Шонаулы мақаласында берілетін алты жолды, яғни, «Кені бай, тілің мен туған тілім, Дыбыстың сөз терін бұған түліп, Қайырмай қайдағымы жейірк еткі Мен – құтыла алмас құтам білім. Мен балман болдырмамын татар десең, Мен жатпан болдырмай жатар десең» деген үзінді 1916-жылғы нұсқамен салыстырғанда өлеңнің 1-жолы мен соңғы шумағының екі жолы қамтылғаны анықталып, өлеңнің авторы бір адам екені» айтылды.

Өлеңтің ортаға (аудиторияға) ұғылықты болсын деген ниетімен осы өлеңді Т.Шонаулы былай аударған: «...Богат и гибко мой родной язык, Звуки образуют чудный язык твой. Ты не заставишь обгоняешь бегунов, Ты неcessишь нам культуру. Тебя ничем не заставишь обгоняешь, Тебя не заставишь ваяться в передней». Салыстырып-сарайтауда бірінші жолының 1-тармағындағы оқымай көп нүкте қойылған екінші сөздің «тосып» деген сөз болуы өлеңтің шумақтың 2-тармағындағы «босағаңда» деген сөздің «бір бөлменде» деп қолданылып анықталдық. Дегенмен, бұл болмашы өзгерістер өлеңнің мазмұлына нұқсан әкелмейтінші қалы «босағаңда» деген сөздің мәндірек, тіпті ұйқас буын болып, жатық болуы өлеңтің анықрақ, Т.Шонаулы бұл сөзді «оқуан буын» жасау үшін әдейі өзгерте керек екенін айқын аламас анық» деген құдама Ейненін ғибратына жүгінісек, Телжанның – «...болды Ахметтің – Телжанды күзетудері» өлеңі жарасымды емес пе?! Телжанның осы өлеңі мен өлеңтің түсуіне іздестік кезеңнің әдебиеттану ғылымындағы қалыптаса бастаған «...қолжазба» өлеңінің бұлдарымен анықтауда, нағыз көмекші. Сондықтан «Т.Шонаулының өлеңі мен өлеңтің түсуіне іздестік білімі» деп таныуымыз орынды.

1994-жылғы тұлғаның 50 жасқа толу мерейтойына орай, С.Сейфуллин, М.Әуезовтер мен Т.Шонаулының өскәрмасы тарапынан танымал терең құттықтау мақалалар жазғаны,

бұл мақалалардың ахметтану мәселесінде үлкен рөл атқарғанын, бүгінгі ғалымдар зерттеу еңбектерінде тарапты талдап, жазыл жүр. Мақалалардың құндылығы соншалық бірнеше рет басылмы көргенін атасақ та жеткілікті. Осы материалдардағы мәліметтерді негізге алушылар А.Байтұрсынұлының туған жылын «1873» деп жүр. Естелік-мақалалардың берері мол, тағылымы терең екенін теріске шығармаймыз. Бірақ онда келтірілген датаны «қатып қалған қағидалар» көзіне айналдыру, оны кейінгі жинақтарда үнемі негіз етіп алу – бүгінгі жетілген ғылымдағы жетістіктерге «міне» болып тиістіні аңғару, оны ғылыми ортаға аңғарту, тіпті «терісті терістеу» заңына сүйеніп, ақиқатын айту – зерттеудің міндеті. Өйткені, тәуелсіздіктің арқасында «көмбеден» жатқан мұрағаттармен танысу мүмкіндігі тұды?! Ал тарихи деректердегі қиын қиғаттар мен соны айғақтарды сөйлесту – ең өзекті мәселе.

Жоғарыда аталған ғылыми зерттеулер мейлі арнау мақалалар болсын, қазақ тілі деген үлкен ұғымды, бір ұлттың ықпалы заманнан келе жатқан атауын қасақлана ысырған «саясаттан» тайсалмаған тұлғаның туындыларын қамтыған теңдесі жоқ материалдар. Бұл мақалалардың мәтініне қайта үніліп, мазмұнына терендер болсақ, ахметтану мәселесіндегі тұлға келбетін байыта түсері сөзсіз. Сонымен, Ахмет Байтұрсынұлытанудағы негізгі бағытты бірнеше салаға бөлуге болады: қазақ тілі білімі, әдебиеттану, педагогика, тарих, заң, философия, экономика, экология, көсемсөз салалары т.б. Осылардың ішінде Қазақ филологиясының тіл, әдебиет кафедраларында ғана ахметтану ілімі факультатив ретінде оқытылып жүр. Жалпы, аталған салалар бойынша жазылған еңбектер легі жеткілікті, бұл күні А.Байтұрсынұлының мұрасы бойынша 50-ге жуық кандидаттық, 20-дан аса докторлық диссертациялар қорғалды. Өзбетте, бұл жазылған ғылыми зерттеулер біліктілігі жағынан өз салалары бойынша толық меңгерілген тақырыптар екені даусыз, ендісіне ахметтану курсына ЖОО-да пән ретінде оқытатындай зерттеу жұмыстарының қоры жинақталды. Алаш арыстары ақталғаннан кейін шығармалары қайта басылып, әдебиеттану ғылымына «Алаш әдебиеті» деген үлкен арна қосылды. Осыдан бастап А.Байтұрсынұлының құмбырбаянын, шығармашылығын тану, оны келер ұрпаққа таныту аясында тіліні, әдебиетші, тарихшы, педагогика т.б. мамандар ғылыми-зерттеу жұмысын қорғап, нәтижесінде жекелеген монографиялық еңбектер жарық көрді. Өзбетте, олардың зерттеу нәтижелері ғалым замандастарының мақалалары. Атап айтсақ, М.Дулатұлы, Т.Шонанұлы, Е.Омаров, С.Сейфуллин, М.Әуезовтей әдебиет алыптарының мақалалары бүгінгі ұрпаққа ғылымның өмірнамасын, шығармаларын жан-жақты танытуда негізгі дерек көзі. Демек, ахметтану, оның әдеби, ғылыми шығармашылық мұрасын таныту – ол өзі өмір сүрген кезеңнен бастап алатыны басы ашық нәрсе.

Әдебиеттер:

1. Самойлович А. Литература турецких народов // Литература Востока. Вып. I – Петербург, 1919; А.Б. Байтұрсынұлының Қысқ. биограф. справка. Подпись: А.С. // Литературная энциклопедия (Отв. ред.: В.Фриче). – Москва, 1930., Том I., С. 305-306; Казахский (Байтұрсынұловский) алфавит // Литературная энциклопедия. (Отв. ред.: Луначарский). Т. 5., – Москва, 1931., С. 23.
2. Поливанов Е. Новая казах-киргизская (Байтұрсынұловская) орфография // Бюллетень Среднеазиатского государственного университета. Вып. 7. – Ташкент, 1924., С. 35-43; Яковлев Ф. Математическая формула построения алфавита // Культура и письменность Востока. Книга I. – Москва, 1928., С. 41-64; Кононов А. Байтұрсынұлы Ахмед Байтұрсынұлы // Энциклопедический словарь отечественных филологов (дооктябрьский период) – Москва: Наука, 1974.-342 с., С. 115.
3. Қожақасев Т. Қым-қымт іздер – Алматы: Санат, 1999.-400 б. Б. 328-330, 355-358; «Лайықты көшемет» (Ахана жасалған құрмет жайында Мақаланы дайындаған Қамзабекұлы Д.) // Социалистік Қазақстан, 12 қаңтар 1991; Қамзабекұлы Д. «Аханийн алдында» // Қазақ әдебиеті №11, 12 наурыз, 1996; Қамзабекұлы Д. Руханият. – Алматы: Білім, 1997.-272 б. Б. 88-100, 99-107, 171-200.
4. Құрғали Р. Қазақ әдебиетінің аятын ғасыры. – Астана: Күнтегіні, 2002.-528 б. Б. 12-35.

Омаров И. Ученая деятельность А.Байтұрсынұлы // Труды Общества изучения Киргизского края. Выпуск 3, Оренбург, 1922.

5. Шонанұлы Т. Ахмет Байтұрсынұлы халық ағарту және әдебиет саласында. Наурыз, 1923 жыл (Дайындаған: Байғалиев Б.) // Жұлдыз №2, Б. 123-128, 1992.

6. Байғалиев Б. Ахметтің кейбір өлеңдері мен аулақталары // Жетісу, 13 қаңтар 1989; Коммунизм таңы, 21 қаңтар 1989; Ұяттық рухтың ұлы тіні. – Алматы: Ғылым, 1999.-568 б., Б. 39, 250-261.

АЛАШ ИДЕЯСЫ ЖӘНЕ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

Ойсылбай Айсылу Төрекұлқызы
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет
және өнер институтының аға
ғылыми қызметкері, ф.ғ.к.

Қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы – Алаш партиясының жетекшілерінің бірі, Қазақ Елінің тәуелсіз мемлекет болуы үшін саяси күресте шылыққан тарихи тұлға. 1919 жылы Алаш басшылығының келісімімен Қазақ революциялық комитетінің мүше болып тағайындалып, совет өкіметі кезінде де жоғары қызметтер атқарды. Қазақстан Халық Ағарту Комиссариаты жанындағы ғылыми-әдеби комиссия төрағасы, Халық ағарту комиссары, Бүкілодақтық Орталық Ағарту Комитетінің мүшесі, Қазақстан халық комиссариаты Академиялық Орталығының жетекшісі, Алматы, Ташкент жоғары оқу орындарының профессоры болды.

Тәуелсіздік алған уақыттан бері Ұлтымның Ұлы Ұстазы атанған Ахмет Байтұрсынұлының әдеби, ғылыми және шығармашылық мұрасы әдебиеттанушылардан басқа журналист, заңгер, психолог, педагог (педагогика саласы бойынша), тарихшы, тілші ғалымдар тарапынан да жан-жақты зерттелініп келеді. Ғалым қазақ тілінің ғылыми пән ретінде өзінің төл атауларын яғни ереже, қағидаларын қалыптастыруға, ұлттық ғылымның дамуына өлшеусіз үлес қосты. «Әдебиет танытқылы» [1] тұңғыш ғылыми-теориялық зерттеу ретінде өз кезегінде әдеби-теориялық білімдер жүйесінің қалыптасуына ықпал етіп қана қоймай, қазақ әдебиеттану ғылымының тууына да негіз болды. Қазақ пән сөздері (терминология) ғылыми деңгейде (әр ғылым саласы бойынша) қалыптастыру үрдісі ХХ ғасыр басында Ахмет Байтұрсынұлы бастаған Алаш ғалымдарының араласуымен бір жүйеге түсе бастады.

Ғалымның «Әдебиет танытқышы» (1926), М.Әуезовтің «Әдебиет тарихы» (1927), Х.Досмұхамедұлының «Қазақ халық әдебиеті» (1928) атты еңбектері қазақ әдебиетінің тарихын, қалыптасуын, теориялық негіздерін сонау ХХ ғасырдың басында қазақ тіліндегі пән сөздері арқылы зерттелгендігін Алаштанушы ғалым А.Ісімақова «Тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиеттану» (2016) атты монографиясында жазды: «Совет әдебиеттануы осы үш кітапсыз күн кешкені сол ғылымның дәрежесін аңғартады. Осының нәтижесінде, біз «Әдебиетіміз қашан туған, қалай қалыптасқан, келешегіміз қандай?» деген сауалға жауап бере алмай, он ғасырлық көркем сөзі бар әдебиетті «младописменный» [2. 63] деп, тек советтік

тоғалитарлық көзқараспен шектелдік. «Әдебиет танытқышта» ғылым қазақ әдебиеттануының төл бастауларын айқындаған.

Ахмет Байтұрсынұлы тұңғыш рет қазақ тілінде ғылыми-теориялық пән сөздердің жүйесін тіл білімі саласында жасай отырып, қазақ әдеби тілінің тазалығына да қатты көңіл бөлді. Қазақ тілінің табиғатын ашатын алғашқы пән сөздер мен ұғымдар жүйесі «Оқу құралы» және «Тіл құралынан» басталады. «... Жұртқа ғылым үйретумен, көрумен, білумен жайылады. Білімнің бас құралы – кітап. Қазақ арасына білім тарататын кітаптар керек. Осы мақсатқа жетуге зор себепкер болатын істің бірі – білімі жарысы» деп өзі жазғандай, ұлтты тәрбиелейтін оқу құралы мен білімге аса мән беріп, биік талап пен талам үлесінен шығуды мақсат етті.

Аталған оқу құралдардағы грамматикалық пән сөздер яғни *буын, дыбыс, үлгі, дауысты дыбыс, жарты дауысты дыбыс, жіңішкелік белгісі, зат есім, сын есім, үстеу, қосымша, жұрнақ пен жалғау, бастауыш пен баяндауыш, септік, шығару* және тағы басқаларын түзумен қатар, сол ғылыми ұғымдарға ат қоя білген. Ғылыми ұғымдарға ат қою оңай іс емес, табандылықты, көп жұмысты талап етеді. Ұлт ұстазының ғылыми айналымға ендірген қазақ тілінің ұғымдары, анықтамалары мен пән сөздері бүгінгі қазақ тілтану мен әдебиеттану саласының қайсысында болса да ерекше сипатқа ие.

А. Байтұрсынұлының ресми түрде ақталған алғашқы жылында тілші ғалым Әмірзақ Айтбаев «Қазақ терминологиясының атасы» (1989) атты ғылыми мақаласын жариялады. Ғылымның пән сөздерді жасаудағы еңбегін бағалай отырып, автор былай дейді: «... Ахмет Байтұрсынұлов «Айкап» журналы мен «Қазақ» газеттерінің беттерінде араб сипесіне лайықтап ікемделген жаңа нұсқа туралы жұртшылыққа түсіндіріп мақалалар жазды. Ол жасаған жаңа жазу үлгісі ел көңіліне бірден жетеді де, қабылданады. ... қазақ ұғымдына әлі жат, бірақ тіліміздің кейбір ішкі жүйесін түсіндіруге қажет кейбір сөздерді жаңаша қолдана бастады. Олар: дыбыс, әріп, емле, ноқат (нүкте), буын, әліппе, сөз басы, сөз аяғы, дауысты дыбыстар, дәйекші сөздер. Бұлар қазақ тілінде бұрыннан бар болғанмен белгілі бір ғылыми ұғым есебінде нақты атауға иелік жасап отыруы тұңғыш рет» [3, 8].

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ халқына сіңірген «біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын» (М.О.Әуезов) таудай еңбегін орыс ғалымдары А.Н.Самойлович (1919), Е.Д.Полыванов (1924), А.Н.Кононов (1924), Н.Ф.Яковлев (1928) [4] жоғары бағалап, көрнекті түркологтардың қатарында өз зерттеулерінде еске алады.

«Әдебиет танытқышта» әлем және орыс ғалымдарының сөздері мен еңбектерінің аты аталмаса да, теориялық зерттеудің басты қатпарларының қазығы әл-Фараби, Аристотель, Гегель, Лессинг, Буало, Б.Кроче, Ломоносов, Тредьяковский, А.А.Потебня, Д.Н.Овсянко-Куликовский, А.Н.Скафтымов, В.Шкловский, А.Н.Веселовский, В.Я.Проп, Р.Якобсон, В.М.Жирмунский, Б.В.Томашевский, Б.М.Эйхенбаум, О.М.Фрейденберг, Ю.Н.Тынянов, М.М.Бахтин, Л.С.Выготский, В.В.Виноградов, Г.О.Винокур, И.А.Виноградов, Ю.Лотман, Б.И.Ярхо, Л.Якубинский сияқты ғалым, әдебиеттанушылардың көзқарастарына бойлайтыны анық.

Әлемдік әдебиеттану ғылымында өнердің және өнер түрлерінің сипаттамасы Аристотель, Гораций, әл-Фараби, Буало, Гегель, Лессинг, В.Г.Белинский, Н.Г.Чернышевский, М.Ломоносов, В.Г.Тредьяковский, т.б. ғалымдардың ғылыми еңбектерінде де анықталған. Ал, А. Байтұрсынұлының еңбегі басқа ғалымдардан өзгеше яғни барлық ой-тұжырымдарын қазақ оқушысына ұлттық рухы биік өз ана тілімізде жеткізіп берді. Осы жағынан келгенде ғалым әлем әдебиетімен өте етене таныс екендігін байқатады.

Көрнекті алаштанушы ғалым А.Ісімақова «Әдебиет танытқышта» әлем әдебиеттануы контекстінде қарастырып, келесі тұжырымын айтады: «Л.Гинзбургтің лирикасы «Адамның ішкі әлемінің күйі», – дегені риза болушы едім. Ал, А.Байтұрсынұлының лирикасы: «Жүректің дебі, көңіл құсының сайрауы, жанның тартатын күйі», – дегені қандай дәл және нақты. Л.Гинзбург пен М.Бахтин: «Әдебиет – адамның жаны, оның ішкі әлемінің өзгеруі, санасының көркем бейнеленуі», – десе, А.Байтұрсынұлы: «Әдебиет – асыл сөз – адамның жан қоштауының қажетінен туған» [5, 168] – дейді. Асыл сөздің үлгілісі өмірдің гиратты

болуын алға тартатыны дей келе Х.Досмұхамедұлы: «Әдебиет – халықтың түрлі қимылдарының айнасы», – дейді. М.М.Бахтин: «Әдебиет – адамның істері, қылықтарының табиғатын, себебін танытатын өнер түрі» десе, А.Байтұрсынұлы: «Асыл сөз адам санасының үш негізіне тіреледі – ақылға, қиялға, көңілге», – дейді. Себебі, «ақыл ісі – аңдау яғни нәрселердің жайын ұту, таңу, ақылға салып ойлау; қиял ісі – мензеу яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – тую, талғау» [1, 268]. Осы тұрғыдан қарағанда, А.Байтұрсынұлы, М.Бахтин, Х.Досмұхамедұлы үшін, әдебиет – адамзаттың мәңгілік сауалдарына жауап іздеуші ілім.

Тауелсіздік кезеңіндегі зерттеулердің бір бағыты ұлттық әдебиеттанудың теориялық деңгейін әлемдік әдебиеттану аясында айқындау болып табылады. Әдебиеттанушы А.Ісімақовадан кейін жас ғалым Ұ.Еркінбаев «Әдебиет танытқыштың» теориялық негізі» (2008) атты еңбегінде «Әдебиет танытқыштың» ғылыми-теориялық деңгейін XX ғасыр басындағы Ресей әдебиеттануымен салыстыра зерттеді. XX ғасыр басында сөз өнерінің поэтикасын үш бағытта яғни поэтикалық семантика, поэтикалық синтаксис және поэтикалық фонетика бағытында қарастырады.

«Әдебиет танытқыш» деген атауда тұрған «әдебиет» деген не, оны не үшін «таныту» керек деген екі сөзде тұрған жауап – біздің бүгінгі әдебиеттанудың анықтап айта алмай келе жатқан күрделі ғылыми танымдық мәселесі болып табылды. Қазақ тілі мен әдебиеттану ғылымына қатысты ұғымдарды, сонымен бірге сан алуан жанрлық түрлерді сипаттайтын ұғым-ағуларды орнықтыруға айрықша бағалы еңбек сіңірген тағы да – Ахмет Байтұрсынұлы. «Әдебиет танытқышта» сөз өнеріне, халық поэзиясына, жалпы әдебиетке қатысты ұлттық сипаттағы көптеген пән сөздерді орнықтырып, тұңғыш рет жүйелеп берді.

А.Байтұрсынұлының қазақ әдебиеттануы мен тіл ғылымын дамытудағы еңбегі туралы әдебиеттанушы ғалым Ш.Елеукезов «Жаңа жолдан» (1986) атты зерттеуінде: «А.Байтұрсынұлы терминология саласында ізденуде айрықша талант көрсеткен. Ол келсе өзінің келісе қойсын деп төтеннен бір сөз ойлап тапайды. Жаңа термин жасағанда қазақ тілінің сол ұғымға байланысты табиғи түсініктерінен қарайластырады. Мысалы, «архитектура» «саулет» деп аударды. ... сөйтіп, ол «саулет» деген сөзді қазақ тілінде бағынбай қанып тасқан тұрақты тіркестен алып отыр. Осы ретпен ...культураға, музыкаға өзінше маман тапқан. Өнер тарауларының Ахат туғызған бірсыпыра термині тілімізге сіңісіп те өзінше кейбірі интернационалдық атаумен аталып жүр» [6, 105], – деп жазады.

Пән сөздердің күнделікті өмірде араласпайтын саласы жоқ, күнделікті өзара қарым-қатынас құрылымы да айнала бастағанын байқап жүрміз. Осы орайда пән сөздердің «өмірде» қолданылуы, оның мәніне, жасалу принциптеріне келгенде әр алуан пікір, түсініктер бар. Термин аясында бүкіл түркология, оның ішінде қазақ тіл білімін, сондай-ақ орыс тіліндегі «архитектура» зерттеушілер де біраз пікір өрбіткен. XX ғасырдың басында қазақ ғалымы Гүлнәр Нәсіп Жүнісов «Термин сөздердің спецификасы жөнінде» [7] Мемлекеттік термин комиссиясының 1935 жылғы № 3-санында пән сөздердің мәні мен мазмұны, сөздің өмірде жасайтын сөзін жайында ғылыми еңбектер жазған. Ғалым пән сөздерінің өмірлік өзгешілік сипатын анықтау барысында олардың терминдік мағынасына «өмірлік» мағыналық мағынасына назар аудару керектігін бірінші орынға қойып, оған өз аса мән берген. Мынадай аударуға келмейтін терминдердің аударылуын (психология – жан жүйесі, математика – орнақшылық, геометрия – пішіндеме) қате деп санайды.

XX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қазақ тілінде термин сипатты, дербес мағыналы терминдер арнайы жасалып, кең түрде қолданыла бастауы, тұрақты түрде жазыла бастауы ерекше көрініс берді. Осы кезде қазақ тілінде «Айкап», «Дала улағатының газеті», «Айкап» ішкі сияқты мерзімдік, әдеби басылымдар мен шығармалар, алғашқы оқу құралының бірі және екі тілдік сөздіктер, іс қағаздары басқа да қатынастық хабарлардың арнайы шығарылуы. Бір тұста ешкім арнайы түрде сала атауларын түзіп, түгелдеумен айналысқанмен, жүргізуші түрлі мақала, еңбек жазуы барысында, тілдің сөзжасамдық табиғатын негізінде сөз түзіру, сөздерді күрделендіре қолдану істері қағазға түсіп, жаңаша өмірлік мағыналы

XX ғасыр басында ғылыммен айналысқан Алаш қайраткерлері мен зиялыларының бәрі де мүмкіндігінше ғылыми ұғым-атауларды қазақшалап, ұлттық тіл табиғатының бұзылмауына аса мән беріп, қатты көңіл бөлген. Мысалы: Н.Құлжанова «Мектепке дейінгі тәрбие» (1923), «Ана мен бала» (1927), М.Жұмабаев «Педагогика» (1927), Ж.Аймауытұлы «Тәрбиеге жетекші» (1924), «Психология» (1926), «Жан жүйесі және өнер тандауы» (1926), «Комплексті оқыту жолдары» (1929), «Жаңа ауыл» (1930), Х.Досмұхамедұлы «Табиғат таңуы» (1922), «Оқушылардың саулығын сақтау» (1925), «Адамның тән тірлігі» (1927), «Жануарлар» (1928), «Қазақ халық әдебиеті» (1928) зерттеулерінде пән сөздерін қазақ ұғымына лайықтап жазды.

Пән сөздері (термин) деген сөздің әдебиеттану ғылымында алатын орны ерекше, ол кең мағынада қолданылады. Әдебиеттану саласында, әдебиет теориясында қолданылатын ең көпесті ғылыми ұғымдар мен терминдер жүйесі жүйелі түрде тұңғыш рет академик З.Ахметовтің қрастыруымен «Әдебиеттану терминдерінің сөздігі» (1996, 1998) жарық көрді. Сөздіктің аяқталуында: «...Айналы зерттеулер негізінде, ғылыми принциптерге сүйеніп жасалған осы «Әдебиеттану терминдерінің сөздігі» атты еңбек әдебиеттану ғылымының кәзіргі деңгейін танытады, сөз өнеріне, тарихи-әдеби процеске бүгінгі көзқарасты айқындайды» [8, 3] делінген.

Ахмет Байтұрсынұлы қалыптастырған пән сөздердің көпшілікке етене жақын болып кетуін, табиғилығынаң феноменін, біздіңше танымдық негізде түсіндіруге болады. Кәзіргі қазақ тіл білімінде «тіл мен ұлт біртұтас» деген қисима сөйкес тіл табиғатын зерттеуде сол тілде сөйлесушінің танымынан тыс қарамайтын үрдіс теориялық-әдістемелік ретінде термин жасам теориясына да қолдануды қажет етеді. Тіптанушы ғалым Ж.Монкеева А.Байтұрсынұлы қалыптастырған пән сөздерінің танымдық негіздері жайында былай дейді: «... термин жасамның тілдік тетіктері субъективті факторды жоққа шығарып, объективті сипат бермек. Бұл арада танымдық негіздің ұлттық ерекшеліктерінің де (шешендік, бейнелілік, т.б.) мәні ерекше. ... Мысалы, А.Байтұрсынұлы қалыптастырған *көсем* термині *Көсем* сөзінің қазақ танымындағы мәні белгілі. Ал, оның лингвистикалық, грамматикалық қызметіне сай мәндік сабақтастығы (психолингвистикалық философия, логика, лингвистика), дәлдігі дау тудырмайды» [9, 17].

Ахмет Байтұрсынұлының негізгі әдебиеттанулық ұстанымы туралы ғалым Р.Нұрғали «Әдебиет танытқышта» А.Байтұрсынұлының әлемдік терминологиялық стандарт деңгейіне көтеріліп, шет сөзді араластырмай, қонымды, ықшамды, бір-бірімен сабақтап, ұйқас, ұлас ұғымдардың тұтас ұлттық қазақ жүйесін жасап берлі. Олардың басым көпшілігі автор репрессияға ұшырап, кітаптың тыйым салынғанына қарамастан әдеби тілге кіріп кетті. Интернационализм дегенді желеу етіп, шет тілді зорлап ендіру науқаны тұсында әдебиеттанудың да шұбарланғаны анық. Әрине кәзір роман, лирика, драманы ұзақ әңгіме, толғау, айтыс-тартыс деп өзгерту мүмкін болмас, бірақ Ахмет Байтұрсынұлы жасаған бірталай терминдер, сөздер қолдануға сұранып тұр» [10, 35-36], – дейді.

Шындығында да А.Байтұрсынұлының әдебиеттану саласына енгізген пән сөздерінің бәрі де өз орнын дәл тауып, атауын дәл танытып тұрғаны анық. Бұған еш талас жоқ. Біздің санауымыз бойынша, ғылым «Әдебиет танытқышта» әдебиеттануға қатысты 500-ден аса пән сөздерін ғылыми айналымға енгізіп, қалыптастырды. Ғалымның ғылыми ұстанымы, бүгінгі түзелсіз қазақ әдебиеттануының теориялық талаптарына толық жауап береді және асыл сөз өнерінің теориясына қатысты *ана тілі», «аңдау», «аңдау», «асыл сөз», «әдебиет танытқыш», «әдеби тіл», «бастары», «тірнек өнері», «көрнек өнері», «жаратынды нәрсе», «жасалынды нәрсе», «сөз өнерінің ғылымы», «сөз әуезділігі», «сөйлеу әуезділігі», «түркі», «тіл қисыны», «сөйлеу түрлері», «қорыту», «мазмұндау», «арнау», «ишүмек», «өрінекті сөйлем», «өлеңді сөйлем», «құрмалас сөйлем», «сөз талғау», «кітаби тіл», «тіл көрнекілігі», «айтушы», «айтыс», «сөз табы», «шығарманың тілі», «шығарманың түрі», «шығарманың тегі», «шығарма сөз», «түтуші», «оралым», «буын», «бунақ», «екпін», «ырық», «тармақ», «өлең тақтасы», «өлең кестесі», «жорғақ», «толғау», «әуез», «айтыс-тартыс», «қиқыртпа», «әліптеме», «әлеметіңі», «ауреленіс», «саптанасы», «кешен сөз»,*

«билік сөз», «уағыз сөз», «ұлы әңгіме», «ұзақ әңгіме», «ұсақ әңгіме», «мысал», «нысаят», «мінажат», «қалып сөзі», «салт сөзі», «асатпама», «ауызқатпама», «аурып сөзі», «құрытпама», «үгіт өлең», «үміт өлең», «терме», «сарындама», «дімар сөз», «жосқату», «жарампазан», «ынажат», «шежіре», «жым шәкір», «дерт көшіру», «зәмакат», «бата», «діндар дәуір», «сындар дәуір», «кітаби тіл», «әдеби тіл», «ертек», «ертегісіме», «намыс толғау», «марқайыс толғау», «қуаіс толғау», «сан толғау», «сарын», «пәнді әліптеу», «санді әліптеу», «жасалылай әліптеу», «ойлау оңтайы», «талдама оңтай», «терме оңтай», т.б. пән сөздерінің жүйесі әлемдік әдебиеттануда қалыптасқан ғылыми-теориялық тұжырымдармен сәйкес.

«Әдебиет танытқышта» өнертану, әдебиеттану, фольклортану салалары бойынша пән сөздерінің жүйесін қалыптастырған А.Байтұрсынұлының кемелгер білімпаздығын таныған ғалымдар Ж.Смағұлов пен Ш.Жалмаханов мынадай статистика ұсынады: «... терминдердің жасалу жолына лингвистикалық тұрғыдан қарағанда 67 термин дара тұлғада, 223 термин күрделі тұлғада (2 сөзден 7 сөзге дейін) болып келеді. Белгілі бір сөз өнер құрылысына берілген атау, термин сол құбылыстың адам, қоғам өмірінің рухани-әлеуметтік табиғатынан туындап жатқандықтан да (атау, терминдердің мағыналарына құбылысты телу емес) ойға оралымды, көңілге қонымды болып шыққан. Мұнда әдебиеттануға қатысты 327 термин қызданылған болса, оның 60-ы (18%) осы күнге дейін пайдаланылып жүр, 267-сі (80%) кәзір қызданылмайды» [11, 26].

Жаңа атаудың термин болып тілге сиуіне қойылатын қағидағар мұнымен шектелмейді. Оның өміршеңдігін қамтамасыз ететін төмендегідей талаптарға жауап беру керектігін ғалым Ш.Құрманбайұлы ескертеді. Олар: 1) терминнің бір мағыналылығы; 2) термин мағынасының дәлдігі; 3) терминнің қысқалығы немесе ықшамдылығы; 4) терминнің тілдегі сөзжасам мүшеліктеріне сәйкес келуі; 5) терминнің туынды сөз жасауға қолайлы болуы; 6) терминде мандондалдық пен экспрессивтілік болмауы; 7) эстетикалық талаптарға сай келуі [12, 58-60]. Осындай талаптарға жауап бере алған жаңа термин ғана тілге судай сіңіп, сол тілдің иесі бір мүшесі ретінде өзіне жүктелген міндеттерін толық орындай алады.

«Әдебиет танытқышта» белгілі әдебиеттануға қатысты пән сөздердің қазақша баламасы ыңғиға қонымды әрі сәтті түрде қолданылған. Әр категория өзінің логикалық дамуы, қалыптасқан жүйесі бар түсінік ретінде айқындалады. Мысалы: «байыптаманың зор мүшесі түрлеу бастамасы, ұсынбас, баяндамасы, қорытпасы». Яғни әр тұжырымның ішкі мүшеліктері ашылып, парадигма ретінде дәлелденетіні әдебиеттанушы А.Теймұқова айтып та, жазып та жүр.

«Әдебиет танытқыштағы» ғылым қалыптастырған, қолданған, енгізген пән сөздерге де репрессия жасалды. Ғалымның қазақ тілі мен әдебиет саласында орнықтырған филологиялық пән сөздерінің жүйесі де өзімен бірге репрессияға ұшырап еленбей, ескерілмей қалды. XX ғасырдың 1920-жылдары жазылған бұл еңбек авторының репрессияға ұшырауына байланысты бірқатар пән сөздер ғылыми айналымнан шығып қалғанын жоғарыда атап өттік. Ал, бірқатар пән сөздерді қасақана әдеби-ғылыми процесстен алып тастады. Соның өзінде «Әдебиет танытқышпен» таныс ғалымдардың арқасында «аман қалған» филологиялық пән сөздер қазақ әдеби-ғылыми тілінің қалыптасуына белгілі дәрежеде ықпал етті.

Ахмет Байтұрсынұлы қалыптастырған пән сөздердің біразы орыс тілінің үлгісімен жасалған деген сылтаумен өзгертісі, қолданыстан шығарып тастағысы көлелдер де болған. Бұл әрекеттен ештеңе шықпады, қайта бұдан артық үлгіні қанша әрекет еткенмен жасай алмайтындығына көздері жетіп, ғалымдардың бәрі де Ахмет Байтұрсынұлы жүйеленген пән сөздерін негізге алған. Кәзіргі таңда мектеп пен жоғары оқу орындарында пайдаланылып келе жатқан оқулықтардағы пән сөздер жүйесі түгелімен ғалым есімімен тығыз байланысты.

Ахмет Байтұрсынұлы ғалым Рымғали Нұрғали жазғандай: «...төңкерістер дәуірінде әмір сүрсе де тіл, әдебиет мәселелеріне күнделікті науқандық жайттерді, түрлі қаулы-қарарды, партиялық нұсқау, талаптарды араластырмайды, негізінен ғылыми өлшем, білік талғам таразысы» тұрғысынан назар аудары білді.

А. Байтұрсынұлы пайымдаған әрбір ұғым немесе сол ұғымның жүгін көтеретін пән сөздер негізінен үш тағаммен бірлікте қаралады: сөздің *генезисі* мен *семантикасы* яғни пән сөздердің мәндік, мағыналық теориясы және оның асыл сөз жүйесіндегі *қызметі*. Осы тұрғыдан болса, ғылымдағы өзге де жүйелілік қағидасы тұрғысынан болсын «Әдебиет танытқышта» ғалым қалыптастырған пән сөздерін зерттеу бүгінгі күннің талабы.

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Т.І. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б.
2. Ісімақова А. Тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиеттану. – Алматы: Дәстүр, 2016. – 384 бет.
3. Айтбаев Ә. Қазақ терминологиясының ағасы // Қазақстан әйелдері, 1989. – № 4. – Б. 6-7.
4. Ұлттық рухтың ұлы тіні. Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1999. – 568 б.
5. Ісімақова А. Алаш әдебиеттануы. – Алматы: Мектеп, 2009. – 560 б.
6. Елеусенов Ш. Жаңа жолдан. – Алматы: Жазушы, 1989. – 317 б.
7. Жұбанов Қ. О специфике слов-терминов // Бюллетень гостерминологии. – Алматы, 1935. – № 3.
8. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.
9. Манкеева Ж. А. Байтұрсынұлы терминдерінің танымдық негіздері // Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ филологиясы мәселелері (конференция материалдары мен тезистері). – Алматы: Арыс, 2004. – 208 б.
10. Нұрғалиев Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана: Күлтегін, 2002. – 528 б.
11. Смағұлов Ж., Жалмаханов Ш. А. Байтұрсынұлы – қазақ әдебиеттану терминдерінің негізін салушы. – Қарағанды, 1997.
12. Құрманбайұлы Ш. Терминтану. – Алматы: Атлас, 2006. – 244 б.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ТАҒЫЛЫМЫ

А. Б. Салқынбай, Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы

XX ғасырдағы қазақ рухани мәдениеті көшбасшыларының бірі болған Ахмет Байтұрсынұлы - өмірі аңызға, шығармашылығы үлкен маңызға ие болған көрнекті тұлға. Жастайынан тағдыр талқасын көріп өскен Ахметті өсірген де, ғылым мен мәдениеттегі көзге есіні көгерткен де - халық үшін еткен еңбегі, елі үшін еңсере жасаған қызметі. Қараңғылықтың қампауынан алаш жұртын аршып алуға арналып, алғашқы сауат ашу құралы ретінде жазылған "Оқу құралынан" бастап, "Әліп-би" мен "Тіл құрал", "Әдебиет танытқыш" атты зерттеулері мен маса болып ызындап елдің ертеңін ойлауға үндесен "Қырық мысал", "Масасы", қазақтың эпостық жыры «Ер Сайынның» алты сөзі мен түсініктемелерін жазып, 1923 ж. Москвада шығаруы, ауыз әдебиетінде молынан сақталған жоқтау-жырларын арнайы жүйеленіп, сұрыптап «23 жоқтау» деген атпен жеке кітап етіп жариялауы - оның өсімін алтын әріптермен қазақ мәдениетінің шежіресіне жазды.

Ахмет Байтұрсынұлының қоғамдық-саяси қызметінің аса құнды тұсы Орынбордағы 1913-1918 жылдары Ә. Бөкейханов, М. Дулатовпен бірігіп, сондай-ақ қалың қазақ интеллигенциясының қолдауына сүйеніп, тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығаруы. Газеттің қазақ журналистика тарихында ерекше маңызға ие болуы, жарияланған мақалалардың ұлттық мәселелерді жүйелі саралап және ел өміріндегі ерекше қажетті жағдаяттарға арнауымен байланысты. Ел тағдырының келешегіне саналы түрде алаңдаулы ақын көп қырлы ісімен, дана саясатымен қазақ жастарының рухани көсемі болды.

Ахмет Байтұрсынұлының ұлылығы ұлт үшін ұлық істерді бастауымен, алғаш қазақ әліпбиін жасап, қазақ сөз өнерінің теориясын туғызғанымен, тіл ғылымының маңызын терең түсініп, бағалап, тілдік терминдерді ұлттық санаға лайықтан жасауымен байланысты. Қазақ сөзінің қисынын келтіріп, өз нақышында жазу үшін сол тілде сауатты ашып, дағдылану керектігін тап басып айту да - ақын ерлігінің бірі. А. Байтұрсынұлының «Қазақтың бас иымы» атты ұлы Абайға арналып жазылған мақаласы - әдебиеттану ғылымындағы алғашқы терістеу еңбектердің бірі ретінде бағаланады. Абайдың тарихи миссиясы, рухани болмысы, өлеңдерінің ұлттық сөз өнеріндегі маңызы, көркемдік-эстетикалық сипаты алғаш рет ғылыми тұрғыдан зерделенген-ді. Ал қазақ халқының талай заманалар бойы аңсаған арманын көкжиек төріне шығарып, сол арқылы өзі де биіктеген ақын Сұлтанмахмұт Тормайыров "Дулатов, Байтұрсын, Бөкейханов... бірі - құн, бірі - шолпан, бірі - айым" деп ұлт азаттық қозғалысы күрескер алаш азаматтарын ардақтаған. Ия, қазақтың бір туар арыстары бірін-бірі осылайша марқайта мадақтай, еңбегін бағалай білген.

Қазақ сөзінің қисынын (теориясын) қиыстырып, көркем сөйлеу тілін ғылым тіліне икемделіріп, тіл-құрал етіп әдіптеген ұлт көсемі Ахмет Байтұрсынұлы тіл білімінде де көшбасшы болып, қазақ тіл ғылымы мен әдістемесінің негізін қалады. Қазіргі таңда Байтұрсынұлы жасаған бүкіл терминдер қазақ тіл білімінің мететұғыры болып қалыптасып, тілдік тәжірибеде қабылданған, уақыт сүзгісінен өткен, қазақ тіл білімінің төл ерекшелігін танытатын құндылыққа айналған.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тіл білімінің негізгі теориялық тұғырын жасап, оның өн ашық қазықтарын қасты:

1. "Тіл - адамның адамдық белгісінің зоры, жарасайтын қаруының бірі", - деп Ахмет Байтұрсынұлы тілді адам саласындағы ойдың күрделі нәріміздері мен әр түрлі психофизиологиялық кубылыстар арқылы қабылданатын ақпараттардың күрделі таңбалық көрінісі ретінде де таңуға негіз жасады. Лингвистика теориясының аса күрделі мәселелерінің бірі болып табылатын тіл мен ойлаудың арасындағы байланысты көптеген ғалымдар терістегені белгілі. Бұл тіл білімі, философия, психология, мәдениеттану т.б. сияқты ғылымдардың тоғысуынан туындайтын күрделі ғылыми-теориялық мәселе.

2. Ежелгі көк түріктен келе жатқан бітіктің бірінде "Мәр кімнің қолында болса, сол - Сүлеймен" деген сөз бар, сол айтқандай, орыс үстемдігі тұсында қазақ әліпбиі сан ауысты. Алаштың аулы ұлдарының көзі тірісінде кириллицаны енгізуге қанша мықты болса да, үкіметтің шамасы жетпейті. Қазақ зиялылары таңдаған, қалып ел болып қолдап, қолданған Ахмет Байтұрсынұлының төте жазуы арқылы ұлт сауатын ашып, газет-журналдарын шығар бастағаны, 1929-40 жылдар арасында латын таңбасын енгізгені, 1938-дің қырың-зобалаңынан соң, елдің еңсесін көтертпей, соғыс басталар алдында, заманауи апақ-сапақта кирилл таңбасын зорлап таңғаны да бүгінгіге тарих болғанымен, сол уақыттың шындығы сді.

Қазақ жазу ілімі ғылымының бастауы А. Байтұрсынұлы еңбектерінде алғаш қалыптасып, негізделді. А. Байтұрсынұлының жазу ілімі саласындағы еңбегі қазақтың төл жазуы – төте жазуды жасаумен, оның фонематикалық ерекшелігін толық ашумен, әрбір әріптің қазақ дыбысының табиғатымен сәйкес келуін ескергені екенін айту қажет. Қазақ жазу ілімі теориясында әріп саны фонема санымен бірдей болуы жетілген жазу екенін танытады деген тұжырым А. Байтұрсынұлы еңбектері арқылы қалыптасты. Әріптің фонемалардан аз болуы түркі тілдеріндегі сингармония заңының сөздің негізгі құрылымы мен мағыналық ерекшелігін аша алу қасиетімен байланысты. Дауыстылардың бірінғай жуан-жінішкелігі сөздің барлық буындарында сақталатындықтан, көп таңбадан гөрі, сөздің алдына дәйекші белгісін қою арқылы жазу экономиясына жетуге болатынын табуы – Ахмет Байтұрсынұлының реформаторлығы ретінде танылады. Қазақ тіліндегі жиырма төрт түрлі дыбысты таңбалаудың өзіндік ерекше жолы мен жүйесін ұсынған ғалым “қ” мен “ғ” дыбыстарының ылғи жуан, “к” мен “г”, “е”-нің ылғи жіңішке айтылатынын ескерте отырып, былай деп жазады: “Егерде бұл 19 дыбыстың жуан айтылуы үшін бір белгі, жіңішке айтылуы үшін бір белгі керек десек, .. онда 19 дыбысқа 38 белгі керек болар еді. Бұған дайым жуан айтылатын “к” мен “ғ”-ны қосқанда дайым жіңішке айтылатын “қ” мен “г”, “е”-лерді қосқанда, бөріне 43 белгі (харіп) керек” [1. 324].

“Дауысты дыбыстар сөздің жаны, дауысыз дыбыстар сөздің тәні есебінде” деп санаған Ахмет Байтұрсынұлы әрбір әріп пен оның айтылу жолын тәптіштеп түсіндіріп, жазу емлесін жасайды. “Дауысыз дыбыстар дауысты дыбыстардан нәлігінде” (328-бет) деп түсіндірген ғалым қазақ тіліндегі үндестік заңының ерекше қасиетін айта отырып, оның айту мен жазудағы нақты әрі табиғи қалпын сақтап, дауысыздың өзі, шындап келгенде, осы заңға бағынатынын дәлелдейді. Бұл ғылыми шындықты кейінгі ғалымдардың мойындағаны, теориялық-тәжірибелік тұрғыдан анықтағаны тағы шынық.

“Жазу дегеніміз – дыбыстың таңбасы. Әр дыбыстың әр елдің таңбасындай таңбасы болады. Таңбасына қарап қай дыбыс екенін танимыз” деуінде үлкен мән бар” [1. 322]. Демек, ғалым үшін қазақ тілінің айтылымындағы фонема саны мен әріп саны шамалас, дәл келуі керек.

Ғалым дауысты дыбыстардың графемалық қасиетін – “буыныш әріп” ретінде танытады да, олардың мәнін, сөз құрамындағы мазмұндық сипатын ерекше талдайды. Сөз мағынасын анықтайтын дәйекші белгінің маңызын жіті түсіндіреді. Қазақ жазу ілімінің атасы А. Байтұрсынұлы “Дыбысқа сәйкестеп әріп алынбаса, сөздің жазылуы мен айтылуы бөлектенбей қала алмайды” деген ойын бірнеше жерде жұмырлайды, дыбыстар мен әріптер арасындағы қарым-қатынасты терең барлай келе, “дыбыстар мен әріптер арасында сәйкестік күшті болғандықтан, сөздің жазылуы мен айтылуының арасында да сәйкестігі күшті” екенін анықтайды (359-360-беттер). “Тілдегі бар дыбыстың бас-басына арнаған белгісі бар болса”, тәртіпті жазу болатынын қайталай ескертіп отырады (380-бет).

Қазақ жазу үлгісін ағылшын, америка, француз, қытай жазуларымен салыстыра отырып, олардан ерекше екенін дәлел келтіре отырып анықтан, айтылу мен жазылу арасындағы сәйкестігі мол жазулардың қатарына төте жазуды да жатқызады. А. Байтұрсынұлы қазақ жазу ілімі ғылымының негізгі ғылыми-теориялық тұжырымын жасап, тәжірибелік жолын қалыптастырған, фонема мен графема арасындағы қатынастың тереңдігін дәл тауып, айтылу мен жазу арасындағы сәйкестіктің мүмкіндігінше мол, нақты болуына басты назар аударған тұлғаш ғалым.

3. Қазақ жазу үлгісіндегі тыныс белгілеріне де А. Байтұрсынұлы ерекше мән береді. “Әріптен басқа жазуда қолданылатын белгілерге бүгінге дейін анықтап белгіні ат қойылған жоқ еді. Сүгіретке қарап, біреу олай, біреу былай деп атайтын еді” – дей келіп, негізгі тыныс белгілеріне қазақша ат қойып, бірінші рет айдар тағады: “тыныстық (.), жапсарлық (.), қосармақ (=), тастарлық (-), дәлдісулік (« »), сұраулық (?), лептеулік (!)” [1. 337]. Мұның байқалатыны, қазақша тыныс белгілерге ат беру, олардың қойылу жолын түсіндіру автор үшін маңызды болған. Қазіргі кездегі *тыныс белгі, қосу (+), сұраулық, лептік белгі, нұқта, үмір* терім-өздерінің алғашқы жасаушы да А. Байтұрсынұлы болғанын аңғарамыз.

4. Әліпби түзген, тыныс белгілерін нақтылаған, жазу үлгісін көрсетіп, графема мен фонема арасындағы сәйкестікті терең талдаған А. Байтұрсынұлы емле тәртібін, *тілі жүйесін* оқылтуға да ерекше мән береді. Әлем халықтарының емле жүйесінен мол хабары бар ғалым, қазақ сөзінің ішкі болмысына сәй келетін жүйені, дұрыс сауаттандыратын емлені көзге санаиды. “Сауаттылық негізі жазу” деген жолды берік ұстана отырып (362-бет), “жазу – әріптердің сүгіретін сала тізу, оқу – әріптердің дыбыстарын айта тізу” екенін нақтылайды.

5. Қазақ тілі білімінің негізін қалаушылардың бірі, ұлы зерттеуші Ахмет Байтұрсынұлы тілі білімінің басты салалары туралы ең алғаш қалам тартқан ғалым еді. Алғашқы сауат ашу құралы ретінде жазылған “Оқу құралынан” бастап, “Әліп-би” мен “Тіл құралда” қазақ тілі білімінің басты әрі негізгі терминдерін жасады. Ахмет Байтұрсынұлының ұлылығы оның тек тұлғаш оқу құралын жазғанымен өлшепбессе керек, ең бастысы алғашқы оқулық тілінің терең халықтығында, сапалылығы мен біліктілігінде. “Біздің жасынан орысша я ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жазу алмайды, я жазса да қиындықпен жазады. Себебі жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық. Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген”, - дейді автор “Тіл құралдың” кіріспесі ретінде жазған “Сөз білімінде”. Яғни қазақ сөзінің қисынын келтіріп, өз нақышында жазу үшін сол тілде сауатты анық, дағдыланған абзал. Ғалым мұны қорғегендіктен айтқан. Қазіргі таңдағы тілдік жағдай бұған толық көзімізді жеткізіп отыр. Өзге де тілдік бірлік сияқты терминнің де мазмұны мен мағынасы бар, алайда өзге сөздердегідей ерекше өзіндік сипаты бар. Терминнің мағынасы мен мазмұны сәйкес келіп, бір-бірін анықтай, мағына мазмұнды аша, термин терім сөз ретінде анықтала алады.

Ахмет Байтұрсынұлының жазған “Тіл құралының” өміршеңдігі мен қажеттілігі әр түрлі сипатта, әр алуан аспектіден бағалана алады. Оның мәнісі профессор Ө. Айтбаев зерттеуінде мұресткендей “А. Байтұрсынұлы жасаған терминдер жүйесі, бір қарағанда, оп-оңай болып көрінгенмен, ол – өте күрделі де терең ізденістер нәтижесінде пайда болған ғылыми туынды” [2. 32]. Термин сөздер – теріліп алынған сөздер. Екінші сөзбен айтқанда, белгілі ғылым саласы бойынша қажетті ұғымды атау үшін теріліп, таңдалып алынған сөздер. Сонда термин сөзінің қазақша аудармасы да өзінен-өзі анықталады. *Термин – терім сөз*.

Ахмет Байтұрсынұлы жасаған термин сөздердің басты ерекшеліктері деп мыналарды көрсет:

- анықталатын ұғымның дәлдігі;
- таңбаланып атаудың қазақшылдығы;
- терминнің жалжылқ сипатының болуы;

терминнің нақтылығы.

Автор терминдерінің дәлдігі мен нақтылығын саралап, оның сапалық сипатын дәл бағалау үшін өзге жасалған терминдермен немесе басқа түркі тілдерінде, орыс тіліндегі жасалған терминдермен салыстыруға болар еді. Ахмет Байтұрсынұлы жасаған кез келген термин сөзді мағыналық сипаты мен негізділігіне, уәжілігіне талдап қарауға, олардың сопшалықты дәйектілігіне танданып, таңырқауға болады. Терминдердің ең басты бір ерекшелігі танданып алынған сөздердің қазақша ұғымға сәйкес аталатыны. Қазақ балаларына түсінікті сөздер мен атаулар болғандықтан, оны оқыту да жеңіл. Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиеді. Автордың өзі көрсеткендей, қазақ балаларын қазақша оқыту дегеннің өзі тиімді жүйесі де осындай болса керек. Қазақша ойлаудан, сөзді қазақша түйсінуден туған терминдер. Оқушыларға әрбір термин туралы айтқанда, оның тілдік мағынасын ашудан бұрын, оның атаулық, сөздік мағынасын ашып алған тиімді болады. Яғни туынды сөзді немесе түбірді айтпас бұрын, осы сөздердің атаулық мағынасын ашып, анықтан көрсеткен жөн.

Туысқан түркі халықтарынан шыққан көрнекті ғалымдардың Ахмет Байтұрсынұлы жасаған терминдердің уәжілігі мен негізділігіне танданып, халық тіліне жақындығына барынша іш тартқанына, бізге қызыға да қызғана қарағанына қаншама рет хуә болдық, баба рухы алдында тізе бүгіп, өзімізді ғалым ретінде бақытты сезініміз, Ахмет Байтұрсынұлы сияқты ғалымның бар болғандығына шүкіршілік айтқанымыз да рас.

6. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тіл білімінің барлық салалары бойынша негізгі теориялық тұғыр қалыптастырушы көшбасшы. Оның фонетика мен лексикология, морфология мен сөзжасам, синтаксис мен әдеби тіл салалары бойынша жазған ғылыми деректері мен қисындары ерекше ғылыми зерттеуді қажет етеді.

7. Қазақ тіл білімінде көрнекі шығармадағы баяндау туралы, оның құрылымы туралы мәселені алғаш айтқан, ғылыми негізін салған Ахмет Байтұрсынұлы болған. Ахмет Байтұрсынұлы баяндау мен оның үлгілерін әдебиет теориясы тұрғысында терең қарастырған, мұның әдеби тіл теориясына да қатысы мол. “Әдеби танытқыш” деп аталатын зерттеуінде қара сөз бен дарынды сөз жүйесін ғылыми негізде талдайды. Қара сөз бен дарынды сөзге анықтама береді. “Қара сөз деп осы ұғым жүйесінен сөйлеуге әңгімелерді айтамыз. Ұғым жүйесінің табы қара сөздің басы болады. Қара сөздің табынан түрін айыру керек. Тап жағынан бірге сөз түр жағынан бөлек кетуі ықпал. Көптең бері көп жұртқа қалыптасқан түрлерін алғанда, қара сөз: 1) әуезе, 2) әліптеме, 3) пайымдама болып үш салаға бөлінеді.” – деп жазды ғалым [3. 397].

Бұдан әрі ғалым әуезеге мынадай анықтама береді “Болған уақыттан бастан-аяқ болған түрінде, ретінше мезгілін, мекенін көрсете мазмұндап, мағлұмат беру әуезе болады” [3. 397]. Әуезені іштей мәлімдеу, мазмұндай, қорыту деп үшке бөліп көрсетеді. Әуезенің тарауларына шежірені, заман хатты, өмірбаянды, мінездемені, тарихты және тарихи әңгімені жатқызады да, әрқайсысына анықтама беріп, өзіндік дәлелдемелер келтіреді.

Әліптеме туралы Ахмет Байтұрсынұлы былай деп жазады: “Бір нәрсенің тұрпатын реттеп айтып, әлібін суреттеп шығару әліптеме болады. Дүниедегі түрлі нәрселердің, түрлі адамдардың, түрлі күйлердің бәрін де әліптемеге болады.” [3. 400].

Әліптеменің екі түрін көрсетеді:

58

1. Пәнді әліптеу;

2. Сөнді әліптеу.

Пәнді әліптеу дегеніміз, автордың көрсетуінше, “нәрсені пән мақсатымен алып, дәлдеп әліптеп, сыр-сипатын дұрыс танытып, нәрсе туралы дұрыс ұғым беру үшін істеледі” [3. 401]. “Сөнді әліптеуе қандай белгілерін алу әліптеушінің көздеген өз мақсаты бойынша болады” (Сонда).

Автор пайымдау туралы да терең ғылыми пікір айтады: “Көсе сөзбен жазылған шығарма бір пікірді қуаттап, толықтырып баямдаса, баяндауын түрлі сипаттармен дәлелдесе, ондай шығарма пайымдама деп аталады.” (Сонда). Автордың пайымдауының, “әуезе, әліптеме түрлі сөздермен дүние әңгімесі бітпейді. Әуеземен әліптеме дүниедегі жататынды, жазатынды нәрселердің өздерімен олардың әдістерімен, жай-күйлерімен ғана таныспарады”.

“Дүниедегі нәрселердің барлығын, олардың қалай өмір шегетінін танумен білім тамам бомайды. Өйткені дүниедегі нәрселердің бәрі сабақтас, іліктес, құрмалас; ол сабақтас, іліктес, құрмаластығы белгілі себептер бойынша болып, себеп жүзіндегі белгілі бір заңға мойын ұсынғып, сол заңның жолынан бұрылмайды. Ол заң – табиғат заңы; ол заң жолы – табиғат заңының жолы. Нәрселер арасында қандай сабақтастық, іліктестік, құрмаластықтың бар екенін ашу жағын, олардың бар болуы қандай себептер мен қандай заң бойынша екендігін айыру жағын пайымдап, ғалым адамдардың шығарған сөздері пән шығарма деп аталады. Пән шығарманың асылы пайымдама болады. Сондықтан пән шығарманың жалпы пәні пайымдама болады” – деп жазды Ахмет Байтұрсынұлы [3. 401-402].

Қорыта айтқанда, қазақ тіл білімінің көшбасшысы Ахмет Байтұрсынұлының жазып қалдырған ұшан-теңіз мәні мен маңызы бар ғылыми мұраларын тереңдей зерттеп, ондағы танымдық, тағылымдық мәнді анықтау, зерделеу ХХ ғасырда мүмкін болмады да, бұл мақсатты беріш ХХІ ғасырға өтті... Бүгінгі ғылыми қауымның бұл тұрғыда ойлануы керек. Шығармалықпен (креативтілік) үйіліп, ғылыми тағылымынан үйренеріміз көп, үйретеріміз аз!

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. - Алматы, Ана тілі, -1992, 324-бет.
2. Айтбаев Ө. Қазақ сөзі. - Алматы, 32-бет.
3. Байтұрсынұлы А. Ақжол. - Алматы, -1991, 397-бет.

59

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН ЖӘНЕ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ: ҚАЙРАТКЕРЛІК ҒҰМЫРНАМА АЙШЫҚТАРЫ

Әбсадықов А.А., А.Байтұрсынов
атындағы Қостанай мемлекеттік
университетінің профессоры,
филология ғылымдарының
докторы

XX ғасырдың бас кезінде қазақ қоғамы Еуропа және Ресей империясының аумағында орын алған саяси өзгерістер мен ірі оқиғалар әсерінен болған үлкен өзгерістерге түбегейлі бөт бұрды. Ресей арқылы енген батыстық капиталистік қарым-қатынас қоғамның саяси жүйесіне, экономикалық қарым-қатынасына, әлеуметтік құрылымына жаңа тірлік нышанын ала келді. Кошпелі тіршілік тұрмысын күнкөрісіне жалпап отырған қазақ ұлтына жаңа дәуір жаңа талаптарды – өзгеріп жатқан өмірге лайық істер атқару, ой пікірді байыту, дамыту және оны өзгеше өрнекпен оры, ұлттық мәдениетке жаңа сарын қосу т.б. ала келді. Соң тұста өмір кешкен қазақ зиялыларының үркердей аз тобы бұл өзгерістерді дәл аңғара білді. Бұл үркердей аз топ – Алаш зиялылары еді.

Алаш зиялыларының алдында қазақты «өз алдына тең ұлт» есебінде сақтап қалудың ауыр да жауапты да міндеті тұрды. Атап айтқанда, қазақ жерінің тұтастығын сақтап қалу, ұлттың негізгі нышаны болып саналатын тіл, әдебиет, мәдениетін жаңа кезеңнің талабына сай өрістетуге, оған тірек болатын оқу-білім, ғылымды дамыту жұмыстары тұрды. Ол міндеттер көптің күшін қажет етті. Себебі «өзге жұрттан оңаша жүріп, қазақ басқа халықтармен бәсекелесіп, жарысқа түскен жоқ. Сондықтан жұрт жұмысы, ұлт намысы деген сөз қазақтың көбіне түсініксіз нәрсе» [1, 257 б.] болғандықтан, алдымен ұлттың бірлігін нығайтатын істерді жолға қою керек болды. Бұл істе тізе қосып, серіктестіктің, достықтың үлгісін көрсеткен тұлғалар – Әлихан Бөкейхан мен Ахмет Байтұрсынұлы.

А.Байтұрсынұлы Әлиханды «көсем» деп үлгі тұтса, өз кезегінде Ә.Бөкейхан да Ахмет Байтұрсынұлының ерекше сыйлаған. Алаш көсемінің Ахмет Байтұрсынұлына жазған хаттарында «Бауырым Ахмет» деген ыстық ықмаласқа толы сөз орын алған. Халқымыздың сөз қолданысында «бауырым» деген ықмаластың орны ерекше екені әрбір қазаққа белгілі.

Қос тұлғаның қайраткерлік тағдыры да өте ұқсас. Екеуі де патша заманында да, одан кейінгі кеңес заманында билік тарапынан қудалауға ұшырап, ақыры 30-жылдардағы сталиндік репрессияның құрбаны болған. Әлихан Бөкейхан Мәскеудегі Бутырка түрмесінде атылып, мәйіті ортеліп күлі Ресей астанасындағы Донской қабіріне жерленсе, А.Байтұрсынұлы Алматыда атылып, денесі қай жерге берілгені бүгінгі күнге дейін дәл белгісіз.

Қос қайраткер алғашқы мақалаларын халық рухани мұрасына қатысты зерттеулерден бастаған. А. Байтұрсынұлы 1895 жылы «Тургайская газетаның» 24 қыркүйектегі №39 санында «Қазақтың ырымдары мен мақал-мәтелдері» атты мақаласын жарияласа, 1899 жыл «Түркістан уалаяты» газетінде Ә.Бөкейханың «Қобыланды батыр» жырындағы әйелдер» деген зерттеуін жарық көреді.

Бөкейхан мен Байтұрсынұлы қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың шығармашылығы туралы алғаш пікір айтқан зерттеушілер. Екінші сөзбен айтсақ, Абайтанудың негізін салушылар.

Ә.Бөкейхан 1905 жылы «Семипалатинский листок» газетінде Абайдың қайтыс болған 1 жыл толуына орай ол қазанама сипаттағы мақала жазды. Абайдың ата-тегі, өмірбаянымен таныстыруды бастау етіп алған мақала ақының сан қырлы талантына тоқталады, өлеңдеріне талдау жасайды. Абайтанушы Әлихан ақынды жиырма жасқа толар толмастан-ақ қазақ ақындарын, мақал – мәтелдерін, қанатты сөздерін, әдет-ғұрпын, атақты даудамшылдардың қалай шешілгенін жатқа білетін шешен кісі ретінде танылғанын, Шығыс поэзиясы мен орыс ақындарының шығармашылығы Абайды ақындық жолға түсуіне игі әсер еткенін баяндай келе: «Поэтикалық қуаты шексіз күшке ие Абай өлеңдері – қазақ халқының мақтанышы. Халықтың рухани шығармашылығын Абайдай биікке көтерген қазақ ақыны жоқ. Абайдың жолдың төрт мезгіліне (көктем, жаз, күз, қыс) шығарған ғажайып өлеңдері оны Еуропаның атақты ақындарының қатарына қоса алады» [2, 308 с.], - деп әділ баға берді.

А.Байтұрсынұлы 1913 жыл «Қазақ» газетінде Абай шығармашылығына арналған «Қазақтың бас ақыны» деген мақала жазды. Абай поэзиясының өркештік ерекшелігіне, бірнеше өлеңдеріне талдау жасаған Ахаң түйінді сөзіп мынадай оймен қорытындылайды: «Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білу керек. Абайдың сөздері 1909-шы жылы кітап болып басылып шықты. Бірақ жұртқа таралмай жатыр. Басылған кітап Ақмолада, Семей болысынан басқа облыстарға таралмай жатқаны кісі таң қаларлық іс. Абайдың сөзін Семей талқисіне қамап, жасырып қоймай, кілі қазақ баласы бар уалаяттардағы кітап сатушылардың бәрінің де магазиндерінде жүргізу керек еді. Абайды ақынмыздан келгенше жұртқа таныту үшін мұнан былай кейбір өнегелі, өрнекті сөздерін газетке басып, көпке көрсетпекшіміз» [1, 222 б.].

Бұл жерде мына мәселені айта кету керек. Абайдың 1909 жылы Петербурда шыққан тұңғыш жинағын жариялауға Ә.Бөкейхан өлшеусіз сіңбек етіреді.

Патша үкіметінің қазақ жеріндегі өзбір саясатына қарсы саяси күрестің бастау арнасында да екі тұлға қатар тұра білді. Бұл – 1905 жылы Қойнды жәрмеңкесінде жазылған Қарқаралы петициясы еді. 14500 адам қол қойған Қарқаралы петициясында жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне қазақ елінің мүддесіне сәйкес өзгерістер енгізу, ар-ождан бостандығы, дін ұстану еркіндігі, цензурасыз газет шығару және баспахана ашуға рұқсат беру, күлі өткен Дала ережесін қазақ елінің мүддесіне сай заңмен ауыстыру сияқты өзге мәселелер көтерілді. Сонымен қатар онда қазақ даласына орыс шаруаларын қоныс аударуды үзілді-кесілді тоқтату талап етілген болатын.

Аталмыш петициядан кейін Ө.Бөкейхан да, А.Байтұрсынұлы да ерекше бақылауға алынып, түрмеге жабылып, ақыры Ө.Бөкейхан Самараға, А.Байтұрсынұлы Орынборға жер аударылады.

Қазақ даласының орыс қалаларымен шектесетін өлкелерінде айдауда жүрген Бөкейхан мен Байтұрсынұлы қазақ халқына сан ғасырлар арман болған шын мәніндегі азаттыққа саяси күрес арқылы қол жеткізуді мұрат-мақсат етеді. Бұл жолда жеңіске жетудің ең тиімді әдісі – халықтың білімін көтеріп, ұлтың рухын, санасын ояту, дамыту деп ұғанды. Ол үшін қазақтың рухани байлығының басты арналары, қайнар көзі – тіл, әдебиет ісін насихаттау, баспасөзді дамыту керектігін олар терең түсіне білді.

Қазақтың ұлттық бірлігінің басты нышаны болып саналатын Алаш ұраны Ө. Бөкейханның кең білімі мен терең танымы арқылы қазақ халқының басына түскен жаңа жағдайындағы саяси-экономикалық, әлеуметтік, рухани күресінің басты ұранына, рухына айналды. Аталмыш ұранды саяси күрестің рәмізіне айналмай тұрған кезде-ақ Ө.Бөкейхан былай деп жазған болатын: "...Бұл рулардың ешқайсысы кез-келген қазақты жәбір көрген қандастарына қол ұшын беруге ұмтылдыратын жалпыхалықтық "Алаш" ұранынан (әр рудың жеке рулық ұранының жөні басқа) ешқашан бас тартқан емес, тіпті бұл тұста олар өзара жауластық пен өшпенділікті ұмытып, жеке өміріне жауының тым күштілігінен туатын қатерге қарамастан "Алаш" ұранының соңына еретін болған", - деп жазады.

Алаш ұранды қазақтың бірлігіне сүйене отырып отаршыл Ресей патшалығы тудырып отырған саясатқа қарсы көтеру мақсатында «Қазақ» газетін, кейін "Алаш" партиясын құрады. «Қазақ» газетін шығару идеясына Ө.Бөкейхан жетекші болып, А.Байтұрсынұлы мен М.Дулатұлы ол идеяны жүзеге асыруға ерекше еңбек етті. Ө.Бөкейханның "Қазақ" газетіне жетекші болғанын Алаш азаматы Х.Досмұхамедұлы 1931 жылы ОГПУ тергеушілеріне берген жауабында былай деп баяндаған: "1913 жылы А.Байтұрсынов пен М.Дулатов ұлттық-демократиялық бағыттағы "Қазақ" газетін шығара бастады. Олар өздерінің төңірегіне мұғалімдердің айтарлықтай бөлігін, Орынбор мен Уфа қалаларының медреселерінде оқытып шәкірттерді топтастыра білді. Орта және жоғары білімді қазақ зиялыларының басым көпшілігі "Қазаққа" ерді. Ө.Бөкейханов "Қазақтың" басты жетекшісі болды. Оның платформасын анықтауға атсалысты" [3, 6 б.].

Қазақ жұртының арасындағы бірлік мәселесі Алаш көсемдерінің ең басты назар аударған мәселелері болды. А.Байтұрсынұлы қазақтың әлеумет ісіндегі көп көпшілігін бірліктің, әлеуметшіліктің жоқтығынан деп түсінді. Оның Крыловтан аударған «Аққу, шортан һәм шаян» атты мысал өлеңі де бірлік мәселесіне бағытталған болатын. Мысал өлеңнің соңғы шумағы Ахаң тарапынан мынадай жолдармен өрнектеледі:

Жігіттер, мұнан ғибрат алмай болмас,

Әуелі бірлік керек, болсаң жолдас.

Біріңнің айтқаныңа бірің көнбей,

Істеген ынтымақсыз ісің оңбас.

Ө.Бөкейхан бұл мәселеде тіптен терең кетті. Бірліктің баяндылығын бітініне еткен Бөкейхан өткен замандағы надан билеушілерді сын тезіне алады. Ол: "Нәлсіз хал-ай, Түген би-ай!" – деп үйде отырып өкінесіңдер. Бұрынғы хандарың да, бұрынғы билерің де осы күнгі атқа міндім деп жүрген өздеріңдей еді! Қазақтың бұрынғы басшыларында әділдік, берекесі болса, бұл күнде қазақ бұл күйде болар ма еді?! Жұрттың берекесі кетуге түптен себеп болған нәрсе-қиматта бірліктің жоқтығы. Бірлік жоқтан қызықтың һар қайсысын һәр жерде құшпаны обайлатқан. Бұрынғы билер болсын, әділдіктен жырақ болған, дәл осы күнгі атқа мінген өздеріңдей!" [4, 121 б.], - деп ашына сынайды.

Жұрт алдында басшылық (көсемдік) борышын дұрыс атқара алмаған ел басшыларының (соның ішінде қазақ хандары да бар) қатесін жөндуге ұмтылып, өзіннің бұқарасының ортақ жұмысы үшін өз басының ақсүйектің текті қанын (өмірін) әлеуметтік әділдік жолына құрбан етіп, Ахаңша айтсақ, «хан басын қаршыға тенеріп», ақсүйек тұқымның қара халық алдында жіберген қателіктерін өтуді мойына борыш етеді. Хап тұқымы Әлихан: «Тірі болсам, хан билегенде қазақтың хақысы бар еді, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» [4, 111 б.], - деп серт беріп, сол сертке адал болып дүниеден өтті.

Қос көсем халықтың рухының өнері мен әдебиетінде екенін жақсы бірең ұғынды. Ол рухтың қайнар бастауы халық ауыз әдебиетінде жатқанын көп-тәлімінен сезінген. Сондықтан өздері бастамашы болып халық ауыз әдебиеті тұлғалдарының зерттеумен қатар сол мұраның баспа бетінен жариялануына пайлал жанапшыр бола білді. Ө.Бөкейхан В.В.Радловтан алынған "Ер Тарғын", "Қозы-Көрпеш – Баян сұлу" жырларының үлгісін баспа бетінен жарияласа, А.Байтұрсынұлы "Жиырма үш жоқтау" жинағы, "Ер Сайын" батырлық жыры басындан шығарады.

Ө.Бөкейхан өз қолымен өңдеп, баспа бетінен шығарған түркі халықтарына ортақ "Қозы-Көрпеш – Баян сұлу" жырның маңызы туралы ол олайша тебіренеді: "Қозы-Көрпеш – Баян сұлудың" жайылмаған жері жоқ десе болады. Қозы Көрпеш – Баян сұлу Ертіс Тобыл татарларында, Күншығыс Түркістаны тараншыда, Түркістанда, Сарыарқада, Алтайда, Ұранқайда, Оралда, Ісінказда, Шешенде, Осетияда бар. Қозы Көрпеш – Баян сұлу біздің түрік биласының сүйеген ертегісі Норманға Фауст қандай болса, түрік баласына Қозы Көрпеш – Баян сұлу сондай. Қозы Көрпеш – Баян сұлу көп мағыналы, түрік жұртын сипаттайтын әдебиет қорының таңдамасы" [2, 339 б.].

Ө. Бөкейхан– қазаққа еңбегі сіңген кісіні ұлтына, нәсіліне, дініне қарамай ардақ тұту, құрметтеуді қазақ зиялыларына өнеге етеді. Бұл тұрғыда ол Ш.Уәлихановтың досы болған, фольклоршы-этнограф Г.Н.Потанин (1837-1918)

туралы «Қазақ» газетінің бетінде мақала жариялайды. Мақалада оқымыстының өмірбаяны, Шоқанмен дос болғандығы баяндалады. Мақаланың соңы Потанинді не себептен құрметтейтінін білдіретін бір ауыз сөйлеммен аяқталады: «Қазақты тугандай жақсы көреді. Бишарасың деп қазаққа қорғап болады. Өз тұмырында қылған жұмысы, жүріп тұрған мінезі анық әулиенің ісіндей» [4, 257 б.].

Г.Н Потанин туралы пікірін Ә.Бөкейхан 1923 жылы А.Байтұрсынұлы өңдеп басғырып шығарған «Ер Сайын» жырның алғы сөзінде жалғастырады. Марқұм болып кеткен Г.Н Потаниннің өмірбаянына, саяси қызметіне кең шолу жасап, терең баға береді, оның адамгершілік мінездерінен өзі көрген оқиғаларды еске алады. Шоқанның еңбегін баспа бетінен жариялау үшін 40 жыл қалмай жүріп іздегенін (Ә.Бөкейхан Ш.Уәлихановтың 1904 жылы Н.И Веселовскийдің редакторлығымен басылып шыққан тұңғыш шығармалар жинағын мезгіл тұр – А.Ә), «күншығыс елін білем деп талпынған жастар Потанин жазғанын» (Бөкейханов (1992), 278) оқу керек екенін еске сала келе, Алаш азаматтарының Потанинді «Елдің тұрмысын, тілін, мінезін білмеген кісі қош басын алып жүре алмайды. Олай болса көп ұлттан құралған Россияны бір орыстың билеймін дегенінде мағына жоқ. Россия өзге тілі, тұрмысы, қаны басқа жұртқа автономия беруі керек» [4, 276 б.] – деген әділ пікірі мен саяси көзқарасы, пікірі үшін жақын тартатынын, құрметтейтінін жазады.

Алаш көсемі Г.Потаниннің қазақ халқының болашағы туралы: «Қазақты автономия қылсақ, Қараөткел (бүгінгі Астана қаласы – А.Ә) Алаштың ортасы, сонда университет салып қазақ ұлын, қызын оқытсақ, «Қозы – Көрпеш – Баянды» шығарған, Шоқан, Абай, Міржақыпты тапқан қазақтың кім екенін Европа сонда білер – ау» [4, 278 б.] – деген жылы лебізін ыстық ықпалмен еске алады.

Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі тірлігі, Қараөткелде Астана қаласының бой түзеуі – Г.Потанин армандаған қиялдың жүзеге асқанын көрсетіп отыр.

Негізгі мамандығы ауыл шаруашылығы экономисі болса да Ә.Бөкейхан қазақ әдебиеті тарихының ең білімді оқымыстысының бірі болды. Алаш азаматтарының оны 1924 жылы Орынборда өткен Қазақ Білімпаздарының I сиезінде өткен “Халық әдебиетінің хәлі нәм оны қалай жию жолын қарастыру” мәжілісіне төраға етіп бір ауыздан сайлауы көп нәрсені аңғартса керек.

Оның қазақ халқының рухани дүниесіне қатысты мәселерге қосқан ой-пікірі мен тұжырымдары сол тұсты былай қойғанда, бүгінгі күнге дейін оқымыстылар мен оқырмандардың еріксіз таңдайын қақтырады. Бүгінгі оқырман демекші, Ә.Бөкейханның әдеби қызметіне кешегі кеңес үкіметі тұсында лайықты, әділ баға бергендер іштел ғалымдары – оқымысты Европа елдерінің зерттеушілері болды. Ә.Бөкейханның қазақ әдебиеті мен баспасөз ісін дамытуда үлкен қызмет атқарғанын Англияның Оксфорд университетінің ғалымдары: “Ол қазақ әдебиеті мен баспа сөзін дамытуда жетекші роль атқарды”

деп бағалады. Ал озық білімді Европадағы ең жетекші оқу орындарының бірі Сорбонн университетінің зерттеушілері Ә.Бөкейханды қазақ фольклорын ғылыми зерттеген алғашқы ғалым деп танып, оның әдеби қызметін адамзатшарлық құбылысқа балайды: «Его литературная деятельность была многогранной: экономист, историк, фольклорист, он сотрудничал с антропологами русскими, татарскими и казахскими периодическими изданиями. Он был первым ученым, который с научной точки зрения проанализировал казахский эпос и фольклор. Его замечательные труды по казахскому эпосу, подписанные псевдонимом “Кыр баласы”, во многом способствовали развитию чувства его соотечественников» [2, 35 с.].

Түйіндей келгенде, Алаштың саяси жетекшісі Әлихан Бөкейхан – елдің рухани қазынасы туралы ғылыми негіздегі терең пікірлері мен ерен еңбек арқылы өз замандастарына өнегелі үлгі көрсеткен тұлға. Оның ғылыми-педагогикалық ой-тұжырымдары мен ұстанған бағыты Алаш азаматтарына республ. ғылымы мол мектеп болды. Ал Ә.Бөкейхан тағылымын сол заманда, сол дамытуда жүзеге асыруға. Орындауға ерекше үлес қосқан А.Байтұрсынұлы еді. Сондықтан сөкеуі де XX ғасырбасындағы қазақ халқының арасында үлкен беделге, құрметке ие болды.

Ұлттың рухани ануранын жазған атақты ақын Сұлтанмахмұт Бердімұртың Алашорда үкіметі орнаған Семей қаласына келген Ә.Бөкейханды көрсетілген құрметке орай шығарған мына арнауындағы:

Ел үшін құрбандыққа жанын берген,

Еңі, бүрге, қанадалаға қанын берген,

Үрмелі сасық ауа, темірлі үйде

Ақын үшін зарығып бейнет көрген,

Бөксені бастан аяқ кейін кеткен,

Ақылмай Алаштың қызмет еткен,

Бөксені да қалың тұман, қараңғы түн,

Ел үшін бақ жұлдызына көзі жеткен;

Құрметке жарқылдаған алданбаған,

Бөксені бір басы үшін жалданбаған,

Ел үшін Алаш көркейер деген ойдан

Бөксені ойда өміріне малданбаған, – деген жылы лебіздер жоғарыда біз

рухани қызметіне сол кезде көрсетілген үлкен құрметтің жыр кестесіндегі жаңғырығы.

Дәл осындай ыстық лебіді құрмет А.Байтұрсынұлына да көрсетілген. Мысалы, 1922 жылы «Ақ жол» газеті А.Байтұрсынұлының ел үшін атқарған қызметін қазақ оқығандарының ары мен ұятына үлгі ететін іс деп бағалады: «Орысқа жақындасып, Европа тәрбиесін алған қазақ оқығандары өз халқына қарамай, жан бағуды дегенді жеңіл көріп, пен қуып, кеңсеге кіріп, хукіметке жағынып, жақсы адам атанып жүргенде, оқудан шығысымен қырдағы қалың қазақтың ішіне барып, бар білгенін қазақ балаларына үйретуге ынта қылып, қазақтың қара тіліне шыр кіргізбей сақтап, қайта түзей беруге қам қылған Ақаң еді» [1, 15 б.], - деп түйіндейді. Бұған қоса «Ақ жол» А.Байтұрсынұлының қазақ тарихында алар орнын былайша белгілеген:

1. Қазақтың әдеби тіліне негіз салушы. Қазақты «аб» деп бастап оқытып, нағандықпен күрескен бірінші ұстазымыз;
2. Оқу ісіне, жазуға жаңалық кіргізген данамыз (реформаторымыз);
3. Патша хукіметінің зұлым саясатымен күресіп, қарсы пікірін таратқан қаһарманымыз (революционеріміз);
4. Қазақ халқының атақты ақыны Ахмет ағай – «екінің бірі», қай жағынан да болса қазақ халқының көсемі» [5, 104 б.].

1923 жылы А.Байтұрсынұлының 50 жылдық мерейтойы Орынборда үлкен қошеметпен аталып өтеді. Баспасөз бетінде Ахан туралы Е.Омарұлы, М.Дулатұлы, М.Әуезов, С.Сейфуллиндер арнайы мақалалар жариялайды.

А.Байтұрсынұлы мен Ә.Бөкейхан саяси серіктестіктің де, адами достықтың да үлкен үлгісін көрсете білген тұлғалар. Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан 1925 жылы Мәскеуден А.Байтұрсынұлына арнайы хат жазады. «Бауырым Ахмет» деп басталатын хат қазақ жұртының қамы үшін жүргізілетін қам-қарекеттер туралы мазмұнға толы. Хаттың бір тұсында Алаш көсемі Ахаңа Ыбырай Алтынсарин туралы мақала жазуды өтіне келіп: «Егер ол (Ыбырай) қазір өмір сүрсе, сендей болар еді, ал сен ертерек дүниеге келгенінде, оның ісін жасарың хақ» [5, 25 б.], - деп жазады.

«Дала қоңырауы» атанған Ыбырай Алтынсариннің оқу-ағарту ісінде атқарған қызметін құрметтейтін қазақ баласы үшін бұдан артық баға жоқ болса керек. Ахана осындай баға берген Алаш көсемі – Әлихан Бөкейхан.

Өз кезегінде А.Байтұрсынұлы Ә.Бөкейханның қазақ халқы үшін жасаған еңбегін:

Қырағы, қия жазбас, сұңқарым-ай!

Қажымас қашық жолға, тұлпарым-ай!

Үйірілген өлексемі өрге сүйреп,

Шығармақ қыр басына, іңкәрім-ай!- деген өлең жолына сыйдыра білді

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. «Ақ жол» Алматы, 1991ж.
2. Бөкейхан Ә. Таңдамалы (избранное). А., 1995
3. «Қазақ» газеті. А., 1995ж
4. Бөкейханов Ә. Шығармалар. А., 1994
5. Қамзабекұлы Д.Руханият (Мақалалар мен зерттеулер) А., 1997

АЛАШ ҰРАНДЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ТОРҒАЙ АҚЫНДАРЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ АЛАШ ИДЕЯСЫ

Сағынтаев Батырлан Жұмабайұлы
Арқалық қаласындағы Дала өлкесі тарихи
облыстық мұражайының ғылыми қызметкері

Торғай ақандық мектебі өкілдерінің шығармашылығындағы азаттық идеясының көшніні Алаш идеясымен ұштасып жатады. Тіпті бұл кеуіні бір санатқа жатқызуға болары. Себебі ХХ ғасырдың бас кезінде пайда болған Алаш қозғалысының ең басты мақсаты қазақ халқының еркіндігіне қол жеткізу болатын. Сол жолда қанша қиындықты көрсетсе Алаш қозғалысының мүшелері ұлан бетімен қайтпай ұлт еркіндігі үшін күресе беріп соңында кенес үкіметінің озбыр саясатының құрбаны болды. Сол Алаш қозғалысының мүшелерінің ішінде Торғай өңірінен шыққан көптеген тұлғалар болды. Басы Ахмет пен Мұрағалдан басталатын бұл тізімді Сейдағым Кәдірбаев, Кәрім Тоқтабаев, Қазғелді Едіршақов, Ахметсапа Жүсіпов, Елдес Омаров, Нұрғали-Нәзіпа Құлжановтар, Ахмет, Тағамбек Бірімжановтар деп жалғастыра беруге болады. Торғай өңірінен мұншалықты көп Алашкерушілердің шығуы осы өңірдегі ақындардың шығармашылығына әсер етпей қоймай. Торғай өңірінен шыққан ақындардың туындыларында Алаш идеясының кеңінен өрнегі бар. Осы бір ретте тағы бір айта кететін ерекшелік бар. Бұл Торғай ақындарының Алаш идеясына тигізген әсері. Мүмкін мұндай мәселені айтуымыз кейбір өкілдеріміздің кеңінен шықпауы да мүмкін. Бірақ Алаш қозғалысының Торғай өңірінде тигізген әсері сияқты, олардың да Алаш қозғалысының дамуына тигізген өз әсері бар. Мысалы аталған ақындық мектептің көрнекті өкілдері Сейдахмет Бейсенұлы, Жұмабай Шалабайұлы, Есенжол Жанұзақұлы, Әбіқай Нұрғатаұлы, Қарпық Шолақұлы сияқты ақындар Ахмет Байтұрсынұлының әдебиетке қадам басқандағы ең алғашқы ұстаздары еді. Сонымен қатар осы ақындық мектепті ары қарай дамытқан Файзолла Сатыбалдыұлы, Әлмағамбет Османұлы, Құбаша Шалбайұлы, Бәлдік Байтоғайев, Алтыбас Ақмода, Уәли Баспақұлы секілді ақындар Ахан-Жақандармен пікірлес, нистітсе болған ақындар.

Жоғарыда аталған ақындардың ішінде жас келемі жағынан үлкені – Жұмабай Шалабайұлы. Ел ішінде уақ Жұмабай атанған бұл ақынның бізге жеткен шығармалары аз көлемде. Ақынның бізге сақталып жеткен сол шығармаларынан-ақ біз оның отаршылдық сыманның зардаптарын айтып, азаттықты аңсағанын, сол жолда болашақ ұрпаққа сенім

артқанын көреміз. Уақ Жұмабайдың бізге жеткен Нұрғали атты жас ақымен айтысында ақын Ахметтің есімін атап өтеді:

Жіліп ал Әбілмді немеремді,
Ахмет жыр құмбесін теңер енді,
Құратып қабырғаң өлгенменен,
Аударар шапырағың кергесіңді. [Бектемісұлы Н. Ахмет

ұшқан атыпн ұя. Астана: Елорда, 2001. -194б.]Жоғарыдағы шумақтан ақынның Ахметке жаста болса үлкен үміт артқаны көрінеді. Шалабайұлы өз шығармаларында Ахмет секілді өзінен кіші жас ұрпақ өкілдеріне отаршылдық саясаттың зардаптарын жырлап береді. Бұл ақынның «Заман жайлы» атты өлеңінен айқын байқалады:

...Өтіп кетті ерлерім,
Ерлерім өтіп кеткен соң,
Орысқа кетті жерлерім...
...Орысқа орын берген соң,
Төселер түсті тағынан,
Құлап, киік кеткен соң,
Тобет иг озып тазыдан,
Обалық желке теңбіл көк,
Озабды артық жабыдан,
Жаңыл келіп айдады-ау,
Арқаның сары бозынан... [Қалиев А, Киелі сөздің ат

байлары, Қостанай таны, 28 наурыз, 2014 жыл.]Жұмабай ақынның бұл өлеңінен патша отаршылдығына қарсы жыр айтып өткен Шортанбай, Дулат, Мұрат секілді зар заман ақындарының әсері сезіледі. Өзі де аталған ақындармен замандас болған Жұмабай да отаршыл саясаттың жүріп жатқан кезеңін бейнелейді:

...Орысқа кетті бұл күнде,
Аманның сарту ағамы,
Жайлау, қыстау жер еді,
Үш ағалың арамы,
Қамшы сапқа зар болып,
Шыға келді ойнақталып,
Біздің қазақ баласы...

Ақын өз көзімен көрген отаршылдық саясаттың зардаптарын әсерлі жеткізе білген. Бір ғана «қамшы сапқа зар болып» жүр деген сөздің өзі қазақ жерінің қаншамақты басбайлыққа тап болғанын көрсетіп берсе керек. Шыңдығында қазақтың бір қамшы үшін сап болатын бір тобылығы табатыны анық. Бірақ ақын жырдың елдің жерінен айырылған мүшкіл халын жеткізген осы бейнелі сөзге құдай сенесін. Себебі ақын өмір сүрген уақытта қазақ жеріне салынған әскери бекіністердің ашы сабақтары халықты үрейлендіре бастаған. Сонау баста елеусіз беріле салған жерге тек әскери қазармалар ғана салыпбай, орыс қарашекпендері көшіп келе бастаған. Олар ұлғарақтай жерді мис тұтпай, патша үкіметіне арқа сүйеп шұрайлы қоныстарды иемденіп алған. Қазақтың ең шұрайлы деген қоныстарын тартып алып, халықты қу мелиен далаға, шөлөйт жердерге ығыстырып шығарған. Қашаннан тірлігінің көзі мал шаруашылығы болып, белгіленген уақытпен белгілі бір тұраққа ауысып отыратын қазақ халқының шаруашылық жүйесі бұзылған. Ел жұтап, қиын күндерге тап болған. Осының барлығын көзбен көрген ақынның ашығанның ақиқатты айтуына таң қалмайсың.

...Орыс алып жерімді,
Ата қоныс тар болды,
Желпілдеген мырзалар,
Бұйдалаған бұрадай,
Табанға салған нар болды...

Ақын өз жырында тек отаршылдық зардаптарын ғана айтып қоймай, патша саясатын көрсетіп, өмір жол берген кейбір ел тізгінін ұстаған мырзаларға наразылығын білдіреді. Ақынның мырзалардың бұйдалаған бұрадай патша ұлықтарына еріп кеткенін, табанға салып өтірік болғанын жеткізеді. Патшалық Ресей үкіметінің осындай отаршыл саясатының нәтижесін көрген ақынның азаттықты аңсауы, жерінің тартылмауын, елінің еркін болғанын өмір шұғылшы құбылыс. Ақын Жұмабай Шалабайұлының өзінен кейінгі Ахметтей жасөспірім ұрпаққа сенім артпай сөйлеп, оларға ұстаз болуының, болашағынан үміт күтуінің өзі де сол патшалық билікпен ойнаған ойларынан туса керек.

Төрт ай ақындық мектебінің үздік өкілдерінің бірі Сейдахмет Бейсенұлы болды. Ақынның ақынның туындыларының кейбір үзінділерін Ахмет Байтұрсынұлы өзінің «Елестік таптықшы» еңбегіне енгізген болатын. Сонымен қатар Міржақып Дулатұлыда өзінің бірнеше мақаласында ақын өлеңдерін пайдаланғаны бар. Сейдахмет шығармалары өзінің көзі тірісінде-ақ баспа бетін көрген болатын. Ақынмен сөйлес болған Ы. Ахметовтың «Қазақ хрестоматиясында» да Сейдахметтің бірнеше өлеңдері жарық көрген. Ақын шығармашылығы жөнінде Қажым Жұмалиев, Сабыр Шаріпов, Серікбай Шәнішев, Алібек Қалиев секілді зерттеушілер өз еңбектерінде атап көрсеткен.

Төрт ай ақындық мектебін зерттеушілер Назарбек Бектемісов пен Бөгетбай Бектемісовтің еңбектерінде де Сейдахмет ақын жайлы құнды деректер айтылған. Енді ақынның шығармашылығына тоқталатын болсақ, Бейсенұлының шығармашылығының негізгі өңірі - отаршыл Ресей империясының озбыр саясаты болды. Ақынның бұл реттегі ең құнды шығармасы - «Айна». Жазушы Сабыр Шаріпов жазып алып тапсырған бұл келемді туындыда ақын өзі өмір сүрген кезеңдегі қазақ қоғамының өткір мәселелері, отаршыл патша саясаты, тарихи-ақпараттық мәселелерін әділетсіз істері сыналды. Ақын өмір сүрген XIX ғасырдың екінші жартысымен XX ғасырдың бас кезінде патшалық отаршылдық саясаты өршіл тұрған кезі болатын. 1822 жылы шыққан «Бірінші нұсқа» заңы ерсежіс қазақтың мәдениеттік билігін жойып, ортақ хандық ыдырады. Қазақ жеріне дундар құрылып, аға сұлтандар сайланды. Әкімшілік істерді аға сұлтанның қасына бекітілген екі орыс майоры жүргізді. Барлық билік пен әскери күштердің ырық солардың қолында болды. Болыстардың құрамы қазақ даласында бұрыннан қалыптасқан рулық жүйе бойынша емес, жер межесіне көріп бекітілді. Бүкіл қазақ даласы тұтастығынан айырылып, жер межесі бойынша генерал-губернаторларға бағынғанмен, бұл генерал-губернаторлар әр түрлі мекемелерге қарады. Төрт ай төңірегінде ішкі істер министрлігіне, Ақмода аймағы сыртқы істер мен заң министрлігіне, Сырдария, Жетісу жері әскери министрлікке қарамағында болып «бас-басына» бірнеше әкімшілік билік жүйесі болды. Бұл жүйелер әр түрлі болғандықтан өзінен қолданған нұсқаулары мен үкімдері де әр түрлі болып осындай ұлықтыққа таласып өзінше жаққан рулық бекінісдікті қоздыра түсті. Осыны өз көзімен көріп, көңіліне түйген Сейдахмет ақынның шығармасы шынымен де өз дәуірінің «айнасы» болды. Сейдахмет ұлттың мүшкіл күйге түсуінің себебін халықтың өз ішіндегі бірлігінің жоқтығынан, партия болып бөлініп билікке таласқан алауыздықтан, бірінен бірі озғанын көре алмайтын құпиялашпен көрді. Мұның бәрі отаршыл империяның саясаты екенін ұғынған ақын, ақынның саясаттың қазақ жеріне тамыр жаюына себепкер ел ішіндегі тыныштықтың жоқтығынан деп білді.

...Қарасан бұл дүниенің пендесіне,
Мал тәтті, туысқанның ашы тұздан,
Бәрі де жақсылардың өре қолдап,
Қараға көп ант берді ақылсыздан...

Ақын заманының шыңдығын айтып отыр. Бұрын «у ішкен руынмен» дейтін қазаққа өмір туысқаннан мал тәтті болып шыға келген. Мұның басты себебі отаршылдық билеу кезінде. Сайлауда шар салып сайланатын жергілікті би-болыстар, елу үйлік сияқты шаруашы иелері өздерінің басында жарты күндік болса да ұлықтық тұрғанын қалап, өтірік ант беріп елді бұлдирді. Өзінде жоқты паралап малмен, пұлмен сатып алды. Бұлар адамдық, ақылдық, әр дегендердің барлығынан өзінің бекітігін сақтап қалатын малын тәтті көрді. Тіпті

сол үшін туысқанын тұздан ашы көріп ағайын мен араз болды. Олар өз айналасына сол сайлауда кеткен шығынның орнын өзбірлікпен халықтан тонап толтырып беретін бұзақыларды жинады. Өздері соларға дем берді:

Би, болыс, ауылнай мен өзі қолдап,
Келейді арзыдатты, байды бұлдап.
...Урылар алты қара ұрлап келсе,
Береді әкімдерге бірін сомдап.
Егер де ұрлап келген малы шықса,
Келсе мал иесі әңгіме арнап.
Урыдан малымды әпер деп отырса,
Урыны қашырады өздері қымдап...

Отаршыл жүйедегі билік – кісілік пен байлықтың көзі болды. Бұл адал шетті азаматтың кісілігі мен байлығы емес, беделдің кісілігі, қомағайлықтың байлығы. Міне осындай «кісілігі» болуы үшін ел істері жауласты, дауласты, ел іші жарылды, топ құрды, партия болды. Қарсы топқа «сөзім өтімді болсын деп және сіптеп мал жинаға күшім жетімді болсын деп - қызыметке, болымтық, билікке таласты».

Бас қосса жылыған көп қыбыр-қыбыр,
Аузы екі-екіден қыбыр-қыбыр.
Байқасаң осыларды әбден тылдап,
Бірде таспақ емес сыбыр-сыбыр.
Қызығы күннен-күнге сәулелетініп,
Жолынан партияның болмайды ығыр.
Хаберы ал сайлаудың болар десе,
Асыңдай әкесінің ұны дүбір...

Мұндай кеселді әдет кесірін тигізген қазақ біреуі оған тартып, біреуі бұған болысып өз ішінен араз болып бітті. Ақынның «біреу оған, біреуі бұған тартып, айырылды қожайыннан бала-қатын» дейтіні өзі өмір сүрген кездегі қазақ қоғамының осындай «ұстамалы дертіне» деген наразылығы болса керек. Шындағында осынша майдандасын әркімге жалғанып, пара беріп сайлаған жергілікті билік иесінің өзінің еркі де болмағанын ақын байқай білген. Қазақ қоғамына төбедегі ұлыққа жағының, төмендегі ұлыққа қамшы үйірген отаршыл патша үкіметінің қолшоқтары болған көлгір билік келді. Болыс дегені – елге болымстығы жоқ озбыр үкіметтің ойыншығына, би дегені – билігі жоқ тілемсек тоғызарға айналды. Отаршыл әкімшілік жүйесінің айтқанынан шықпаған би-болыстарға ел сенбеді. Сейдахметтің:

...Әділдік тура тартып бермеген соң,

Сайлайды біздің қазақ билі бекер – деуінің себебі осында

жатыр. Өз заманының «айнасы» болған Сейдахмет Бейсенұлының шығармашылығындағы осындай елшілдік ұран кейін ақынның өзі болашағынан көп үміт күткен Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығына ауысты. Әрине Сейдахмет қазақ халқын отаршылдықтан құтқарар «Алаш» партиясының бағдарламасын жасаған жоқ. Бұған оның мүмкіндігі келмейтіні де айқын. Бірақ ақын шығармалары өз заманындағы отаршылдық негізге сүйенген билік жүйесін әшкере етті. Елді бірлікке шақырып, татулыққа үндеді. Ресей империясы жүргізген саясаттың ұлтқа тигізген зардабын көрсетті. Бұл өз кезегінде ақын шығармашылығымен таныс болып, оны жете ұтыңған Ахмет, Міржақып сынды ұлт зиялыларының отаршылдық жүйеге деген көз қарасының қалыптасып, олардың саяси белсенділігінің тұтас ұлттық бірлік идеясына (Алаш идеясына) қарай бет бұруына өз да болса өз әсерін тигізгені айқын.

Торғай төңірегіндегі Алаш азаматтарымен пікірлес болған ақындардың бірі Иманқұлдың Әбдірахманы. Өзі Міржақып пен аталас туысқан елден шыққан. Ұлт азаттығын аңсап өткен, сол үшін құтын-сүргінге тап болған Иманқұлдың Әбдірахманы Ресей патшасының қазақтан майдан жұмысына адам алу туралы шыққан маусым жарлығына табанды қарсылық көрсетіп, 1916 жылы қыркүйек айында Торғай кентіне келген губернатор

«...өзінің өткізген жылында сөз сөйлеп, қара жұмысқа адам жинаудың заңсыздығын дәлелдеп берген болатын» [Торғай елі. Энциклопедия / Құрастыр. Т.Рсаев. – Алматы: Арыс, 2013. – 212 б.] Сол жылы тамыз айында С.Төкеұлы бастаған бір топ өкілмен бірге Орылбор қаласына өтпелі жылы ұлттың азаттық жайын 1916 жылғы көтерілістен кейінгі уақыттарда да өз отаршылдарының арқауы еткен. Зерттоуші Бектемісов Торғай селосының тұрғыны Габымжан Байғабдыловтан жазып алған Әбдірахманның өлеңі осыны дәлелдейді:

...Сахара шетте жатқан қазақ едік,
Айнала алты миллион аз-ақ едік.
Өнер-білім оқудан босқа қалып,
Мәдени болған жұртқа мазақ едік.

Қазақты жауыз патша надан қылды,
Өнерсіз құр семірген бодан қылды...

Төтеннің 1922 жылы жазған бұл өлеңіндегі айтқандары Ахмет Байтұрсынұлының өнерімен үндесіп жатқанын аңғару соншалық қиын емес. Ахаң «Қазақ» газетінде әкерткен мекәлелерінің бірінде: «Ұлт жұмысы – үлкен жұмыс, үлкен жұмысқа көп күшпен керек. ...Егерде оқу іздеген талапкерлеріміз ...дәлде қалып отырса, жұрт күткеннен көбісін маңдыр ма, жұмысшы көбісеме, жұрт жұмысы ігері басып өнер ме? ...» [«Қазақ» газеті, 1913 жылғы маусым саны, 10-бет].

Төтенің алаш болатын, Тұңғыш жалпы ұлттық «Қазақ» газетін шығарып, ұлттық тұтастық идеясымен ұсталған қайраткердің бұл пікіріне көзі ашық Әбдірахманда оң назарын септірген. Ақша осындай мқпал жасаған Ахмет Байтұрсынұлы Иманқұлдың Әбдірахманы өнерін өткен 1931 жылға дейін бірнеше рет қамауға алынған екен. Алғаш рет «өзін-өзі жою» идеясына басқару идеясын таратты, орыстар мен қазақтар арасында өшпенділік қоздыру идеясын айласты» деп айып тағылған Ахаң 1909 жылы 1 шілдеде губернатор Габымжан Байғабдыловтың бұйрығымен тұтқындалып, Семей түрмесіне қамауға отырады. 1910 жылдың 17 желтоқсанында қазақ облыстарынан шет жерге жер аудару туралы шешіммен осы жылғы 9 желтоқсанда Орылборға келіп, 1917 жылдың соңына дейін сонда тұрады. «Қазақ» газетіне қатынасы меніңсіз жаланың салдарынан бірнеше рет абақтыға қамалады. 1929 жылғы 1911-жылғы 10-шіңгіздік тікелей нұсқауымен Алаш қозғалысының қайраткерлеріне қарсы жүргізілген күшпен-сүргін кезінде 43 алаш қайраткерімен бірге Алматыда тұтқынға алынады.

Иманқұлдың Әбдірахманы жайлы тағы бір деректі қағыс қалдыруға болмайды. Ол өзінің 1917 жылғы резолюциядан кейінгі кезеңде Кеңестік идея үшін күрескендігі, Торғайдағы күшпен «Партизан сабы» атанған жерде Алашорда үкімімен өлім жазасына кестірілген 17 алаштың ішінде Әбдірахманның баласы Шарафидден мен етжақын туысқандары Шағымқұлдары (Сәкен, Мәһәди, Сейіткерей) болған. Әбдірахманның осы кезде шығарған өлеңі жеткілікті бар. Бірнеше нұсқасы сақталған. 1969 жылы Шыңғыз алуында тұратын Габымжан Әбдірахман Назарбек Бектемісов жазып алған нұсқасында мынадай жолдар

Тіліерім, баламен,
Кегін жаудан алам мен.
Ұлы Ленин ісі үшін,
Ақ таяққа сүйейін,
Қан майданға барам мен.
Айласы көп Алашты,
Табаным салам мен.
Бас батырды өлтірген,
Кім екенін табам мен.

Габымжан Байғабдыловтан жазып алынған екінші нұсқасында мұндай жолдар кездеспейді. Жалпылама мұндағы сарындағы жоқтау болып келеді. Бұл екі жоқтаудың қайсы құрыс, жеткізушілер тарапынан енгізілген өзгерістер бар ма әлде тұнжұса қалпыма,

революциядан кейінгі кезеңде Әбдірахманның Алашордада деген көзқарасы қандай бұл өлі де нақтылап зерттеуі қажет ететін мәселе.

Шығармаларындағы азаттық тақырыбы пен идеясы Алаш қайраткерлерімен үндес келетін Торғай ақындарының бірі – Файзолла Сатыбалдыұлы. Өмірінің соңына дейін қуғынға ұшыраған ақынның асаған арманы, көксеген мұраты – қазақ халқының бостандығы болды. Файзолла Сатыбалдыұлы Алаштың рухани басшыларының бірі Міржақыптың туған апасынан туған жиені болып келеді. Оның үстіне Ахмет Байтұрсынұлы, Ахмет Бірімжанов, Ахметсапа Юсупов т.б. Торғай өңірінен шыққан алаш азаматтарымен жақын дос болған ақынның ұлттың азаттығын аңсамауы мүмкін емес-ті. Содан да болар Файзолла шығармаларында ұлттың қалпын сақтау үшін Қазақ халқы өз алдына еркін ел болу керек деген идея жиі кездеседі. Өзінің «Халқыма» деген туындысында:

...Ей қазағым, кеңің тағдыр күрделі,
Сендей болсын-болса бір ұлт зерделі!
Құрбандығың болар едім жолыңда.

Ел болсаң сен-өз алдына іргелі! [Сатыбалдыұлы Ф. Шерлі

жылдар, шерулі жылдар. – Қостанай: Баспа үйі, 2004. – 34 б.] – деп жырлаған ақын 1928 жылы «Алашордашыл», «ұлтшыл ұйым мүшесі» деген айып тағылып, қамауға алынып, 1929 жылы 14 жылға сотталады. 1935 жылы 14 жылдық түрмеде отыру жазасы жер аударумен ауыстырылған Файзолла Сатыбалдыұлы өзінің туған жеріне 1946 жылы ғана оралған. Осылайша патша отаршылдарының зымиян саясатын көріп, одан кейінгі кезеңдерде кеңестік жүйенің қуғыннан көз ашпаған ақын қазақтың жеке дара мемлекет болмай еш еркендеп өспейтінін жақсы түсіген және сол жолда күрескен ел азаматтарымен бір жолда болғаны хақ. Бұл ақынның мына өлең шумақтарынан айқын байқалады:

...Саясат тұрса осылай болады бұл,
Қазақтың аты, азғы қалады түл.
Жеріңді алып оңдан соң тіндіді алып,
Бір заманда бұл қызыл қылады күл...

...Ел болмайжеке дара мемлекет,
Етпұлтқакелмекемесөм берекет.
Орыстың еш сәлде жоқ зымияндығы,
Ісіндетолықаттарыне бәлекет.

Қалайша тұра аламын жазбай мұны,
Еске ұста үйкен аға, кіші іні.
Ел болмайжеке, дара боданболған,
Еш ұлттың болған емес өмір құны...

Файзолла Сатыбалдыұлының шығармаларындағы азаттық идеясының осыншалық кеңінен өріс табуына оның алаш қайраткерлерімен тығыз араласуымен қатар замана ағымын айқын бағыттап отырған сауаттылығы да өз әсерін тигізген. Ақын өзі өмір сүрген кезеңдегі қазақтың жоғын жоқтаған «Қазақ», «Айқап» секілді газет-журналдарға өз пікірлерін жазып отырған. Бұған дәлел Файзолланың «Айқап» журналының белгілі авторларының бірі ретінде аталуы: «Сатыбалдин Файзолла (1883-1956) – ақын-ағартушы. Торғай облысы, Батпаққара өңірінде дүниеге келген. «Айқап» бетінде мақала-хабарларында оқу-ағарту, шаруашылық мәселелерін көтерген. Қуғын-сүргінді көп көрген» [Сұбханбердина Ү. Қазақ халқының атамұралары. Мазмұнданған библиографиялық көрсеткіш. – Алматы: ҚР ҒА М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты, 1999. – 85 б.]. Бір атап өтерлік жай Файзолла Сатыбалдыұлының шығармаларында ел үшін күйзелген ақынның жан айқайы жатса да, ол «жынап кетпес тоқтаусыз, әділ сөз қалмас құптаусыз» деп ешқашанда келешектен күдерін үзген емес. Бұл ұлттың еркіндігін тілеген ақынның қазақ халқына деген сенімі болса керек.

Қазақ халқының бостандығынан айырылуы 1731 жылы Әбілқайыр хан Ресей патшалығына бағынышты болып, оның қол астына кіргенінен басталса да, ұлттың толық

еркіндігіне түсуі ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде болатын. Осы кезеңде қазақ қоғамында өңірлік саяси-экономикалық жағдайлар қалыптасты. Соған орай ауыр жағдайға тап келген қазақ халқына өзін-өзі сақтау үшін күреске паныз қажеттілігі тұрды. Бұл күрес бұрынғыдай өңірлік қарушылық майданға шығу емес, өнер-білімді меңгеру арқылы ұлттың еркіндігін сақтап қалу болды. Осы жолда еңбек еткен Торғай ақындық мектебінің өкілдерінің бірі – Әлімғамбет Оспанұлы болады. Өз шығармаларындағы ағартушылық бағытты ұстанған Әлімғамбет қазақ ұлтының өткен күндердегі қараңғылығын сыныға алып елдің ендігі бостандығы оқыған өнер-білімді азаматтардың қолында екендігін айтады. Ақын өз өлеңдерінде «қараңғыда қармалып» жатқан қазақтың азаттығы үшін жас өспірім, өскен жас жастарды оқуға үгіттейді. Әлімғамбет Оспанұлының бұл ойы Ахметтің: «өкілдердің оқу-тәрбие жұмысы түзелмей, жұрт ісі түзелмейді. Оқу ісін түзеуге көп нәрсе керек, оның бізде бұл күнде бірі де жоқ. Ай мен күндей, әмбеге бірдей білім – көп өртенгендікі мүлік, онан сыбаға ала алғандар алып жатыр, ала алмағандар құр қалып жатыр. Құр қалып отырғанның бірі – біздің қазақ» [Байтұрсынұнов А. Ақжол. – Алматы: Жалын, 1991. 261 б.] – деп жазғанымен мазмұндас келеді.

...Сералин, Байтұрсынұнов, Дулатовтың,

Жаны ашып, жазған аусал жұмбағын шеш, – деп жырлаған ақын жастарға Мұхаммеджан Сералин, Ахмет Байтұрсынұнов, Міржақып Дулатов секілді алаш идеясының соңынан еріп, солардың ісін жалғастыруға кеңес береді. Әлімғамбет өзі де сол жолға қызмет атқарып, 1917 жылы Торғай өлкесінде Үшқарасу атты мекенде мектеп ашып, балаларды оқытқан. Бұл жайында 1917 жылдың 11 маусымында «Қазақ» Әлімғамбеттің өлеңіне де жарық көрген. Орынбордағы оқу бөлімінде арнайы бекітіліп «Бостандық» мектебінің ашылғандығы бұл мектепте ең алғаш рет Ахмет Байтұрсынұлы жасаған әліпбимен білім берілген Бостандық мектебі 1936 жылға дейін 4 кластық бастауыш мектеп, 1937 жылдан 7 кластық, 1958 жылы орта мектепке айналды. Бүгінде Қайыңкөк Жармағамбетовтің атындағы мектепке 100 талғанында ерекше атап оту керек. Мұның бәрінде мектепті ашып, Алаш идеясын оқу-білімге үндестірген Әлімғамбеттің еңбегі зор екенін ұмытпауымыз керек.

Азаттық идеясын ашып айтпаса да шығармаларында ұлт еркіндігі үшін күресудің идеяларын көрсеткен ақын «Алашордашыл», «ұлтшыл ұйым мүшесі», «саяси жауы» деген айыптармен қамалуға алынып, бірнеше мәрте қуғынға ұшыраған.

Түркілік ақындық мектебінің өскерушісі қалып келген өкілдерінің бірі – Уәли Баспақұлы. Түркілік ақынның басым көпшілігі белгісіз ақын азаттық жолындағы күресін 1916 жылғы үш ақындық қозғалысынан бастаған. Ақынның туысқаны Кәрібоз Қабакұлы көтерілістің қайырымды болса, туған бауыры Баспақұлы Бек көтерілісшілер құрамында болған. Азаттық жолындағы күресін сол уақыттан бастаған Уәли ақынның бірнеше шумақ өлеңдері ғана «Алаш» Торғайдағы ұлт-азаттық қозғалыстың басы-қасында жүрген көптеген азаматтар өмірінше Кеңестік жүйенің кесірінен қаза талқанда

...Ортадан от боп жанған өшті-ау жалын,

Дәриға-ай, айланамын елдің қалын.

Бір түрлі күннің хезін кір шалғандай,

Болап тұр біздің жұртқа арты жалын... – деп жырлаған

ақынның Ахмет, Міржақыптармен де пікірлес болғаны күмәнсыз. Оған Уәлінің Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлы қамауға алынған кезінде жазылған «Айдау көрді-ау мынамы» атты толғауы дәлел.

...Айдарлым түсті азапқа,

Болатын тұла қазаққа.

Ахметке қол салу –

Көрсеткен бізге мазақ па?!
Кетсем де белден тозағым,
Досыма қолды созымын.

Ахаң мен Жақан айдалды,

Кімнен мен сірә озамын.

Өзіме-өзім оқ аттым,
Өсекті қардай бораттым.
Осылай жүріп мен сорлы,

Абыройымды тонаттым... [Бектемісұлы Н. Ахмет ұшқан

алтын ұя. Астана: Елорда, 2001. -19 б.] Осы толғаудағы «айдарлым түсті азапка, болатын тұлға қазаққа» деген жолдардан-ақ ақынның елдің қамын ойлаған азаматтар үшін алаң болғанын көреміз.

Қазақ халқы Ресей патшалығына бодан болған 300 жылдық мерзімнің ішінде азаттық идеясын айтқан қаншама өлең-жырлар туған болатын. Олардың барлығында да қазақ деген халықтың қамын ойлаған ақындардың көкірек шері, өмір өксігі көрінеді. Бұл сол өлең-жырларды шығарған ақындар-жыраулардың ұлттың рухының, халықтың жанының еркіндігін сақтау жолындағы күресі, олардың жан айқайы. Біз қарастырған Торғай ақындық мектебінің өкілдерінің шығармаларындағы азаттық идеясының көрінісі сол мол мұрамың бір парасы. Аталған ақындық мектеп өкілдерінің осы өңірден шыққан Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Нұрғали, Нәзіпа Құлжановтар, Ахмет, Ғазымбек Бірімжановтар, Елдес Омаров, Сейдазым Кәдірбаев, Ахметсана Юсупов, Кәрім Тоқтабаев, Қазғеллі Қарпықов т.б. көптеген Алаш қайраткерлерімен пікірлес бодуы олардың шығармашылығындағы ұлт бірлігі, оның азаттығы жайындағы Алаш идеясының кеңінен еріс алуына мүмкіндік берді. Өздері де әдебиеттен айналысқан Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлының шығармалары қазақ әдебиеті тарихында ерекше орын алатын Алаш ұранды әдебиеттің дамуына өлшеусіз үлес қосты. Аталған екі тұлға жайлы кеңес үкіметі кезінде айтуға тиым салынғандықтан олардың шығармашылығын зерттеу кеш басталғаны белгілі. Тіпті қазақ тарихынан ойып тұрып орын алатын Ахмет Байтұрсынұлының «Мәдениет тарихы» сияқты еңбектерінің әлі күнге дейін табылмауы немесе тәуелсіздік алған жылдардан кейінде Міржақыптың өлеңдерін өзге ақындардың атынан жариялау бұл саладағы зерттеушілердің кемшілігін көрсетеді. Ахмет пен Міржақып жайындағы жұмыстардың деңгейі осындай болғанда, Торғай өңірінен шыққан басқа ақындардың шығармашылығы туралы сөз қозғаудың өзі қиындау. Олардың көптеген туындылары кеңестік жүйенің кесірінен жойылып кеткен немесе әлі де жарық көрмеген қалыпсыз қалтарыстарда жатыр. Дегенмен қолымызда бар осы туындылардың өзі аталған ақындардың азаттық үшін қандай жанкешті күрес жүргізгенін айқындап бере алады.

Әдебиеттер:

1. Бектемісұлы Н. Ахмет ұшқан алтын ұя. Астана: Елорда, 2001. -194 б
2. Қалиев А. Киселі сөздің ат байлары, Қостанай таны, 28 наурыз, 2014 жыл
3. Торғай елі. Энциклопедия / Құрастыр. Т.Рсаев. – Алматы: Арыс, 2013. – 212 б
4. Қазақ газеті. 1913 жыл/құраст: С.О. Смағұллова, Қ.Қ. Әнес, Т.А. Замзаева. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009.
5. Сатыбалдыұлы Ф. Шерлі жылдар, ізерулі жылдар. – Қостанай: Баспа үйі, 2004. – 34 б.
6. Сұбханбердина Ү. Қазақ халқының атамұралары. Мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш. – Алматы: ҚР ҒА М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты, 1999. – 85 б.
7. Оспанұлы Ә. Аманат. – Арқалық, 1993. - 13 б.
8. Байтұрсынов А. Ақжол. – Алматы: Жалын, 1991.- 261 б.

ҰЛТ ТАҒДЫРЫН ОЙЛАҒАН АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫ

Сапенов Қанат Мәрденұлы
Тарих пәнінің мұғалімі
«Жангелдин ауданының білім беру бөлімі
Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебі» КММ,
Қостанай облысы Жангелдин ауданы
Торғай селосы
Қазақстан Республикасы

Алаштың Елі - ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман – әлем елімізден терекесі тең қатыпса құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Алаш еліміз ғана еді. Ол арман – тұрмысы бақуатты, түтіні тузу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты Ел болу еді. Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік Ел елімізді қалыптастырдық, - деді Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Еуропа-Азия жолында.

Ата-бабаларымыз ғасырлар бойы аңсап-армандаған ел егемендігіне қол жеткізіп, өз елімізді дербес, Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің іргетасы қалана бастағанына биыл жиырма жетінші жыл. Бұл тарихи өлшем таразысына салғанда қас-қағым сәт көрінгенмен де, адам өмірінен салыстырып қарағанда сәуір уақыт. Осы мерзім ішінде халқымыздың ой-санаында да үлкен өзгерістер болуда. Ең бастысы, бірнеше ғасырға созылған отаршылдық елімізден қалыптан қалымызға сіңе бастаған құлдық психологиядан арылуға деген ниеттіліктің өзі үлкен жетістік. Соның нәтижесінде халқымыз ұлт ретінде өзін-өзі танып және мойнып, сонымен бірге жасампаздық қырымен сыртқы елдерге танылуға мүмкіндік туып отырғаны нақты шындық екені де рас. Қазақ жерін отарлау тарихында, Ресей империясының тегі қолтын ел болған емес. Осыған байланысты, қазақ тарихы, Ресейдің отарлық саясатына қарсы жүргізілген азаттық қозғалыстарына да толы. Солардың бірі «Алаш қозғалысы» деген атпен суырылып шығып, қазақ елінің болашағы үшін болған аса ірі оқиға ретінде, жадымызға сіңіп келе жатса, негізінен отаршылдыққа қарсы бағытталған осы қозғалыстың, қазақ жерінде болған басқа қозғалыстармен сәтсіз білік тұр. Себебі ол, өктем елдің қиянатына қарсы өлсіз елдің қару ұстанған қимылдан емес, ұлттық санаың оянуының қоғамдық көрінісін көрсеткен күннің бірімен ерекшеленеді. Алаш қозғалысының басқа қозғалыстардан басты ерекшелігі сол, ол-ұлттық болмыстың басымдықтарын сақтау және оларды заман талабына сәйкес етіп бейімдеу болатын. Алаш қозғалысы, осы ниет жолындағы күресінде, еліміз демократиялық партия мен ұлттық дербес мемлекет құру деңгейіне дейінгі заңғар шыққан көріне білді. XX ғасырдың басында қазақ жерінде іргелі біліммен құралған, ұлттың интеллигенция үлдеген, халқының мүддесін бірінші кезекке қойған әлеуметтік-саяси күш қалыптасты. Оның көшбасшысы-қазақ ұлттық элитасы-қазақ зиялыларының алғашқы ұжымы, қазақ қоғамының таңдаулы азаматтары болатын. Ғасырдың басында –ақ саяси күрес әдістерін меңгеріп үлгерген Алаш қозғалысы сол бір аумалы-төкпелі кезеңде өз халқының кезек құтқірмес мәселелерін терең біліп қана қоймай, оларды шешу жолдарын іздестірумен ерекшеленді. 1917 жылдың желтоқсанында құрылған Алаш орда үкіметі (индустриалды мазмұнының өзгесі де сол мақсат-мұраттарға негізделген еді. Өткен

ғасырдың бас кезіндегі Алаш зиялыларының атқарған қоғамдық-саяси қызметінің заңдылығы мынада:

-Екі ғасырға жуық уақыт бойы, Ресей отарына айналған Қазақстанның тәуелсіздігі жолында, ұлттың санасын оятуға топ болып кірісуді, осы Алаш зиялылары бастады;

-Осы топтың әрбір мүшесі, XX ғасырдың алғашқы үш онжылдығындағы неше түрлі тағдырлы оқиғалардың арасында бола жүріп, сан түрлі қиындықтың бәрін халқымен бірге көтерді.

-Қазақ халқының таңғажайып өнері мен ауызша айтудан бастау алатын тарихи білімнің өзін ғана, Еуропа танауға тиісті орасан зор жетістік екенін, көпшіліктен бұрын түсінген Алаш зиялылары болатын;

-Бағыстың демократиялық екінін сезінуге үндеп, болашақ қазақ зиялыларының жаңа сапаға көтерілуіне жол ашқан да, осы Алаш зиялылары болатын;

-Егер қазақ халқы, небәрі 70 жыл ішінде, суропалық білім алуға қол жеткізіп, өзінің өнері мен ғылымын бүкіл әлемге лаш ете алса, оны жылдамдатуға, Алаш зиялыларының еңбегі орасан зор;

-Ғасырлар бойы қолымыз жетпеген бүгінгі тәуелсіздікке қан төгіссіз не болсақ, осыған дейін халықтың ауырталығын мойнымен көтергендер-Алаш зиялылары болатын;

-Алаш зиялыларының ұлттық идеяларының өміршеңдігі, бүгінгі күні де маңызын жоймаған өзекті мәселенің бірі болып табылады.

Алаш зиялылары көтерген жалпы ұлттық идея түсінігі, ғасырлар бойы қазақ халқының қалыптастырған ділінің негізіндегі басқару құрылымын, батыстық демократиялық үлгідегі тәжірибеде саралқа салу арқылы орықтыру болып табылады. 1917 жылғы ақпан айының соңынан кейінгі оқиға желісі, үш жүз жылдай билік құрған Романовтар әулетінің құлауымен байланысты болатын. Алаш зиялыларының осы бір кезеңіндегі күрделі жағдайлардан туындаған болжау, тұжырымдау, шешімге келу сияқты ерекшеліктері өздерінің жекелік мүддесі емес, халықтың тағдыры қызықтырған адамгершілікке бағышталған асыл қасиеттері еді.

Алаш зиялылары өмір сүрген дәуірде, дәл бүгінгідей сауаттылық болмады. Ол заман, қалың көпшілік тарапынан, білімділердің аузына қараған заманы болды. Мұндай жағдайда, ел арасындағы бірен-саран оқыған, білімді адамдардың тұлғалы сипаттары өзінен-өзі дараланып тұратын. Оның есесіне Алаш зиялылары сияқты, өз дәуірінде оқыған адамдардың көбінің, орысша және латын тілінде хат тануының өзі, жүре келе, бірнеше тілде сөйлеп, ғылымның түрлі салаларымен айналасуына қол жеткізді. Алаш зиялыларының барлығы дерлік өз кәсібін мамандығының айналасында шектеліп қана қойған жоқ, сонымен қатар жазушы, ақын, ғалым, саясатші, ұлттың тарихы мен дәстүрін шексіз сүйген тұлғалар болды. Мәселен, инженер-теміржолшы Мұхамеджан Тынышпаев өзін көрнекті тарихшы, этнограф ретінде көрсетсе, Міржақып Дулатов –ақын, публицист, жазушы, драматург, педагог, қоғам қайраткері, Ахмет Байтұрсынұов –ақын, публицист, аудармашы, түркітанушы, қазақ халқының рухани көсемі, 1924 жылы араб графикасы негізінде қазақ алфавитін

күрделі жұмыс білді. Әлихан Бөкейханов қоғам қайраткері, публицист, ғалым болуымен бірге көпшілік фольклорын және эпосын зерттеуге арналған бірқатар еңбектерінің авторы еді, бірақ бірақ бірге орыс әдебиеті шығармаларын қазақ тіліне аударушы, қазақтың қой шыршылығы, жылқы шаруашылығы, ірі қара мал шаруашылығы туралы монографияның авторы ретінде өзінің таныта білді. Халел Досмұхамедұлы көрнекті дәрігер, фольклорист, жұртының, тарихшы бола жүріп, қазақ және орыс тілін былай қойғанда, көне түркі тілі мен орыс тілінде еркін сөйлеп, латын мен француз тілін жоғары дәрежеде меңгерген. Осындай «ар-абыр» жан-жақты білімділік сол кезеңдегі барлық Алаш зиялыларына тән сипат болғанын Мұның өзі халық ішіндегі тұлғалық дәрежелерінің жоғарылығын анық көрсетті.

Елдің халқының тарихында Алаш қайраткерлерінің апар орны ерекше. Олар өз ұлтының болашағы жолында басын бәйгеге тіккен, туған елін отаршылдықтың бұғауынан босатып, елдің еркіндігі мен еркіндігі құру жолында соңғы демі қалғанша күрескен озық ойлы, көзі ашық, өмірінің мінәсіз алды хаймақтары еді. Қазақ халқының тарихында азаттықты аңсап, өз елінің тәуелсіздігін қорғаған тарихи тұлғалар аз емес, дегенмен Алаш қайраткерлерінің өмірін айырмашылығы мен ерекшелігі бар. Бұған дейінгі бостандық үшін басын бәйгеге тіккен ұлы тұлғалар алға қойған максаттарын найзаның ұшымен, қылыштың жүзімен жүзгеніне қарағанда, ал Алаш қайраткерлері еркіндікті елдердің дәстүрімен күресті партия құрып, өзін өзімен жүргізді. Алаш партиясы ұлттық саяси күш ретінде Алашорда үкіметін құрып, өзін өзімен өкілеттенді. Алаш партиясының қарамастан, Алаш қайраткерлері елі мен жерінің, қазақ ұлтының еркіндігі үшін, оның жарқын болашағы үшін күресті. Олардың идеялық мұрасы саяси санасын негіздей, тәуелсіздік идеясын ту еткен бүгінгі ұрпаққа аманат, атқарған ерен істері өнегелі өнеге болып табылады. Алаш қайраткерлері өз заманында жасаған жоспар-бағдарлама үлгісін тәуелсіз қазақ елін басқару, дамытып- өркендетуге, яғни жаңа дәуірге лайықты жаңа Алаш қайраткерлері қазақ халқы толық тәуелсіздік алған жағдайда елді қалай басқару, дамыту, ішкі- сыртқы саясатты жүргізудегі және көрші мемлекеттермен жақсы қарым-қатынасты болу жолдарының бәрін нақты көрсетіп, белгілеп берген болатын. Алаш қайраткерлерінің сөздері халқымыздың жалында мәңгі сақталады. Ел тағдырының мәні өмірбаянда қол жеткізіп, тәуелсіз мемлекеттілікті сақтау болса, осы жолда қаншама алаш зиялылары тәуелсіздік үшін күрес жолын жаңа ашты. Көшпені еткен кесектік дәуірде тарихи өркенде жатқан қазақ елін жоққа шығаруға бағытталған әрекеттерге тойтарыс беріп, «өзінің жері» деген ұғымның сақталып қалу жолында ерен еңбектер атқарылды. Алаш зиялылары, Алаш қозғалысы әліде таразылайтын тың тақырып. Өміде оның қайраткерлері өмірлік ірі еңбегін болған жоқ. Алаш идеясын жүзеге асыруда оның көсемдері тың еңбегін, жаңа ұшыс берген, олар өз әрекеттері арқылы Алаш идеясының өміршеңдігі ұрпақтар сабақтастығында екенін ұғындырып кетті. Ұлттық тарихымызды өкелеп ұрпаққа өміршеңдігі, бүгінгідей тәуелсіз мемлекеттілігіміздің негізін қалау жолында күрес жүргізген Алаш қайраткерлерінің саяси-қоғамдық және мәдени-ағартушылық қызметтері, Алаш зиялыларының «Мәңгілік Ел» идеясымен сабақтастығын Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялаған күннен бері жүзеге асырып келеді. Ол қазақ халқының тарихи санасын қалыптастырып, дамытуға бағытталған. Осындай алғашқы қадамдардың қатарында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекара туралы» Заңын жатқуға болады. Бұл «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асырудағы басты нық қадам деп қабылдауымыз керек. «Мәңгілік Ел» идеясының келесі тұғыры, негізі- Елбасымыз үнемі айтып келе жатқан елдің ішкі тұрақтылығы, халықтардың өзара достығы мен татулығы, бір-біріне деген сыйластық қарым-қатынасы. Этнос және динарлық келісім мен татулық Қазақстан дамуының басты тұғыры. Тек тату, бірлігі жарасқан ел ғана алға қойған мақсат-мұраттарына жете алады. Алашорда идея қатысты адамдардың кейінгі тағдырлары оқалай қалыптасты. Бірақ олардың барлығы өзі өмірлерін түрмеде аяқтады. Олар өз қызметінің басты мұраты қазақ халқының ұлттық мүлдемалығын сақтау, сонымен бірге оның тарихи өткенін қалпына келтіріп, ұлттық сананы

шындау деп санаған. «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыратын және оны одан әрі дамытатын бүгінгі жастар. Жастар осы ұлттық идеяны жүзеге асыру үшін өз Отанын сүйетін ұлтқанды, патриот болулары керек. Патриотизм біздің қазақстандық жастар үшін, этностарды біріктіретін күш ретінде мойындалуы тиіс. Ел мәртебесіне, оның асқақтығы мен биіктігі, тұтастығы мен мызғымастығы тек әділеттілік пен өзара ынтымақтастық және сыйластық негізінде қол жеткізілуі тиіс деп ойлаймыз. Алаш идеясы — ұлтты біріктіруші, тұтастырушы идея ретінде қашан да қазақпен бірге жасады десек, онда сол орасан мақсатты орындау үшін қазақтың тілі мен мәдениеті, өнері мен әдебиеті, тарихы мен салт-дәстүрі, айналып келгенде, қазақты ел ететін, мемлекет ететін рухани олжасы Қазақстанда айрықша орынға ие болу керек. Сонда ғана ұлттығымызды әлемге әйгілейтін, жасампаздығымызды жаһанға жариялайтын тұрпатымыз бен тұлғамыз айқын көрінбек. Тағлымды істі аманат ретінде қабылдау — алаш баласының әуелгі қасиеті, дәстүрлі жоралғысы десек, Алаштың жолы, Алаш қайраткерлері қалыптастырған ұлттық санамызды жаңғырту сапары — бүгінгі тәуелсіздігімізді тұғырлы етер берік ұстанатындардың бірегей болатынын естен шығармағанымыз абзал.

Әдебиеттер:

1. Н. Ә. Назарбаев. Тарих толқында. Алматы Атамұра 2003ж.
2. Е.Тішев. Д. Қамзәбекұлы, Алаш қозғалысы. Алматы, Сардар баспа үйі. 2014ж.
3. Қазақстан тарихы әдістемелік журналы. 2009ж. №2,3 сандар.
4. Мәңгілік Ел Халықаралық ғылыми-көпшілік тарихи жур.

«АЛАШ КӨСЕМДЕРІ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ МЕН МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ»

Г.К.Сәрсекей Қостанай облысының әкімдігі мәдениет басқармасының «Торғайдың Жангелдин мұражайлар кешені» КММ-нің директоры

XX ғасырдың басында тарихи тамыры тереңде жатқан «Алаш» ұғымы жаңғырып, ұлт зиялыларының бастауымен қазақтың басын біріктіретін бостандық идеясына айналуы Алаш өкілдерінің мемлекет құру жолындағы ұлы жетістіктерінің бірі болды. Алаш қозғалысының мақсаты — саяси іс-шаралар арқылы еркіндікке қол жеткізіп, ұлттық мүддені қорғайтын мемлекет құру еді. Алаш қозғалысы өкілдерінің дүниетанымы барша қазақ елінің дүрлігіріп, тәуелсіз мемлекет құру идеясы жанданып, ел арасында қолдауға ие болды. Қазақ зиялыларының көш басында Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсын, Міржақып Дулат, Мұхаметжан Тынышбай, Халел Досмұханбет, Жағанша Досмұхамет, Мұстафа Шоқай, Шақарім Құдайбердіұлы, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабайлар болды. Қазақтың зиялылары Алаш идеясын тек қана туысқандықтың белгісі ретінде қолданбай, мемлекеттік идея дәрежесіне көтерге білді.

Бүгінгі мен айтқалы отырған Алаш көсемдері Торғай перзенттері, аттары алты Алашқа мәлім, түркі әлеміне мәшқұл болған А.Байтұрсынұлы мен М.Дулатұлы жайлы болмақ. Алаш көсемдерінің арасында, ұлттың қамын жеген А.Байтұрсынұлының қызметін айрықша

қарастыруға тиіс. Алаш ұлт-азаттық қозғалысы тарихында А.Байтұрсынұлының атқарған қызметі ерекше орынға ие. Алаш қайраткері, қазақтың жоғын жоқтап, қамын жеген ұлт қайраткері Ахмет қазақ ұлтына жаңын аямай қызмет қылды. Халықтың арын іздеп, өзінің өмірі үшін қол үшін бір басын байгеге тікті. Байтұрсынұлының саяси қызмет жолына түсуі 1905 жылы түс келеді. 1905 жылы Қоянды жәрмеңкесінде жазылып, 14500 адам қол қойған Қарқаровы петициясы (арыз-тілегі) авторларының бірі Байтұрсынұлы өзінің Қарқаровы петициясында жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне қазақ өкілінің мүддесіне сәйкес өзгерістер енгізу, ар-ождан бостандығы, дін ұстану еркіндігі, ақпараттық алаш шығару және баспахана ашуға рұқсат беру, күні өткен Дала срезесін қазақ өкілінің мүддесіне сәйкес өзгерістер енгізу, Семей түрмесіне жабылды. Онда қазақ даласына орыс шенеуніктерінің қолы аударуды үзілді-кесілді тоқтату талап етілген болатын. Сол кезден бастап жаңадан басталып алынған Байтұрсынұлы 1909 жылы 1 шілдеде губернатор Ермоловтың бұйрығымен тұтқындалып, Семей түрмесіне жабылды. Ресей ПМ-нің Ерекше Комиссиясы 1910 жылы 19 ақпанда Байтұрсынұлы қазақ облыстарынан тыс жерге жер аудару шешімі қабылдады. Осы шешімге сәйкес Байтұрсынұлы Орынборға 1910 жылы 9 наурызда келіп, 1917 жылдың соңына дейін сонда тұрды. Байтұрсынұлы Орынбор кезеңі оның қоғамдық-саяси қызметінің аса құнарлы шағы болды. Ол осы кезеңде 1913-1918 жылы өзінің ең жақын сенімді достары Әлихан, М.Дулатұлымен бірігіп, сондай-ақ қалың қазақ зиялыларының көмегімен «Алаш» сүйеніп, тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығарып тұрды. Газет қазақ халқының білімді игеруге шақырды. Байтұрсынұлының Орынбордағы өмірі мен қызметі Ресей үкіметінің қатаң жаңадан басталған бақылауында болды. Ол «Қазаққа» жабылған кезеңде жеті сандарының алғашына отырып шықты. Байтұрсынұлы 1917 жылы рев. өзгерістер меншіктері келіп, қазақ тарихында терең із қалдырған Қазақ съездері мен Қазақ Кеңесінің ірі саяси тарихи құбылыстың қалың ортасында жүрді, оларға тікелей араласып, «Қазақ» газеті арқылы саяси теориялық бағыт-бағдар беріп отырды.

Байтұрсынұлы Алаш шартына бағдарламасын даярлаған шағын топтың құрамында болды. Байтұрсынұлы мен Дулатұлы қазақ арасында бұрыннан келе жатқан ру — жузаралық қатынастың бипартиялы Алаш Орда үкіметінің құрамына саналы түрде еңбей қалды, бірақ өздерінің өзінше ұлттық мемлекеттік идеясын жасаушы топтың ішінде болғандығын білгендері бірі-біріне тағайындалды.

Алаш Орда құрымын бекіткен 2-жалпықазақ съезі Оқу-ағарту комиссиясын құрып, оның мүшесі болып Байтұрсынұлын бекітті. 1919 жылы наурызға дейін Алашорда үкіметінің Орталық кеңесінің мүшесі болды. Байтұрсынұлы 1919 жылы наурызда Алашорда ұлттық кеңесінің Мәскеуде Кеңес үкіметімен келіссөзге аттанды, осы жылғы шілдеде РКФСР Халық комиссарлар Кеңесі мен Қазақ әскери-революциялық комитеті төрағасының қарсыластары болып тағайындалды.

Байтұрсынұлының ықпалымен сәуірде Алашорда басшылары мен мүшелеріне Кеңес үкіметінің кешірімді жарияланды. Байтұрсынұлы бұл тарихи кезеңде «патшалардың төрінде» коммунистік, социалистік босағасында өлгенім артық» деген пікірде болды (ҚР ҰҚК архиві, 78754-ис, 6-т., 44-п). 1920 жылы В.И.Ленинге үкіметінің Қазақстанды басқару ісіндегі қиындықтарын қатаң сынға алған хатын жолдады. Қазревком мүшесі ретінде Кеңес үкіметінің Ресеймен шекарасының қалыптасу ісіне белсенді түрде араласты.^[1] Түркістан ОАК-нің 1919 ж. 27 тамызда Қостанай уезін Челябинск облысына қосу туралы шешіміне қарсы Б-тың жазған саяси наразылығы Қостанай уезін Қазақстан құрамына қалдыруға негіз болды. Ол 1920 ж. тамызда құрылған Қазақ АКСР-і үкіметінің құрамына

еніп, 1920–1921 жылы Қазақ АКСР-і халық ағарту комиссары қызметінде болды. 1922 жылы Әлхелік халық комиссариаты жанындағы Академиялық орталықтың, 1922–1925 жылы Халық ағарту комиссариаты ғылыми-әдеби комиссиясының, Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының төрағасы болып қызмет атқарды. Байтұрсынұлы түрлі мемлекеттік қызметке ат салыса жүріп, сонымен бір мезгілде өзінің жаны сүйген оқытушылық-ұстаздық жұмысынан да қол үзбеген.

Дана өз заманасынан озық туады, тозық елді озық етемін деп халқының алдына шығып, өрге сүйрейді, жолында тұрған кесіпаптарды өңменінен түйсейді. Ол отаршылдықтың өзбыр саясатына қарсы халықты ояту үшін халықты оқыту керек екенін түсінді. Осы жолда газет шығарып, макала жазып, ұйқыдағы ұлттың оятып, замана аңғарын түсіндірді, өлең жазып, мақсат-мүддесін танытты.

Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілік ұраны – «Қырғиқ мысал», «Маса»; «Қазақ» газетінің қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған хайраты, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын.

Оны бар ғұмырын адал қызмет етуге арнаған туған халқына жау етіп көрсетіп, «халық жауы» десе жалалы жамылғыны жауып, атқызды, атын атағандарды қуғынға салды. Ақынның алғашқы өлеңдері «Қырғиқ мысал» атты аударма жинағында 1909 ж. Санкт-Петербургте жарық көрді. Бұл кітабы арқылы қалың ұйқыда жатқан қараңғы елге жар салып, олардың ой-санасын оятуға бар жігер-қайратын, білімін жұмсайды. Ақын әрбір аудармасының соңына өзінің негізгі ойын, айтайлы деген түйінді мәселесін халқымыздың сол кездегі тұрмыс-тіршілігіне, мінезін, психологиясына сәйкес қосып отырған. 1911 жылы Орынборда жарық көрген «Маса» — Ахмет Байтұрсынұлының төл өлеңдерінің топтамасы... Халық тағдырына жаңы күйіп, оны ұйқысынан оятуға, серпілтіп, жігерлендіріп, алға жетелеуге күш салған азаматтың үні естіледі. Ол күрескен кесіпаптар — нанандық, қараңғылық, қертартпалық, отаршылдық, қазақ халқының тілі, діні, ділі. Осы негізге, қараңғы, ұйқыда жатқан халықты маса болып ызыңдап шағып оятуға бар күш-жігерін жұмсайды. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазуды 1910 жылдардан бастап қолға алады. Онымен қоса қазақ графикасын жасауға кіріседі. Қазақ графикасының негізіне қазақтың мәдени дүниесінде көп қасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтарды да пайдаланып отырғандықтан, туыстық, жақындық сипаты бар араб таңбаларын алады. Оны қазақ фонетикасына икемдейді, ол үшін қазақ дыбыстары жоқ таңбаларды алфавиттен шығарады, арабша таңбасы жоқ дыбыстарына таңба босады, қазақ тілінің жуанды - жіңішкелі үндестік заңына сай жазуға ыңғайлы дәйекші белгі жасайды. Сөйтіп, 24 таңбадан тұратын өзі «қазақ жазуы» деп, өзгелер «байтұрсынұв жазуы» деп атаған қазақтың ұлттық графикасын түзеді. Одан осы жазуды үйрететін әліпте жазды. Сөйтіп, оқу-ағарту идеясына сол кезіндегі интеллигенциясы жаппай мойын бұрды. Әрбір зиялы азамат халқына қара танытып, сауағын ашуды, ол әрекетті «Әліпте» құралдарын жазудан бастауды мақсат етті.

Сол 1911–1912 жылдары жасалып, Уфа, Орынбор қалаларының баспаханаларында жарық көрген. Ахмет Байтұрсынұлының әліппесі «Оқу құралы» деген атпен 1912–1925 жылдары арасында 7 рет қайта басылып, оқыту ісінде ұзақ әрі кең пайдаланылды. 1926 жылы ғылым «Әліп-биді» жаңа түрін жазды. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танып-танытудағы қызметі енді мектепте қазақ тілін лән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Осы тұста оның атақты «Тіл – құрал» атты үш бөлімнен тұратын, үш шағын кітап болып жарияланған оқулықтар жазылды. «Тіл-құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының іргетасы болып қаланды. Жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білу тарихымызда Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» мен «Тіл құралдарының» орны айрықша. Қазақ тіл білімінің ана тіліміздегі іргетас калаудағы Ахметтің тағы бір зор еңбегі - ғылымының осы саласының терминдерін жасауы.

Тілінің иық пен грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұстады. Оны күн қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, істеу, бастауып, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз деген сияқты сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы Ахмет Байтұрсынұлынікі. Бұлар не бұрынғы өңірліміз сөздің мғынасын жаңғырту арқылы, не жаңа тұрғаладағы сөз жасау арқылы түзілсе келген соны сөздер, сөтті шыққан атаулар екенің олардың күні бүгінге дейін өңірліміз келе жатқандығы. Халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап жарыққа шығаруда Байтұрсынұлы бір еңбек сіңірді. Әдебиет саласындағы алғашқы зерттеуі деп оның Қазақ халқының 1911 жылғы үш санында шыққан «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласын атауға болады. Онда қазақ халқының рухани өмірінде Абайдың аса ірі тұлаға екені, өмірбаяны, шығармаларының мазмұн тереңдігі, ақындық шеберлігі, поэтикасы, орыс әдебиетімен байланысы туралы ойлы пікірлер айтылған, ақын мұрасының эстетикалық мәні өңірліміз білінген. Қазақтың эпостық жыры «Ер Сайында» алғы сөз бен тұжырымдар жатып, оны 1923 ж. Мәскеуде шығарды. Қазақ ауыз әдебиетінде молынан жиналған аяқты-жырларын арнайы жүйелеп, сұрыптап, 1926 ж. «23 жоқтау» деген атпен өңірліміз етіп жариялады. Байтұрсынұлының қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиет теориясының негізін салуындағы еңбегі — «Әдебиет танытқыш» (1926). Мұнда көркем сөз теориясының, сыры, мазмұны, ерекшеліктері, жанрлары, жаңа терминдер, ұғымдар өңірліміз жақты зерттеулер, тұжырымдар сөз болды. Бұл еңбегінде Байтұрсынұлы ауыз әдебиеті мен жалпа әдебиеттің әлеуметтік, қоғамдық мәні-маңызын ашудағы ролін көрсетіп, эстетикалық өсімдік әуелің талдауға көбірек көңіл бөлген. Сондай-ақ мұнда өңірліміз әдебиетінің шымдыр, әдістер туралы ой-түйіндер айтылған. Кітаптың бірінші бөлімі «Өңірліміз тілінің ғылымы» деп аталады да, онда көркем сөздің толып жатқан қыры мен сыры, «өңірліміз тілінің тарихы, тіл әуелілігінің қыруар шарттары, «сөздің өлең болатын мәнісі», мәні айнықтар, шұмық түрлері», «тармақ түрлері», «бунақ буындары», «айқастығы» және сөздің Екінші бөлімі «Құра сөз бен дарынды сөз жүйесі» деп аталады да, көркем өңірліміз табиғаты, оның түрлері — шжіре, заман хат, өмірбаян, «мінездеме», тарихи өңірліміз «әліптеме, әліптеу тәртібі — мәнді әліптеме, сәнді әліптеме, жол әліптемесі, байырғы байымдау әдістері, түрлері — тәң, сын, шешен сөз, оның түрлері, саясат шешен сөзі, шешен шешен сөзі, уағыз көркем сөз» деп жүйелеп келіп, өңірліміз, романдық сипаттама түрінде Ішкілік өңірліміз дәуірі, онда шығарма түрлері» атты тарауы өте маңызды. Онда өңірліміз рәсімдері туралы шыншыл пікірлер нышаным кездестіруге болады.

Тарих ғылымы тарихтық, ұлт тағдырын, халық қамын жете ойлаған Алаш арыстары қызыл интеллигенция қыры қызылдық күресіп, тәуелсіздік үшін жандарын құрбан еткен болатын. А. Байтұрсынұлы оны «Алаш» партиясы басшыларының әрі көсемінің бірі болды. Қазақ АКСР-і құрылған соң ол үлгі қосты. Қазақ АКСР-і құрылған соң үкімет жұрмына кіріп, оқу-ағарту және ғылым ісіндегі еңбегі жүйелі істеді. А. Байтұрсынұлы тілтану мен әдебиет зерттеу саласында бірқатар еңбектер жазды. Қазақ жазуына реформа жүргізудің қағидаларын белгілеп, өңірліміз қала әліппесінің авторы атанды. Қазақ жазуына реформа жасаудың ол ұсынған жүйелі прогресшіл зиялылардың арасында қолдау тауып, 1924 жылы ресми түрде белгіленген 1929 жылы ешбір негізсіз тұтқындалып, түрмеде отырды, сонынан Түркістанға жігер аударылды. Алаш қозғалысының көсемі ретінде «халық жауы» деп өңірліміз А. Байтұрсынұлының есімі де, шығармалары да көпке дейін жұртшылық үшін жабық болды. Тек тәуелсіз Қазақстан жағдайында ғана ақынның шығармалары жарық көрді, құрбандары ерттеле бастады.

1937 жылы тұтқындалып, ату жазасына бұйырылды. 1988 жылы іхталып, қазіргі таңда жас ұрпаққа насихатталуда. Сұлтанмахмұт Торайғыров өңірліміз айтсақ «Басында ол қарағым тұр гой дайын, Тым ұзақ өмір берсін, бір құдайым. Дүниені Байтұрсынұв, Бексәханов, Білемін бұл үш ердің айтпай жайын. Кешегі қара күнде төңірліміз еді. Бірі күн, бірі Шолпан, бірі Айым! Солардан басқа кеше кім бар еді. Қазақ

үшін шам қылғам жүрек майын» бұл қазақтың айы болса, келесі күні болған қазақтың арысы Міржақып Дулатов. Алаш қайраткері М. Дулатұлының қазақ әдебиеті мен өнеріне қосқан үлесі Алаш идеологиясын қалыптастырушылардың бірі. 1913 жылы А. Байтұрсынұнов, Ә. Бөкейханов, М. Дулатұлылардың белсенділігімен «Қазақ» атты біресім газет шығарыла бастайды. Бұл газетте негізінен қазақ халқының қоғамдық мүдделерін көксеткен жер, оқу-ағарту, ұлт, дін сияқты маңызды мақалалар жарияланды. Сөйтіп «Қазақ» газеті қазақ зиялыларының басын біріктірді. «Қазақ» газеті арқылы «Алаш» партиясын дайындауда да елеулі жұмыстар атқарды. Қазақтың ұлт интеллигенттерінің алғашқы қаламы, қазақты біріктірудегі, көзін ашудағы, сана-сезімін оятудағы жұмыстар тікелей осы газет арқылы іске аса бастады. «Алаш» автономиясы мен Алашорда үкіметін құруда Міржақып Дулатұлы көп еңбек сіңірді. Сонымен қатар М. Дулатұлы – әдебиеттің әр түрлі жанрына қалам тартқан қаламгер. «Оян қазақ!» кітабынан бөлек, екінші өлең кітабы 1913 жылы Орынборда «Азамат» деген атпен жарыққа шығады. «Азамат» жинағына негізінен нәзік лиризм тән. Мұнда ақын адамның ішкі сезім-толғаныстарын, табиғаттың әсемдігін айшықты бедерлесуге ден қойған. «Мұң», «Сырым», «Арманым» өлеңдерінің осылай аталуларында да үлкен мән жатыр. Бұл өлеңдердің лирикалық кейіпкері – ел еркіндігін аңсаған, сол үшін құмырын арнаған күрескер жан. Міржақыптың үшінші өлеңдер жинағы – «Терме» 1915 жылы шыққан. Кітапта ағартушылық сарындағы бірсыпыра өлеңдерімен («Шәкірт») қатар «Оян, қазақ!» рухындағы туындылар да баршылық. Солардың ең елеулісі – «Елім-ай» өлеңі. Өлең, мәңгі ұмытылмас халық трагедиясының ескерткіші, әйгілі «Елім-айды» еске түсіреді. Осы айтылған үш кітапта да ақын өлеңдерінің басты тақырыбы – ел, жер тағдыры болды. Кітаптың негізгі мазмұны халықты оятуға, әділетсіздікпен күресуге шақырған өлеңдерден тұрады. Сол себепті де автор көп қудаланып, қуғынға ұшырайды.

М. Дулатұлының қазақ әдебиетінде роман жанрын дүниеге келтірген құнды шығармасы – «Бақытсыз Жамал». Бұл роман бірінші рет 1910 жылы Қазан қаласында басылып шығады, екінші рет 1914 жылы, үшінші рет 1991 жылы қазақ оқырмандарымен қайта қауышады.

Қазіргі таңда аудан орталығында Алаш арыстарына арналған Ахмет Байтұрсынұлы мен М. Дулатов мұражайы халыққа қызмет етіп, жас ұрпақты тәрбиелеп насихаттауда жұмыс атқаруда. Баяндамада айтылғандай қос арыстың еңбектерінің түп нұсқасы мен тұтыңған заттары мұражай жәдігерлерінің жауһарлары, халықтың мұрасы мен қазынасы. Атап айтсақ: Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлының тұтыңған заттары мен еңбектерінің түп нұсқаларын туыс-туғандарына арнайы барып жинақтап алып келуі. Ахаңның қос кітабы «Қырық мысал» (Қазан -1909ж), «Маса» (Орынбор, 1911 ж) кітаптары 1937 кигізте оралып жер астына көміліп, 1990 жылы қазып алынып мұражай қорына табыс еткен Смағұлов Ерден ақсақал. Тапсырушы естелігінде өктем Смағұл «балам Ахан халық жауы болуы мүмкін емес, түбі ақталады. Кезінде ақ көліңді елге алып келгенде қос кітапты сыйға тартып еді, осында болсын түбі ақталғанда осы жерден қазып аламын дегені». Аманатқа қиянат жасамайын деп мұражайға табыстап отырмын деген». Гүлнар апамыз қиын-қыстау кезінде әкесінің дұниалары мен қатар атасы Ахметтің 4-кітабының түп нұсқасын Орынбордан Москваға көшіп бара жатқан татар көршісіне аманаттап табыстаған. 52 жыл бойы аудармамен ақсыын төлеп отырып, 1990 жылы ғана Алматыға алып келіп, 1991 жылы Торғайдағы музейге табыстады. Бұл баға жетпес құнды жәдігерлерімізді ұрпаққа насихаттаудамыз. Сондай-ақ құнды жәдігерлердің бірі – жез леген, шифонер, ағаш диван, сағаты, журнал столы, патефоны болса, ал, Жахаң тұтыңған заттардың бірі – ас столы, тумбасы, қол жуғышы, шай абзелдері, кестелі аялас көрпесі, бұның бәрі шешеміз Гайнижамалдың төркінінен келген

құнды бөлек, әр жол –тайғақ кешу жылдарында қапаста отырып өзіне тіккен қазақы өкпесімен қызын шұғыясы мен қызы Гүлнарға жасаған фоторамасы, 10-жасында дүние салған баланы ілібіске жасатқан қайыстан жасап күміспен шекелеткен белбеуі, жолға үйренген партиясы мен Алаштың хейуана атанған Гүлнар апамыздың оранған жөртеті, Гайнижамалдың тұтыңған қолданысы мен қайшысы, балаларының шашын алған машинкасы мен оған қолданған жағасы- осының бәрі Гүлнар апамыздың мұражайға табыс еткен еңбектері.

Үлкенін мәңгіліктің облаған ұлы азаматтардың жүріп өткен жолын, ерлікке татырлық еңбегін ұмытпау - есі бар ұрпақтың жадынан шықпайтын қастерлі борышы деп білеміз.

Сілтемдер

1. Гүлнар Дулатова «Шыңлық шырағы», Алматы «Мектеп» 2013
2. А. Байтұрсынұнов «Ақжол», Алматы «Жалын» 1987 ж
3. П. Пышкышев «Үлағатты ұлт ұстазы», Алматы «Сардар» 2010 ж
4. Г. Гусенов, Д. Қамлабеқұлы «Алаш қозғалысы», Алматы «Сардар» 2014 ж
5. Әмірхан Абдуллин «Тарихи Торғай», Арқалық, 2014 ж.

Мазмұны

Алғы сөз.....	5
Сатыбалдиев Ерлан Әбенұлы Құттықтау сөзі.....	6
ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР.....	7
Даркенов Қ.Ғ-1937- жыл: Қазақ зиялыларының тағдыры мен қасіреті.....	7
Ісімақова.А.М - Алаш әдебиеттанушысы Міржақып Дулатұлы және тәуелсіздік идеясы	13
<i>Е.Тілешов</i> Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ ұлтшылдығының рухани көсемі.....	26
Дихан Қамзабекұлы Алаштың тұлғалары Алаштың Мырзағасы	30
<i>Жұбаева О. А.</i> Байтұрсынұлы еңбектері және қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттар.....	34
Имаханбет Р.С, Ахметтану мәселесі :өткені, бүгіні һәм келешегі.....	42
Ойсылбай А.Т, Алаш идеясы және Ахмет Байтұрсынұлы	49
Салқынбай А.Б. Ахмет Байтұрсынұлы тағылымы	54
Әбсадықов А.А. Әлихан Бөкейхан және Ахмет Байтұрсынұлы: қайраткерлік ғұмырнама айшықтары.....	60
Сағынтаев Б.Ж. Алаш ұранды әдебиет және Торғай ақындары шығармашылығындағы Алаш идеясы.....	67
Сапенов Қ.М. Ұлт тағдырын ойлаған Алаш зиялылары.....	75
Сәрсекей Г.Қ. Алаш көсемдері , Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлының қызметі.....	78